

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

МӘШҰР ТАҒЫЛЫМЫ

МӘШҰР - ЖҮСІГІ ТАҒЫЛЫМЫ

Павлодар

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Павлодар облысының әкімшілігі

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

*Dedicated to the 155th
anniversary of M. Zh. Kopeev*

МӘШҮР ТАҒЫЛЫМЫ

Жинақ

4-том

Павлодар
Кереку
2013

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

КБЖ 83. 3 (5 Қаз)

М 37

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік
кеңесімен баспаға ұсынылды

Рецензенттер:

Н. Қ. Жүсіпов – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университеті, қазақ филология кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, проф;

Қ. С. Ерғалиев – Павлодар мемлекеттік педагогикалық
институты, қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Ә. Д. Әмренов – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Құрастырушылар: А. Қ. Трушев., М. О. Оралова.

М 37 Мәшһүр тағылымы : жинақ / құраст. А. Қ. Трушев.,
М. О. Оралова. – Павлодар : Кереку, 2013. – 4 т. – 73 б.

«Мәшһүр тағылымы» – атты жинақта Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің
өмірі туралы зерттеп жазған ғалымдардың, жас мамандардың
жарияланған мақалалары, мұрағаттағы деректер, жадығаттар
жарияланды.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

КБЖ 83. 3 (5 Қаз)

© Трушев А. Қ., Оралова М. О., 2013

© С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2013

Материалдардың дұрыс болуына грамматикалық және
орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

АЛҒЫ СӨЗ

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ең алғаш шығармалары «Дала уалаяты» газетінде, «Айқап» журналында жариялана бастады. Жазғандары қазақ өмірінің түрлі кезеңдеріне арналады. Соның ішінде кәсіп мәселесі ерекше орын алады. Орыс мәдениетінен үйренетін жайттар көп екендігін айтады.

Мәшһүр-Жүсіп Абайды өзіне ұстаз тұтып, оның өлеңдерінен мысал алып, үлгі-өнеге қылып отырған. Жалпы, Мәшһүр-Жүсіп Абайдың үрім-бұтағын ата-тегіне өте жақсы білген. Шәкәрім қажы туралы жазғаны да қолжазбаларында кездеседі.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің ректоры Е. Арынның басшылығымен Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы құрылып, ақынның мол мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға енгізу мәселесі түпкілікті шешімін тапты.

Бүгінгі күнге орталықта Мәшһүр Жүсіп туралы әр жылдары жазылған жадығаттар жиыны жеті папка көлемінде болады. Бүгінгі күні осы жадығаттарды реттеп, бір жүйеге келтіріп, алдарыңызға «Мәшһүр тағылымы» деп аталатын мақалалар жинағының 4-томын ұсынып отырмыз.

Құрастырушылар: «Мәшһүр тағылымы» 4-томына Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмір деректеріне байланысты естеліктер мен мағлұматтар жиналды. Атап айтқанда Мәшһүр ағамыздың немересі Төлеубай Шәрәпиұлының қолжазбасынан естеліктер алынды, мәшһүртанушы, ф.ғ.д., профессор А. Қ. Трушевтың Мәшһүр Жүсіптің ғұмырнамасын жан-жақты ашып жазған еңбектері және тағы басқа мағлұматтар қамтылды.

Түйін. Келешекте бұларды теріп алып, жеке жинақ етіп шығару ойымызда бар. Сол сияқты, кезінде ақынды ақтап түрлі мекемелерге арнап жазылған хаттар да сақталған. «Мәшһүр тағылымы» – атты жинақ өзінің заңды жалғасын табатыны сөзсіз. Жоғарыдағы айтылған жайттарға қарағанда, болашақта жинақты жазылған мақалалардың мәні мен мазмұнына, мәтіннің сипатына қарай топтап, жүйелеу керектігі де еске алынатын болады.

I М-Ж. Көпеевтің ғылыми ғұмырнамасы

М-Ж. Көпеевті жете танып, зерттеу жұмысын жүргізу үшін ақын өмірбаянын білу өте маңызды. М-Ж. Көпеевтің өмірбаянына ғылыми тұрғыда әлі түсінік берілген жоқ. Әр түрлі әдебиеттерде туған, өлген жылдарынан әрі аспады. М-Ж. Көпеевтің өз тұтастарынан ілгері жағы өзінің өмірбаянын өзі жазып кеткендігі. Қолжазбада болсын, өлеңінде болсын әркез балалық, жігіттік, кәрілік уақытын қосып отырған.

Заты арғын, нәсілі қазақ, ұраны алаш,

Көпеев-фамилиясы, Мәшһүр Жүсіп – дейді бір сөзінде, ақын. М-Ж. Көпеевтің туған жылы күні-бүгінге дейін нақты жазылмай жүр.

Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев: (1857–1931) // «Қазақстан тарихы» [1, 581 б.], С. Мұқанов та (1857) жылы туған [2, 22 б.]; Т. Нұртазин (1857) жылы туған [3, 10 б.]; Б. Кенжебаев (1957–1931) [4, 57 б.]; сол сияқты 1976 жылғы оқулықта [5, 63 б.], 1957 жылы туған дейді. 1959 жылғы конференцияда М-Ж. Көпеевтің туған жылы туралы кәдімгідей талас туады. Жарыс сөзге шыққан Ш. Кәрібаев: «Х. Сүйіншәлиевтің «Известияға» бастырған бір мақаласында Мұрат, Балқы, Базар, Керделі, Әбубәкір – осылардың шәкірті Мәшһүр болды дейді. Меніңше, Мәшһүрге бұл қиянат. Мәшһүр Мұратқа шәкірт, Балқы Базар Мәшһүрге ұстаз болған жоқ. Әбубәкір 1858 жылы туып, 1930 жылы өлген» – дейді [6, 248 б.].

«Мәшһүрдің өмірбаяны жөнінде қосымша баяндамада аз ғана мәліметтер келтірілген. Баяндамада Мәшһүрді 1857 жылы туған дейді Меніңше, ол 1858 жылы туған. Туған жері Баянаулы дейді, олай емес, Мәшһүрдің өзінің айтуынша, Қызылтауда Назатас деген жерде туған екен. І. Жарылғапов жолдас Мәшһүр білімін көтеру жөнінде Орта Азияның бәрін аралады деді. Мұсылман фанатизмінің орталығы болған Самарқанд, Бұхара, Ташкент – бәрінде болды дегенді айтты. Біздегі мәлімет бойынша Мәшһүрдің үш рет ол жаққа барғаны рас. Ол 1880 жылдардың аяғы мен 1890 жылдардың ортасында Бұхарада болып, онда Ұлықбек медресесінде, Ташкентте болған. Мұсылманша ең жоғары білім алып шыққан деді, бұл туралы біз әлі ештеңе білмейміз» – деді [7, 249 б.]. Мұнда айтылып отырған қосымша баяндаманы І. Жарылғапов жасаған. Б. Кенжебаев: «І. Жарылғапов жолдас Мәшһүр Жүсіп туралы қосымша баяндама жасады. І. Жарылғапов өз пікірін дәлелдегенде Мәшһүрдің кітап болып басылған еңбектеріне сүйенбей, қолжазбаларына сүйенді» – дейді [8, 293 б.]. Демек, І. Жарылғапов М-Ж. Көпеевтің ғылыми

өмірбаянына алғашқы рет қалам сілтеген кісі болып шығады. Біз бұдан үш мәселені анықтаймыз. Бірінші, М-Ж. Көпеевтің туған жылының жаңсақтығын; екінші, туған жерін; үшінші, Орта Азияға барған сапарын. Бұл жадығаттар кейінгі зерттеулерде де ескерілмей қалған екен. Ш. Кәрібаевтің М-Ж. Көпеев 1958 жылы туған дегені дұрыс еді. Бірақ, тиянақты дәлелдің жоқтығынан кейінгі оқулықтарда 1957 жылы туған деп қате жазылды. Тіпті, М-Ж. Көпеевтің туған жылын «Қазақстан КП /6/ Орталық Комитетінің «Социалистік Қазақстан» газетінде» «Көпеев – ұлтшыл, діндар ақын» деген атпен жарияланған мақала туралы» 1952 жылғы 10 декабрьдегі қаулысында: «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің (1853–1931) творчествосы буржуазиялық ұлтшылдық пен діни мистицизм рухын өзек еткен», деп көрсетілді...» [9] қаулыда М-Ж. Көпеевті 1853 жылы туған деп өрескел қате жіберді. Ақынның туған күніне де мән берілмеушілік байқалды. Қалай болса, солай жаза салу ақынды бағаламау болып табылды. Қайым Мұқамедханов пен Қуандық Мәшһүр Жүсіп жазған «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы жөнінде» деген көлемді мақала бірден-бір М-Ж. Көпеевтің мұрасын зерттеу, әдеби шығармашылығын талдаудағы құнды жадығат болып табылады. Өлі де болса өз құндылығын жойған жоқ. Осы мақалада «М-Ж. Көпеев 1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған» – дейді [10, 174 б.]. У. Қалижан [11, 3 б.], С. Сүтжанов [12, 9 б.], [13, 4 б.], С. Көпеев [14, 132 б.] (ақынның үлкен ұлы Шәрәпиденнің баласы)

М-Ж. Көпеевтің өзі бұл турасында былай деп өлеңге қосады:

Қой жылы, жұма күні Қызылтауда,
Көріппіз туып сонда жалған жүзін.
немесе,

Қой жылы бала екенмін жерге түскен,
Кіндігім Қызылтауда Токтық кескен.

Мұндай нақты мысалдар М-Ж. Көпеевтің өлендерінде өте жиі ұшырасады. Және де әр уақытта қайталап, пысықтап жазып отырған. Оның себебін, келер ұрпақтың өзін іздейтінін, туған, өскен ортасы туралы жаңылып кетпесін деген ақынның тағы бір көрегендігі деп ұқтық. «Жылым – қой жасым биыл жетпіс үште», «Мәшһүр Жүсіптің жетпіс үш жасында сөйлеген сөзі» т. б. ғұмырнамалық деректік жадығат және бұл көптеген ақындарда кездесе бермейтін қасиет деп білеміз. М-Ж. Көпеевке жүгінсек, қой жылы тудым, туған жерім Қызылтауда дейді. Қой жылы ескіше күнтізбеде 1859 жылға келеді. Жылқы жылы 1858 жыл. Ал, Мәшһүр Жүсіптің қателесуі мүмкін емес. М-Ж. Көпеев 1931 жылы қой жылы, жұмаға қарай қайтыс болған.

Қайтыс болған жылында ешқандай күмән жоқ. 1931-ден 73-ті алып тастасақ 1958-ші жыл болып шығады. Онда қой жылы емес, жылқы жылы туған деп есептеледі. Қой жылы туғандығын ақын жоғарғы өлең жолдарында анық айтып өтеді. Қолда бар кестені қате деуге ешқандай негіз жоқ. Себебі, есеп бойынша ақынның қайтқан жылы 1931 қой жылына деп келеді. М-Ж. Көпеевтің өзі де: «Мың тоғыз жүз, міне, отыз бірінші жыл, Жылқы кетті, қой келді, мұны ырым қыл» – деп, жазады [15, 158 б.]. Расында да, жылқы жылы 1930 жылы да, келген қой жылы 1931 жылға (жылдың аты мен жыл саны) тура келеді. Ақын тағы бірде: «Атамыз берген екен әуел баста, Мектепке доңыз жылы дәл бес жаста» – дейді [15, 114 б.]. Доңыз жылы ақын 5 жаста болса, 1863 жылға тура келеді, онда ақынның туғаны 1858 жылқы жылы болады. М-Ж. Көпеев: «Жылым қой, тауық жылы мен үш жаста» – дейді [15, 109 б.] онда қой жылы – 1859 жыл да, тауық жылы – 1861 жыл, арасы 2 жыл, бұл жерде сәйкессіздік кездеседі. Ақын: «Қоян жыл. Елу жеті жасым үлкен» [15, 145 б.]. – дегенде 57 жасында 1915-ші жыл қоян жылына дәл келеді. 1858 жылға 57 жасты қоссақ та 1915-ші жыл шығады. Бұдан 57-ні алып тастасақ 1858 жыл ақынның туған жылқы жылына келеді.

Ақынның ұлы Әмін 1921 жылы қайтыс болғанда: «Қан түсті 63-те аяғыма, Оқ тиді дүзде жүрген саяғым» деген өлең жоқтауында М-Ж. Көпеев 63-те екендігін айтады [16] Онда ақын 1858 жылы туғанына күмән қалмайды. М-Ж. Көпеевтің 73 жасқа келіп қайтқаны анық, оны мына деректер де растайды: «Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасы қолжазбалар қорының № 850 папкасында аты-жөні белгісіз біреудің мынандай бір естелігіне көзіміз түсті: «Ажал жүр жағалап, қоймаймын деп, Шәрәпиден жүр бермеймін» деп. Азырақ-азырақ тынышсызданып жатқан кісідей болып жан тәсілім етті де, пысылдай ұйықтаған кісідей болды. 1931 – қой жылы, жұмаға қарай таңға жақын аяулы ақын, зерделі жинаушы, парасатты азамат жарық дүниемен біржолата қоштасты делініпті» [17]. Ақынның «Жылым қой тауық жылы мен үш жаста», «Атам берген екен әуел баста, Мектепке доңыз жылы дәл бес жаста» – деген өлең есептей келгенде де 1859 қой жылы туған болып шығады. Ж. Аймауытов Шымкенттен 1927 жылы хат жазады. М-Ж. Көпеев 1928 жылы бұл хатқа: «Тақымы үйренген ат ерте мінген, Қоян жыл, елу жеті жасымда өлген, Соған биыл болыпты тап он үш жыл ...» – деп жауап қайтарады. Ақынның бұл өлең жолдарын жоғарыда қайталадық «Қоян жылы. Елу жеті жасым үлкен» деген, сондықтан дәлел үшін: «Тақымым үйренген ат ерте мінген» – деген өлеңінің бір шумағы алынды. Соңғы жолы:

«Білте майым таусылып отым сөнген» – дейді ақын. Демек, ақынның хаттағы «Жер таянған, жетпіске Жүсіп келген» – дегені қуаты кетіп, аурып жүрген шағы болатын.

Ақын: «Соған биыл болыпты тап он үш жыл» – дейді, қоян жыл 1915 жыл екендігін де айттық. Оған 13-ті қоссақ, 1928 жыл ақынның Жүсіпбектің хатына жауап қайырған жылы болып шығады. Қоян жылы ақын 57-де екен. «Соған биыл болған тап он үш жыл» – дегендегі 13 жылды қоссақ 70 жасқа ақын даусыз келеді. 1928 жыл хат жазса, өзі 70-те болса, онда ақынның туған жылы 1858 болады. Енді, 1931 жылғы ақынның қайтқан жылынан 73 жасында дүниеден өтті деп есептесек 1858 жыл жылқы жылына келеді. Сол сияқты, қоян жылғы 57 жасымен есептесек 1858 жылы туған болады. 1921 жылы ұлы Әміннің қайтқан жылымен санасақ ақын 63-те екен, онда да 1858 жылы туған болып шығады. Біз жазып отырған 1928 жыл хатта «1927-інші жылда Шымкентте тұрған Жүсіпбек Аймауытовтан бір сәлем хат келгенде Мәшһүрдің өзі жер таянған жетпісте отырғанда соған қайырған жауабы» – депті. М-Ж. Көпеев 1927 жылы 69-да ғана болады екен. М-Ж. Көпеевтің «Жылым-қой, биыл жасым жетпіс үште» – деп 1931 жылы айтқан сөзі. Бұл М-Ж. Көпеевтің 1958 жылы туғанын бұлтартпайтын дерек. Сонымен, М-Ж. Көпеев 1857 жылы туды дейтін дереккөз сәйкес келмейді. Және де 1957 жылы ақын туды дейтін қисында келмейді. Екінші, біздің М-Ж. Көпеевтің өлеңі бойынша талдау жүргізгенде ақынның туған жылы тек қана 1958 жылқы жылына ғана сәйкес келеді. Тағы бірді-екілі жерде 1959 қой жылына да келіп қалатыны бар. Қой жылы тудым деп ақынның өзі тайға таңба салғандай қып айтып кетті. Онда неге «...Тауық жылы мен үш жаста», «Доңыз жылы ақын 5 жастамын» – деген өлең жолдары ғана есеп бойынша 1958 жылға сай келеді. М-Ж. Көпеевтің түйдей құрдасы, замандасы екеуінің дүниеден өткен жылы да бір салыстырып көрелік. Ш. Құдайбердиев:

Жылым-қой, жұлдызым-июль,
 Жасым-жеті жүз он жеті ай.
 Толық алпыс болады жыл
 Қосылса июнь, апрель, май.
 Қазақшалап есеп қылсам,
 Бесінші мүшелім-бұл сан ...– дейді.

Өлең 1919 жылы шыққан. Шәкәрім 60-қа тек жыл толғанда ғана толамын дейді. Онда Шәкәрім 1859 жылы туған болып шығады. 1858 жылдан 1919 жылға дейін тура 60 жыл. 60-ты 12 айға көбейткенде 720 ай болады. Шәкәрім июнь, апрель, май айларын қоспаған, сонда 717

ай болып шығады. Бұл арада Шәкәрім наурыз айын айтпай отыр. Ол түсінікті де себебі: март, апрель, май, июнь өлең ұйқасы үшін маусым айын Шәкәрім алдымен алып отыр. Бесінші мүшелім–деп отырғаны: ескіше бірден 13 жас, бір мүшел деп есептеледі де, 12 ай немесе 1 жыл қосылып отырады. Мысалы, 1858 жылдан 13 (бір мүшел), 1883 жылы 25 жаста 2-ші мүшел, 1895 жылы 37-де 3-ші мүшел, 1907 жылы 49-да 4-ші мүшел, 1919 жылы 61-ге толады. 3 айы: июнь, апрель, май жетпей отыр – 5-ші мүшел). Шәкәрімнің 5 мүшел деп айтқаны осы болар. Демек, М-Ж. Көпеевтің туған айы наурыз болуы. Қазақша жаңа жыл 22 наурыздан басталады. 1958 жыл 22-ші наурыз күн мен түн теңелгенге дейін, содан соң наурыздың 22-сінен 1859 жыл басталады. Григорьян календары бойынша бұл келмейді. М-Ж. Көпеев өзінің қой жылы тудым деуінің себебі осы. Ол да нақты туған күнінен жылын бастамаған, Жыл қосып барып, мүшелмен есептеген. Мысалы, Шәкәрім өзінің «Жасым жеті жүз он жеті ай» – дегенде тура 1858 жылдан емес, 1859 жылдан бастап, 1919 жыл кіре есептеген, сонда 720 ай шығады. М-Ж. Көпеев 1858 жылы арабша ережеп жұма күні бесін кезінде (Павлодар оясында) Баянауыл болысы, Қызылтау деген жерде дүниеге келген. Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. М-Ж. Көпеев «Еліміз Баян аула, Қызылтауда» – деп бостан босқа айтпаған. Сол сияқты «Мәшһүрдің өзінің айтуынша, Қызылтауда Найзатас қазір «Найзатас» деп айтып жүр – автор деген жерде туған екен деп айтады». «Найзатас» деген жерде дүниеге келеді». М-Ж. Көпеевтің шығармаларынан «Найзатас» деген жерде тудым деген сөзді ұшырата алмадық. Тек қана «Қызылтауды» ерекше жырлап өткен. Баянауылда әр тастардың өздерінің аттары болған: «Ақбеттау», «Үш шошақ», «Көгілдір тау», «Зенгір тас», «Күркетас», «Қойтас», «Серектас», «Көктас», «Аралтас», «Найзатас», «Ертас» т. б. Демек, М-Ж. Көпеевтің нақты туған жері Қызылтау екен. «Ер туған жеріне» демекші сол байдан ұлықсат алып Қызылтауға қайтып оралады» – деп жазды Көпей бабасы туралы С. Көбеев.

М-Ж. Көпеев «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген кітабында: «Мен өз атым Юсіп, қырық тоғыз жаста отырмын». (1858-ден 49-ды алсақ, 1907 жыл болады сол жылы кітабы Қазан қаласынан шықты-автор) Әкем аты Көпей жылы барыс еді. Бұрынғы заманда Ұлытаудан теріскей жағына қарай ағатұғын сайларды «Бесімнің бес» саласы деуші еді. Тірі күнде өзінің қоныс қылған жері болған үшін оның әкесі Тілеуімбет осы Тілеуімбет деген кісі он бес баласын соңынан ертіп алып қара қалмақ Қатысыпанмен соғысып он бес ұлдың ең үлкені Аспандай алдымен оққа ұшып, онан соңғысы Амантай о да оққа ұшып бірінен-бірі қалмаймыз деп бәрі сол жолы қырылған. Сонда

Орманшы Бөбке Тайлақтың Тайлағы батыр кісі екен. Қалмақтың қалың тобын қақ жарып кетіп: «он бестің үшеуін алып шығып, Сары сексен батыр астында Сары аты бар. Бір шөкіт түйені шөкімен алып шығыпты. Ол түйенің шөгінде бесік бар екен, кебеже бар екен. Бірінің аты Қойтан шөкті түйені алып қашып жүргені осы екі бала жау қолында деп бұларды жаудан айырып алу үшін түйені жетелей қашып келген қалмақтарды қайта қуып, сөйтіп құтқарған екен. Егер Тайлақ батыр мен Сексен батыр болмағанда Тілеуімбет деген кісіден тұқым қалмас керек. Сол Бесім деген кісіден асып өткен нәсілден келіп мен мұны сөйлеп тұрмын» – дейді. Н. Қ. Жүсіпов алғы сөзімен басылған «Сары арқаның кімдікі екендігі?». М-Ж.Көпеевтің ешқайда жарияланбаған қолжазбасының алғашқы нұсқасын жариялаған. 1907 жылы Қазан қаласында басылған нұсқасынан көп өзгешелік бар 1990 жылғы кітапта өлеңмен жазылған нұсқасы берілген ол мүлдем басқа «Қазақ әдебиеті» газетінде де басылды. М-Ж. Көпеевтің «Қазақ шежіресі» 1993 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Н. Қ. Жүсіпов: «Жанарыс-Қарақожа-Арғын-Құтан (Шежіреде, Көтеш ақында: Қотан) – Мейрам – Сүйіндік – Суғыншы – Шуманақ (Шоманақ) – Құлболды – Күлік – Тілеуімбет – Бесім – Ақжігіт – Сермұхаммед (Сермағамбет) – Көпжасар (Көпей Мәшһүр-Жүсіп, Мәшһүрден Жүсіп емес ол елге танымал деген сөз) қазіргі тұяғы Қуандық Пазылов ф.ғ.д. профессор. Бұл есеп бойынша, Мәшһүр – Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16 ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталды» – деп таратады.

«Шалқар» арабша графикамен басылған газетте М-Ж. Көпеевтің тағы да бір нұсқасы «Сары арқа кімдікі?» қалай басылса солай өзгертпей жазып отырмыз. «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деп жазылмаған. М-Ж. Көпеевтің 1907 жылғы нұсқасының аты дұрыс деп есептейміз. Бұл мақаланы газетке даярлаған Сәрсенбина. Б. деген. Бұл нұсқаның көп жері қысқартылған. Мысалы, М-Ж. Көпеевтің біз келтірген ата-бабасына қатысты жерлері мүлдем жоқ. Және де 1907 жылы біздегі қолда бар деректің аударылғаны да кейбір жағдайда өзгеше екендігін байқадық. Атап айтсақ, «Шалқар» газетіндегі нұсқада: «Ағыбайдың өзі – Аяз басқан деген асудың өдіне (өтіне) қарсы қыстап еді» –деп жазды. Ал, 1907 жылғы нұсқада: «Олжабай өзі Избушка деген асудың аузына қарсы қыстап еді» – дейді.

М-Ж. Көпеевтің үрім-бұтағы жөнінде «Отарқа» газетінде де жақсы жазылған. М-Ж. Көпеевтің өмірбаянына қатысты шежірені З. Ақышев та шежірені сызып көрсетті. Сызба кестеде: Жүсіпбек Аймауытовтың да ата тегі, ұлдары Бектұр, Жанақ көрсетілген.

Көпжасардың әкесі Сермағамбет 70 жасында Қызылтауда дүниеден өткен, сол жерге жерленген. Оның әкесі Ақжігіт 49 жасында Көкшетауда қайтты бұл турасында басында айтқанбыз. Ақжігіт сауықшыл, бірбеткей, турашыл адам болған. Ұлы аталары он алты ұлды Тілеуімбет батырлықпен, билікпен аты шыққан Қалмақтармен он алты баласын тастамай соғысыпты, жауын ойран қылып атағы ел ішіне жайылыпты – дейді Қазақ шежіресінде.

Күліктің ең үлкені Тілеуімбет,
Қайратты, қайсар екен қайтпаған б.
Бір өзінен он алты ұл туып-өсіп,
Соғысып, көп қалмақпен болыпты мерт.
Он алты ұлдың бәрін де қалмақ алған,
Мен өтірік айтпаймын сөзді жалған.
Бесім, Қойтан екеуі тірі қалып,
Мінекей, біз солардан нәсіл қалған – дейді екен ақын.

Жалпы, шежіре мен өлеңде айтылғандардың мазмұнында бөлендей айырмашылық жоқ. Бесім ұзақ уақыт Ұлытауда өмір сүрген. «Бесімнің бес саласы» деген жердің аты содан қалған. Көпжасар М-Ж. Көпеевтің айтуынша барыс жылы туған да барыс жылы 73 жасында дүниеден өткен. Алтай Қуандық елінде бір аухатты адамның керуен басы болып, ұзақ жыл еңбек еткен. М-Ж. Көпеев 18 жасына дейін 1876 тышқан жылы, екі жыл Әкімбектің аулында бала оқытады. Бұл 1874–1976 жылдары. 1875 жылы Қызылтауда бала оқытты дейді Ә. Пазылов. Әкімбектің берген еңбек ақысы, малдары жиналып 30-40 жетті дейді. Бұл малдан бір үйір жылқыны әкесіне береді. М-Ж.Көпеев былай дейді:

Әкімбек жақсы күтті, күрмет етіп,
Әкеме беріп дүние, сыйлап күтіп...

Олай болса, 1876 жылы Көпжасар тірі. Барыс жылы әкем қайтты дейді ақын. 1876 тышқан жылы да екі жылдан кейін тура барыс жылына келеді. Бұл – 1878 жыл. 73 жасында әкем қайтты десе, 1878 жылдан 73-ті алып тастасақ 1805-ші жыл сиыр жылына келеді екен, мүшелмен есептегенде барыс жылына 1806 тұс келеді. Көпжасар 1806 барыс жылы дүниеге келген болады. 1878 жылы (барыс жылы) өмірден озған болады. Ақынның немересі Көпеев Сүйіндік Шәрәпиденұлы, атасы М-Ж. Көпеевтің айтқанын жадына сақтап қалған, былай деп есіне алады: «– Әкем Көпей (Көпжасар) 73 жасында, барыс жылы дүние салып, Баян қалашығындағы «Көп жатақ» атты ауылдың зиратына жерленген еді. Момын, жас кезінде керуен басшысы болған. Кейіннен сопы атанып, бар арманы мені оқыту болды. Сол себепті әулиелі

Қызылтауды тастап, Баян қалашығына көшіп келген, – отырады екен» [18, 10 б.]. Көпеев Сүйіндік ақсақал: «Енді бір ауыз сөз Көпей бабамыздың туған, қайтыс болған жылы туралы Мәшһүрдің: «Әкімбек он алтым да алып кетті, Жалғызы Қабылбекке ұстаз етті», – деп келетін өлең жолдары бар. Міне, Мәшһүрдің туған жылы 1858 жыл. Ол әкесі «елулерге аяқ басқан кезінде туыппын» деп отырады екен. Сонда Көпей 1808–1810 жылдары туған болар еді де, ал дүние салған жылы Мәшһүрдің жиырмаларға аяқ басқан 1878–80 жылға келеді. Өйткені, Мәшһүр тағы да «Тілеуімбеттен бергі аталарымыздың жетпістен асып дүние салғаны Көпей әкеміз ғана деп айтады екен». Әрине, ол анықтай түсуді қажет етеді» [19]. Бұдан шығатын қорытынды, 1858 жылы Мәшһүр-Жүсіп туған. Содан бастап жыл қуып санасақ тура 51 жыл болады. Мәшһүр-Жүсіптің әкеміздің 50-ге аяқ басқанда мен дүниеге келіпін дегенін есептегенде 1858 жылдан, 1806 жылға дейін тура 51 жыл толады. 13 мүшелмен есептегенде 1806 жыл шыға келеді. Бұл жыл барыс жылы, Көпейдің туған жылы. Дүниеден өткен жылы Мәшһүр-Жүсіптің 20-ға аяқ басқан жылы дейді өзінің естелігінде С. Көпеев. Демек, 1878 жылы қайтқаны сәйкес келеді.

Н. Қ. Жүсіпов: «Мәшһүр-Жүсіптің алтыншы атасы Тілеуімбет 14 ұлымен (шежіреде 16 ұлымен) бірге қара қалмақ Қатысыбанмен соғыс кезінде өлгені, ал бесінші атасы, яғни Тілеуімбет ұлы Бесімнің қартайып өліп, оның денесі Ұлытаудың «Бесімнің бес саласы» атанған теріскей бетіне Тілеуқабыл асуының бас жағына қойылғаны, сондай-ақ Бесімұлы Ақжігіт абыздың 49 жасында қайтыс болып, Көкшетау баурында Шүртік Қарағай-Қыздың қарасуы деген жерге жерленгені туралы деректер де сол жазбаларда орын алған. Ал, Ақжігіт ұлы Сермұхаммедке оның 70-тен асып, Қызылтауға, ал Сермұхаммед ұлы Көпжасардың (Көпейдің) 73-ке келіп, Баянда жерленгені де кезең тарихын ашарлық құнды деректер дегіміз келеді» - деген [20, 14 б.]. Бұл дерек те Көпей ақсақал туралы көптеген жайттардың бетін ашады. Көпей (Көпжасар) жөнінде мына жадығатты құнды деп есептейміз. С. Көпеев Төлеубайдан естігенін былай хатқа түсіріпті: «Ертеңгілік Мәшһүр атам жанына бір топ адам ертіп зират басына келді. Денесінің ауырлап кеткен шағы еді, орта торы атын дара жектіріп өзі трәшпенке үстіне отырып дұға етті. Зират шеткерілеу, тас қоршауға жақын еді. – Тұрымтай тұсында дегендей заман болып барады. Бұдан былай Көпей әкем басына келіп дұға етіп тұруға жағдай бола ма, болмай ма – ол болжамсыз. Көзімнің тірісінде мына немерем (Мәшһүр-Жүсіптің үлкен ұлы Шәрәпи осы – Шәрәпидің үлкен ұлы Төлеубай) 1917 жылы туған, Мәшһүр-Жүсіп көзіндей көріп, соңынан ерткен бел немересі-автор»

бар және сіздерге әкейдің зиратын көрсетіп қоюға ниет етіп отырмын. Бірде болмаса біреулеріңнің назарларыңда болар деген ойдамын», – депті [21]. Мәшһүр-Жүсіптің бұл айтқаны 1928 жыл екен. Расында Мәшһүр-Жүсіп әкесінің басына қайтып оралған емес, біріншіден ел ішінде қилы оқиғалар болып, арты аштыққа ұласты, оның үстіне Мәшһүр-Жүсіп денесі ауырлап үйде отырып қалды. Қазір «Көпей зираты» – деген басында тас қойылған тағы бір «Жалған зират» тұр дейді С. Көпеев. (Сүйіндік М-Ж. Көпеевтің Шәрәпиденнен туған ең кіші ұлы-автор). Мінекей, Көпейдің өміріне қатысты бір деректер осындай. 1861 тауық жылы М-Ж. Көпеевтің үш жасында әкесі Көпей Қызылтаудан көшіп Қызылағаш, Бұзауасты қыстаған. Баласының білім алуын ерте ойлаған әке тауық жылы 1861 жылдары баласы үшін мешіт күзетсем де деген оймен үй салады:

Тауық жылы салам деп бастаған үй,

Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл бітті – дейді М-Ж. Көпеев.

Баянда жатақтың өмір кештік дейді бір өлеңінде М-Ж. Көпеев. «Сол себепті әулие Қызылтауды тастап, Баян қалашығына көшіп келген» – дейді ақынның немересі С. Көпеев. Әкесі түрікше хат таныған, ескіше сауатты, көкірек көзі ашық адам болған. М-Ж. Көпеевтің өзі бұл турасында былай дейді

Бар еді үш кітабы жазба түркі,

Белгілі жұртқа мағұлым дінге беркі...

Күндіз-түні жалықпастан оқушы еді

Зүбдатіл Масайлыны бізден сұрап

Сөйтіп, әкесінің білімге құштарлығын еске алады. Бала үшін ноғайларға жалданып жұмыс істеп, баласына ескі, жырттық «Мұхаммедия» алып беріпті. Осының бәрі – бала Мәшһүр-Жүсіптің ойында қалыпты. Үш теңгеге сатып әперген «Мұқтасардың» өзін кастерлеп ұстап, оқыған Мәшһүр-Жүсіп кейіннен Рабғұзидің «Қиссасу-л әнбиясын» оқығанда бұл кітапты жас кезінде оқи алмағанына қатты өкінеді. Өйткені ол кезде бір құран 15 қой немесе бір аттың құны, «Әптиек» қозылы қой, бес құранды бастыру үшін бір бойдақ қой керек.

1863 доңыз жылы М-Ж. Көпеевтің әкесі мектепке білім алуға береді:

Атамыз берген екен әуел баста,

Мектепке доңыз жылы дәл бес жаста.

«Ысмайыл Қызылағаш» деген жерде

Бес шақырым жерде ауыл: «Бұзауаста» – дейді ақын.

Бұдан кейін Баянауылда Байжан Смағұлдың медресесінде

дәріс алуға отырады. Нәжімеддин қазірет өте білімді адам болған. Тіпті, М-Ж. Көпеевтің өзін білімі үшін еркелетіп «Бұхарлығым» деп отырады екен. Бір қыс Баянда пәтер жалдап, қыстап шығады. Сәтқожа молдалық құрып, дүкен ұстайды екен. М-Ж. Көпеевтің аулы Бұзауақта отырады. Мектепке әкесінің қалай алып келгенін бала Мәшһүр-Жүсіп былай өлеңге қосады:

Атамыз дін жолында белін буды,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.
Көшенің қақ басынан қуғанынан,
Жеткенше медресеге атпен қуды.

Көше /Байжан қазірет/ көшесі деп аталады екен. Ауыл балалары емес пе, алысады, жұлысады «Түйбас» ойын қылып жас Мәшһүр Жүсіпті жабылып ұрады екен. 1864 тышқан жылы Жүсіп 6 жасында Шөкел ұғлы Дүржанбай халфеден білім алып «Шығыс әдебиетінің» небір қызық жайттарымен танысады. Ауыз әдебиетінің үлгілерін ертегі, жырларды жатқа біліп, ел ішінде айтып жүреді. 1865 сиыр жылы Жүсіп 7 жасқа толады. Қызылтауда тұрған Төртулы халфе Орманшы Қожан дегеннен де дәріс алады.

Моласы – Дүржанбай, халфе-салпе,
Оларды біз тауыстық гөй-гөй күйін – дейді.

Бес жасынан оқуға келген Жүсіп 6 жасында «Шар кітабын» тауысып, араб, парсы тілдерін меңгеріп шығады. Өзі зерек, суырып салма ақын, талантты бала өзге балалардың алдына түсіп, көзге ерте ілінеді. Бұл өзімен бірге оқыған балаларға ұнамайды. Олардың Жүсіпке тағатын кінәсі сен берген тапсырманы тез орындайсың біз үлгермейміз деп зар жылайды екен. Анда-санда Жүсіпке «Ақ түйебас» ойын жасап қоятын болған. Өзі турасында М-Ж. Көпеев:

Сабақ білмей, болмаса ойын ойнап,
Мен таяқты молдадан жеген емен – дейді.

5 жасынан екі жыл Баянда 1863–1865 жылдары оқып, одан кейін бір жыл Қызылтауда 1865–1866 жылдары болып, «Шар» кітапты жатқа соғып, оған өзі де өлең қосып, ел ішінде ақын бала атанады.

Шар кітап алты жаста ұстағаным,
Сол күнде өлең жаттап қостағаным,
Екі жыл Баян, бір жыл Қызылтауда,

Үш жылдай, түнеп түзге қыстағаным – деп жырлады балалық кезеңі туралы М-Ж. Көпеев.

1861 тауық жылғы жұттың да тауқыметін көрген Мәшһүр-Жүсіптің көкірек көзі оянады. Өз құрбыластарынан оқ бойы озып кетеді. 1866 жылдың аяғында М-Ж. Көпеев Баянаулаға оқуға қайта

келеді. Мәшһүр-Жүсіптің бұл кезде жасы 8-ге толады. Баян жаққа келген қазірет, Мерген Жақып дегеннің үйінде пәтер жалдап тұрады. Халфенің бәйбішесі Бибі оқыған білімді адам болады. М-Ж. Көпеев бұл турасында:

Халфені Бибісінен сабақ алып,
Өткіздік өмір сонда ала қыстай – деп еске алады.

59 жастағы халфенің Бибісінен 19 жастағы бір ұл, 9 жастағы бір қыз ғана бар екен. Бала Жүсіппен төрт жан бірге тұрады. Жастайынан білім қуған бала Жүсіп халфенің де, Бибінің де алдында өз білгенін білім кернеп айтып қалып отырады. Бидан (Бибі) ғылымның 12 пәнін меңгерген, сондықтан да жастарға дәріс берген. Бұл орайда, Мәшһүр-Жүсіп:

Ғылымның он екі пән өзі білген,
Кісі еді, сөзге ұста, шешен тілді.

Айтқанын доптай қағып түсірмейтін,

Алдына дәл өзіндей бала келген – деп, Бибінің ақылын, білімдарлығын асыра мақтайды, бағалай біледі. Бұл Жүсіптің көңіліне үлкен ой салады. Құтболды, Фазыл, Мағзұм үшеуі бір жыл қыстай осы үйде оқып шығады. Н.Қ.Жүсіпов: «Мәшһүр-Жүсіп 8 жасында Камаридден хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бұхарай-Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрсынбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Камаридденнің шығыс мәдениетін, қазақтың ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы бәрі-болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Камаридден хазірет ала келген: «Қозы көрпеш Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» т. б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы мен Мәшһүр Жүсіптің 8 жасынан бастап-ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастағанын дәлелдейді» – деп жазды.

М-Ж. Көпеев 8-ден 9-ға қараған жасында күллі Баян еліне өлеңші бала атанды. Бұл сөз Мұса Шорманға да жетті. Кезінде, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен бірге оқыған Жаяу Мұсаның: «Шорманның Мұстафасы атымды алып, атандым сол себепті Жаяу Мұса» дейтін Шорман бидің бір баласы Мұстафа осы Мұстафа. Мұса Шорман үш жұрттың тілін білген (қазақ, орыс, француз тілдерін). «Үш тіл білген адам басқадан үш елі биік тұрады» дейді екен Мұса. Шорман би өлгенде Мұса ұзақ жоқтау шығарыпты. «Оның «Қисса Мұса мырза» атты 38 беттік жоқтауы Қазан университетінің Н. И. Лобочевский атындағы

ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақталған». Мұса Шорманов 16 жасынан Ақкелін болысының старшыны болып 18 жыл 1853 жылға дейін атқарған. 1853 жылдан, 1868 жылға дейін 15 жыл Баянауыл дуанның аға сұлтаны болған. Мұсаның тұңғыш ұлы Садуақас Шорманов. Мұса Шормановтың туған жиені Шоқан Уәлиханов, Шорманың қызы Зейнеп Шоқанның анасы Шыңғыс төре Уәлихановтың зайыбы, Мұсаның туған жездесі. Шоқанның оқуына көп жағдай жасаған. Мұса Шорман полковник атағымен 1819–1885 жылы дүниеден озды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Мұса өліміне қатты қайғырып 345 жолдық жоқтау шығарған. Бұл жоқтауды алғашқы рет тауып, оқырманға таныстырған Мұздыбай Бейсенбаев Семей, Абай мұражайының қызметкері. Жоқтау «Боздағым» деген кітабына, кейіннен «Сарыарқа самалы» газетінде басылды. Жоқтау қолжазба күйінде Ленинград (Санкт-Петербург) қаласында Березин архивінде сақталған. Мұса 1885 жылы 66 жасында Омбы қаласында қайтыс болды. Мәшһүр-Жүсіп жоқтауда:

Мұса бала атанып он үште орын сайлаған,

Бас қосылған жиында бұлбұлдай болып сайраған – деп, Мұсаның халқына жасаған бар жақсылығын паш етеді, қатты егіледі. Зиялы Еуропаша оқығаны бар Мұса, М-Ж. Көпеевтің өлең өнері жолында тұсауын кесіп, Мәшһүр деген айдар таққан:

– Мынау Мәшһүр болатын бала екен! – дейді.

Аяумен мейірі түсіп, бұлайша айтты:

Балаңа мұнан былай үкі тақ – деп, М-Ж. Көпеев өз өлең жолдарында осылай есіне алады. Содан кейін барып, хазіреті бәйбішесі Бибі Мариям 9 жастағы жалғыз қызының басындағы шок үкіден бір тал шоғын алып Жүсіптің бас киіміне тағады. Сөйтіп, үкіні Мұса Шорманұлы таққызған, үкі таққан Ғабдолла, халфе қызы Бибі Мариям екен. 9 жасында Жүсіп, Мәшһүр «танымал, әйгілі» атанады. Бұл 1867 жыл, Мұса Шормановтың аға сұлтандығы дәуірлеп, өзінің әмірі жүріп тұрған кез еді.

Жиырма тоғыз жасында аға сұлтан болғаны,

Құдай берген дәулетке толқып әбден толғаны – дейді. М-Ж. Көпеев жоқтауда. Бұндай сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті.

1867 жылы Қазірет Баяннан елге үйіне көшеді. Шорманның Мұстафасы Жүніс деген молда ұстап балаларын оқытады екен. Ақынның: «Мәшһүрдің жас шамасы тоғыз кезі» – дейтін мерзімі осы уақыт. Жүністің 10 жастағы бір ұлы және қызы бар екен, және Мұстафаның, Мұсаның балалары бар бәрі бірге оқиды, дүниенің оқуын тауысып, өзі білгір бала М-Ж. Көпеев олардан тағы да көш ілгері

кетеді. Мәшһүр-Жүсіпке сен көп білесің деп балалар маза бермейді. Тек қана Ақбура деген қазіреттің жалшысы ғана М-Ж. Көпеевті қорғаштап, әлгілердің озбырлығынан қорғап жүреді. М-Ж. Көпеев:

Қазіреттің үйі жүдеуменен,

Сол ауылда өткіздік екі-үш жазда – дегеніне қарағанда 1867 жылдан бастап М-Ж. Көпеев, 1873 жылға дейін әр-жерде білім алып, 15 жасқа дейін болады.

Кеудеге он бес жаста ғылым қонды,

Толумен тасып кетіп өлең қонды – дейді екен.

Мәшһүр-Жүсіп. 1874 ит жылы М-Ж. Көпеевті Әкімбек болыс баласын оқыту үшін арнайы келіп алып кетеді. Жас Мәшһүр-Жүсіптің ұстаздық жолы басталады.

Әкімбек он алтымда алып кетті,

Жалғызы Қалибекке ұстаз етті – дейтіні ақынның сондықтан.

Екі жыл Әкімбекте бала оқытып,

Он сегіз бұрып сонда, жеттім жасқа.

Демек, 1874 ит жылынан, 1877 жылға дейін Мәшһүр-Жүсіп ұстаздық етіп бала оқытады. Мәшһүр-Жүсіптің еңбек ақысына Ақша көлдің жайлауына әкесіне бір үйір жылқы беріп бақтырады, жұмыс тауып береді. Екі-үш жылдағы малдары 30–40-қа жетіп жығылады. Көк қасқа айғыр үйір жылқы болып, Мәшһүр-Жүсіптің еңбегі өсіп, малды болады. Бірақ, Мәшһүр-Жүсіп байлыққа, малға қызықпады, қарамады. Білімін тағы да жалғастыруды арман етті. Бұл аралықта 1873-тің жазында 15 жасында Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Түркістан, Ташкент сапарына жолға шығады. Бұл сапарын:

Ел-жұртым, қатын-бала-бәрі қалып,

Он бесте түсіп жолға болып ғаріп – деп, жырлайтыны бар. Әкімбектің алып кетіп жүргені 1874 жылдың шамасы. Түркістанға, Ташкентке сапары, Жүніс молдадан білім алып жүрген кезі біраз бұлдыр, бізше ақынның сапары 19–20 жасында болған дейміз. 1877–1887 жылға дейін М-Ж. Көпеев Сарыарқаның елін, жерін түгелге жуық аралайды. Бұл турасында ақын шөбересі Нартай Жүсіп: «... Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады: Қарқаралы дуанында заманында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы Бердалы қожамен, Атбасар дуанында Әліке, Байдалы, Аққошқар Сайдалы тұқымдарымен және де Атбасарда Мейрамқажы Жанайдар Батыр баласымен т. б. танысып көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881-ші жылдары кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы-қысы қолында болады көне қолжазбалар

мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттейді. Сондай-ақ Мәшекең Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен т. б. танысады. Жәңгір төре де сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атақты Бөгенбай батырдың немересі жүз жасаған Саққұлақ шешенмен, заманында Орта Жүз шежіре атанған қариямен ауыз жұлысып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алып хатқа түсіреді. Ал Көкшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кенесарыұлымен Ташкент қаласында т. б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атақты Атығай, Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді: «Ақан сері Құлагер өлген соң бұрынғы серілік мінізді қалдырып, көп басқан ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып, дүние махаббаттан мүлде көңілін суытты, – дейді» Құлагер өлген соң Ақан серінің басынан бақыты тайды. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі еді, – деп, М-Ж. Көпеев жазды» [22, 15–16 б.]. 1887 жылы 29 жасында М-Ж. Көпеев екінші рет Бұқар, Ташкент, Түркістан т. б. жерлерге жол-сапарға шығады. Білім мен ғылымның нұры болған Орта Азия Шығыс мәдениетіне иек артқан еді. М-Ж. Көпеев сол білімнен сусындау үшін осы сапарын тандап алды. Онда Дамолда хазіреттен, Хамза хазіреттен 9 ай дәріс алады. Ұстазы Қамар «Уәй Құзғын-ай!» деп Мәшһүр-Жүсіпке қатты сүйсінгеннен айтады екен. Домолда: «Уәй әулие!» деп Мәшһүр-Жүсіптің біліміне танданып айтады екен. Бұхар қаласында Мәшһүр-Жүсіп Көпеев көптеген жазған қолжазбаларын жоғалтып, ұрлатып алады. Өкініші кетпейтін бұл іс Мәшһүр-Жүсіпті қатты қапаландырады. Өкінгенмен іс бітпейді. Мәшһүр-Жүсіп одан әрі Самарқанд, Хоқан қалаларын аралайды. Бұл сапары жөнінде, ақынның өзі: «Аралап Орта жүзді үлгі шашып» – дейді. Ақын осы сапарында түркі тілдерінің бір сыпырасын меңгеріп, еркін сөйлеп, жаза білетін хәлге жетеді.

«Келесі жылы Бұхардан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Яссауи басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезін көреді. Онда да бірсыпыра уақыттар болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасы тұқымынан ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған Алтай, Найман, Қоңырат, Қыпшақ т. б. елдерін аралайды» – дейді Н. Жүсіпов. М-Ж. Көпеев:

Бұхар, Ташкент, Самарқанд, Түркістанды,

Бір түгіл, үш-төрт барып тамаша еттім, – дегеніне қарағанда ақын, бұл өңірде расында да төрт рет болған. Үшінші рет 1895 қой жылы 37 мүшелінде жолға шығады. Ақынның шөбересі Нартай Жүсіп те растайды. Ал «Мәшһүр Жүсіп мұрасы жөнінде» деген мақалада 1894 жылы М-Ж. Көпеев 36 жасында сапар шеккен дейді. Бір жыл ертерек болса да ақынның сапары, жылы біршама жете берілген. Бұл кезеңде ақын кемеліне келіп, толысқан шағы оң мен солын біліп таныған кезі болады. Оны халқының тұрмыс-салтына арналған өлеңдерінен де байқауға болады. Ақынның жалпы шабытына келіп өлең мен мақаланы өндіріп жазатын жылдары 1889–1890 жылдар аралығы. Осы кезде «Дала уалаяты» газетіне үзбей мақала жазып, ел өмірін, халықтың ауыр тұрмысын именбей жазады. М-Ж. Көпеев шығармалары Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йгүнікей, Сүлеймен Бақырғани, Рабғұзи, Құтып, Хорезми, Хұсам Кәтіп, Сейф Сарай шығармаларымен үндестік табады. Әсіресе, осы сапары М-Ж. Көпеевтің рухани өсуіне ақындық тұлғасының қалыптасуына көп септігін тигізеді. Айталық: «Шонтыбай қажы», «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі». «Хаятбақшы», «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы», «Әдһам диуана және Ибраһим», «Ғали Арыстан әңгімесі», «Ай мен күндей, һәммаға бірдей» – демегінің мағынасы», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», «Ібіліс лағын, шайтан хикаясы», «Жер мен көк» т. б. дастандары, хикаялары, киссалары, әңгімелерінің мазмұны тек қана ғибратқа, адамгершілікке, аспан әлеміне, жұлдыздардың адаммен арақатынасына құрылды. М-Ж. Көпеевтің жазғандарынан Шығыс философиясын, тарихын, тілін, әдебиетін, мәдениетін өте жақсы меңгергенін көреміз. Орта Азия оқымыстылары да М-Ж. Көпеевтің қиялын ұштай түсті, кей шығармаларын таза ақыл, ғибрат мәселесіне жазды.

Махаббат тақырыбы да М-Ж. Көпеевті бей-жай қалдыра алмады. Хикаяттары өте терең сезіммен, аса биік талғаммен жазылған. Жай ғана желдіртіп оқып шығу мүмкін емес. Сондықтан да М-Ж. Көпеев әулие болып өмірден өтті. Байлық кумаған, дүние жинамаған, оқу мен білімді бірінші орынға қойған. Қожа Ахмет Яссауиді рухани ұстазы тұтқан, сопылық дәстүрді де білген, бірақ өмір ислам дүниесінің шеңберінде ой ойлап, халық мүддесінен шығуға үмітті еткен. Тұрмыс М-Ж. Көпеев үшін қазақ елін танудың басты құралы болған, сол арқылы М-Ж. Көпеев халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын біліп, өз шығармаларына мазмұн иесі ретінде арқау еткен. 1907 жылы 49 жасында М-Ж. Көпеев Орта Азия жаққа төртінші сапарын бастайды. Бұл жыл М-Ж. Көпеевтің өміріндегі ең ауыр жыл болды. Қуғын-сүргін көрген жылдар болды. Кейіннен осы жылдар М-Ж. Көпеевті

көп жайттардан сақтандыруға әкелді. Мысалы, 1916 жылғы көтеріліс, 1917–1918 жылдардағы «Алаш» партиясының өкілдерінің идеясын ашық қолдау сияқты мәселелер де ақын мінезі танылмай қалды. «Мәшһүрдің бұл 1905 жылғы революция туралы жазған өлеңдерінің кейбір бөлектері «Сары-Арқа» деген кітапшасында «Сарыарқа кімдікі екендігі? басылып шыққан. Бірақ ол кітаптардың шыққаны патшаға жұғымды тимеді. Кітапты бастырып шығарған «Құсайынов» баспасы 14 кісіні айыптап сотқа тартқан» – дейді ғұлама ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Бұл ойды Дихан Әбілев те жалғастырады: «Сонда патша әкімдеріне тұтқын болмас үшін Мәшекең ел ішінен жылысып, тайып береді. Жас жігіт шағында бір неше жыл медресесінде оқып ғұламалық білім алған, ғалым болған, одан кейін екінші рет барып, бірнеше жыл аралаған Бұхара, Ташкент, Самарқанд жаққа үшінші рет барады. Бұл жолы «Қашқын» тәрізді тағдыр тәлкегімен 1907 жылы барып төрт жыл жүріп жиһангез боп елге оралады. Алайда, атамекеніне – Баянаулада, өз елінде, өз үйінде отыра алмайды, енді Еділ, Жайық, жағын кезіп кетеді. Бала күнінен Баян қаласында орысша жақсы білген Мәшһүр сол жылы «Белгісіз сапарым» деген өлеңінде:

Мәшһүрдің қараңыздар қызығына,
Бұл күнде жүрісінің бұзығына.
Орысты туған бауыр есептедім,
Жылында келіп қондым мұжығына, – деуінде: адамды дініне, ұлтына қарамай, адалдығына, адамшылығына қарай бағалайтынын көреміз. Ал, Мәшһүр Жүсіпті осындай «Қуғынға», «Қашқындыққа» душар еткен «Сарыарқа кімдікі?» екен» – дейді.

«Ақын 1907 жылы Қазан баспасынан «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» туралы «Хал-ахуал» деген үш кітабын бастырып шығарады. Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлаған жоқшылық пен теңсіздіктің күштілігін де, себебін де ашып береді. Ашына сынайды. Кітапты басып шығарушылар да, оның авторы да қуғынға ұшырауынан анық көрінеді», – дейді Қ. Мұхаметқанов пен Қ. Мәшһүр-Жүсіп. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кітаптарын жарыққа шығарғаны үшін Қазандағы Хусайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынады – дейді. Ә. Қоңыратбаев, С. Дәуітов, С. Сүтжанов. 14 кісіні айыптап сотқа тартқан: Ә. Марғұлан, Н. Жүсіпов. Бұл ақын өміріне қатысты ащы шындықтың бірі. Осы оқиғадан кейін М-Ж. Көпеев «аузы күйген үрлеп ішедінін» керін жасаған сияқты. Енді бірер сөз Мәшһүр Жүсіп Көпеевке «Мәшһүр» – деген аттың қосақталуы жөнінде. Мұса Шормановтың жас Жүсіпке үкі таққанына қатысты аздаған әңгіме

қозғағанбыз. С. Мұқанов: «Оның өз аты – Жүсіп, «Мәшһүр» арабтың «Белгілі» деген сөзі. Ол өз жазғандарының кейбірі жарияланып, елге атағы жайылған шақта, Жүсіп өз атына «мәшһүрді» қосып алған да «Мәшһүр Жүсіп» лақабымен айтылып кеткен» – дейді. Расында солай ма? Ақынның өзіне жүгінсек:

– Қаққай, – деп құдай мұнан көз бен тілді,
– Мынау Мәшһүр болатын бала екен – деп,

Ер назары тиюмен нәпсі қылды – дейді. Демек, Мәшһүр деген жанама атты қосақтаған Мұса Шорманов болды. Ол кезде Мұса Шорманов аға сұлтан Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Мәшһүр» деген атты алғанда 1866 жылы, бар жоғы 9-ақ жаста болатын. Ақын бұл туралы «Мәшһүр» атты қалай алғандығы туралы» деген өлеңінде айтып өткен. С. Дәуітов та өзінің жазған алғы сөзінде тоқталып өтті. «Тегі Мәшһүр Жүсіптің «Мәшһүр» деп аталуы оның тек салдық құрып, ел қыдырып, өлең айтуы арқылы ғана емес, сонымен қатар осы «Дала уалаяты газетіне» көп жазып, атағы шығуы арқылы да болуы керек» – деп жазылды Б. Кенжебаев.

Д. Әбілев: «Мәшһүр арабтың белгілі ғұлама деген сөзі. Жазғандары жарияланып, есімі елге жайылған шақта халық оны «Мәшһүр» деп атайды. Содан былай Мәшһүр-Жүсіп атанады» – дейді. М-Ж. Көпеевтен бұрын жалпы қазақта «Мәшһүр» деген атқа ие болған, ерекше айдарлап, үкі тағып қошеметтеп, аты мен заты қатар жүрген адам ілеу де біреу. Жүсіптің атына лайықты айқындауыш сөзді табудың өзі қиын. Сондықтан, Жүсіпке мәңгі өшпестей қосарлы ат беріп, айдарлаған Мұса Шорман да осал кісі емес. Осы арада, Уадихан Қалижанның: «Жаратқан ием әр пендесіне атты (есімді) өзіне лайықтап беретін сияқты, біз азан шақырылып қойған Көпейұлының «Жүсіп» деген атының кейінен «Мәшһүр» атанып, расында «әкесінің баласы болмай» халықтың қамын жеп, ел-жұртының перзенті болғанына таңданбаймыз» деген пікірі орынды болар.

М-Ж. Көпеевтің 1905 жылғы патша манифесін жырлап, 1905 жылғы революцияға үн қосуының өзіндік себептері де жоқ емес. 17-ші қазан М-Ж. Көпеев үшін жаңалық емес. Орта Азияны, Сібірді аралап келген М-Ж. Көпеевтің ойы тереңде жатыр. Орысша сауатты М-Ж. Көпеев Санкт-Петербург, Москва Ресейдің басқа қалаларында болып жатқан революциялық істерден құлақтас болған. 9 январь (қаңтар) «Қанды жексенбі» ақынның көкірегіне қаяу түсіріп, жүрегіне жара салды. Оған мына оқиғалар түрткі болды. 1958 жылы бостандық туын көтерген Есет Көтібаровтың көтерілісі аяусыз басып, жаншылды. Бірақ азаттық жолындағы күрес мұнымен тоқтамады.

Есет, Бекет заманындағы ұрпақ XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында да өздерінің Ресей империясына қарсы әрекетін тоқтатпады. 1858 жылы дүниеге М-Ж. Көпеев келді. Азаттық жолында құрбан болған ерлер оны білген жоқ. Қолына қалам ұстап, дуа қонған М-Ж. Көпеев ел үшін, жер үшін, бостандық таңы үшін, егемендік үшін күреске шықты. Сөйтіп, ұрпақ сабақтастығы жалғасты Мәшһүр-Жүсіп енді өмірге қайтадан Есет, Бекет болып келді. 1931 жылы М-Ж. Көпеев дүниеден озғанда өмірге шыр етіп ақын Мұқағали Мақатаев келді. М-Ж. Көпеев оны білмеді. Өмір осылай жалғасын тауып жатты. 1907 жылы М-Ж. Көпеевтің Қазан қаласында үш кітабы: «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген басылып шықты. «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» бірінші рет өлең түрінде, екінші рет қара сөз түрінде жазылды. Бірінші, қолжазба түріндегі нұсқасын Нартай Қуандықұлы Жүсіпов «Қазақ тілі мен әдебиеті», журналында № 4, 1994 жылы жариялады. 1905 жылғы 17 октябрь (қазан) патша үкіметінің манифесі жарияланды дедік. 1905 жылғы «Қанды жексенбі» орыс революциясының басы болды. Оның дүмпуі Қазақстанда жалғасын тауып жатты. Мысалы, «Павлодар қаласында Плотниктердің, Вардронердің және Корниловтардың Батыс Сібірдің серіктігінің пороходтарының жұмысшылары мен қызметшілері митинг өткізіп, стачкалық комитет сайлап өздерінің талап, тілектерін қойды» [23, 529 б.]. Патша үкіметінің екі жүзді саясаты М-Ж. Көпеевтің шығармасының негізгі идеясын құрады. Сол кездегі патша үкіметінің отаршылдық әрекетін ақын батыл сынады. М-Ж. Көпеевтің алға қойған мақсаты сол кездегі қазақтың бір туар көрінекті ұлдары «Алаш» партиясының ұйтқысы болған Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев, М. Сердалин, М. Шоқай, Б. Сыртанов, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, кейіннен С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев қосылды т. б. көптеген қазақ зиялыларының пікірімен ортақтас болды. М-Ж. Көпеев кейбіреулерімен хат-хабар алысып тұрды. Ә. Бөкейханов Павлодарда түрмеде отырғанда М-Ж. Көпеев білді, бөлкім кездесіп сөйлесуі де мүмкін. Өйткені, «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» Қазан қаласында басылған нұсқасы 1905 жылғы оқиғаны саяси тұрғыдан өте жақсы сипаттап, сол кездегі оқиғаны жан-жақты суреттей білген. М-Ж. Көпеевтің айтқан ойы сол уақыттағы «Алаш» азаматтарының алдыңғы өкілдерінің ой-пікірлерімен үндесіп, астасып жатады. М-Ж. Көпеев «Қазағым империяның – асыл затым» – деп, қазақтың тарихынан мәселе қозғап, бүгінгі бодандық халін Ресей империясының жүргізіп отырған саясатын әшкерелейді. Қазақ

халқының ауыр жағдайын бүкіл дүние жүзіне паш етеді. Мысалы, «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген алғашқы нұсқасында: «Біздің қазақтың үшке бөлсек, екі есесі жоқ есебінде, ал қалайша жоқ десен, жер-су учаске деп алды, войске деп бір алды. Бұл екі алыспен ағашты, шабындылы жерден қазақ айрылды, суырша жонға шығып, жан сақтап жүр еді. Егінге лайықты деп, ол жан сақтап жүрген жерлерін мұжық келіп және алды.

Жер-судан айрылып қалған соң,
Өз қонысынан ауған соң,
Еркекте ақыл қала ма?
Біреуден сауын сауған соң,
Ұрғашыда ақыл қала ма?

Ақылдан айрылып қалып, шаруа малынан береке қашып, оның үстіне алым-шағым, земіскі, ізбор деген қымбаттап, ел аралаған начальник, шиоликлардың жалдап мінген аттарының майын төлей алмай қаңғып кетіп, Питербор, Мәскеу барсаң, орыстың малайы-қазақ, Бұхар, Ташкент барсаң сарттың малайы-қазақ Патшаға оқ атып, қылыш суырған бір қазақ жоқ. Орыстікіне, шиоуликке, нашалникке ақша бергендер кісі өлтірсе де, кешуі болып үйде қалып жатыр, ақша бергендер сүттен ақ болса да, атылып, айдалып, кетіп жатыр» – деп жазды. Бұл шын мәніндегі қазақтардың көрген құқайы еді. Қазақстан тарихы 1905 жылғы оқиғаны бұрмалады. «...қазақ буржуазиясы қазақ еңбекшілерінің арасында стихиялы түрде шығып отырған қозғалысты өздерінің таптық мақсаттары үшін пайдаланғылары келді» – деп көрсетті. Ә. Бөкейхановтың, М. Шоқайдың мүдделері автономды қазақ елін құру болды. Қазақстан тарихында: патшаға арнап жазған петицияны айыптады. Онда былай: «...қазақ байлары мен молдаларының панисламдық, ұлтшылдық идеялары мен реакцияшыл халыққа қарсы пиғыл-ниеттері мүлде айқын көрінді. Мысалы: Олар қазақ халқының «мұсылман-қазақтар» деп аталуын сұрап өтініш етті; қазақтардың мұсылман дінінен басқа дінге көшуіне тиым салынуын талап етті; неке бұзу істерін билер сотының қарауынан алып, молдаларға беруді талап етті; орыс-қазақ мектептерінде мұсылман дінінің оқытылуын енгізуді талап етті» – деп айыптады. Бұл талап негізінен өте дұрыс еді. Дәл осындай мазмұндағы кейбір талап-тілектер «Алаш партиясы бағдарламасының жобасынан» көрініс тапты. М-Ж. Көпеев: «Баласы дін-мұсылман ұрандасып, Қосыл кісі санына, қос басынды» – деп ашық айтты. Ол патша өкіметінің «манифесіне» сенбеді, қазақтарды да сенбеуге шақырды. «Манифест бар деушілер тұтқын болып, Кесілді еш себепсіз оған жала» – деді М-Ж. Көпеев.

Ақын замана тынысын бұрын біліп отырды. М-Ж. Көпеев: «Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң, қор болып, болмадың ба аяқ асты?» деп жазғанда 1868 жылғы «Уақытша ереженің» қазақ еліне әкелген қасіретін айтып отыр. Сонда, М-Ж. Көпеев нені білген? Неге? 1868 жылғы «Уақытша ереже» мысалға алған. Соған барлап көрелік. «1868 жылғы «Уақытша ереже» мұсылман дін қызметкерлерінің құқығын тежеді, сұраусыз мешіт салуға, мұсылман медресесін ашуға, молдалар мен мешіт пайдасына алым-салық салуға тиым салынды. 1868 жылғы «Уақытша ереже» Қазақстанда христиан дінін таратуға бағытталған бірсыпыра параграфтар болды. Сол сияқты ел басқарудың жаңа жүйесінің орнығуы патша өкіметі үшін жайлы болды. Қазақ жерін тартып алудың тағы бір жалаң саясаты жасалды». Соның салдарынан жергілікті жердегі комиссия реформаны жүзеге асыра бастады. Реформа қазақтың бұрыннан қалыптасқан, үйреншікті рулық басқару жүйесін бұзды. Құнарлы жерлер тағы да алынды, жер бөліске түсті. Жерді бей-берекет қайдағы бір келімсектерге берілуі қазақ елінің қарсылығын тудырды, кейбір жерлерде патша үкіметіне қарсы күрес басталды. Міне, бұл оқиғалар көзі ашық, саясат жағынан қырағы М-Ж. Көпеев 1868 жылғы оқиғаны сөз етті. Осы жағынан келгенде М-Ж. Көпеевті шынында заманынан оза туған демократ ағартушы дерсін. Сондықтан да, М-Ж. Көпеев манифесті орыс империясының кезекті құйтырқысы, қазақ елін алдау екендігін түсінді. Сөйтіп, шығармасына арқау етті. М-Ж. Көпеевтің бұл шығармасы қазақ халқының арасына лезде таралып, өзі де ушығып тұрған жағдайға май құйғандай әсер етті. Қазақ елі біріге бастады, әсіресе зиялылар ел ішіне шығып, үгіт-насихатты күшейтті. Ел дүрлігіп, қарулана бастады, патша жасағына қарсы шығу әрекеті байқалды. «Сарыарқа кімдікі екендігі?» қазақ халқының ғана емес, күллі мұсылман елінің саяси ұранына айналды. М-Ж. Көпеев ақындардың ішінде алғашқылардың бірі болып, бостандыққа, теңдікке, халық үшін қарулы күреске шығу керектігін батыл айтты. Бұл шығармасында I Думаға халық арасынан депутаттар сайлап жіберу керектігін де айтты. М-Ж. Көпеевтің саяси жүйіріктігіне таң қалмаса болмайды, бізді ой еріксіз Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхаметов, М. Тынышбаев т. б. саяси қайраткерлермен байланысы болмады ма, деген сұрақ мазалайды. Өйткені, М-Ж. Көпеевтің білгірлігі, саясатқа жетіктігі осы ойға әкеледі. 1905–1906 жылы «Мұсылмандар партияларының қоғамы» I Мемлекеттік думаның құрамында – мұсылмандардың парламенттік Фракциясы құрылды. Бұл фракция қазірде Ресей думасының алғашқы фракциясы болып тарихта қалды. 1906 жылы 8-ші январь (қаңтар) күні тұтқынға

алынған Ә. Бөкейханов: «В январе 1906 г., в связи с событиями Дней свободы, в Семипалатинск был назначен болостной съезд. Меня арестовали на пути из Павлодара в Семипалатинск, в пос. Ямышевском, 8-го января» – деп жазды. Алихан Букейханов. «Выборы в степном крае» в книге «К десятилетию первой государственной думы» Петроград, 1916 г. Түрмеден босап шыққан Ә. Бөкейханов Мұсылмандар фракциясының мүшесі, кадет партиясы Орталық комитетінің атынан сайланды. Сол сияқты А. Байтұрсынов, Б. Қаратаев т. б. ұлт-азаттық қозғалыстың жария түрлерін пайдаланып, Дума мінбесін іске жарата білді. Патша өкіметі кәдімгідей сескеніп қалды. Бұл арада думаның алғашқы мүшелерін атап кетсек артық болмас дейміз. Олар: Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөре, Алпысбай Қалменұлы Қалмен, Дәуіт Санжынұлы Ноян-Түндүт, Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжан т. б. [24]. М-Ж. Көпеевтің жазғандарынан алшақ кетпеді. Демек, «Алаш» азаматтарымен қояма-қолтық жүрмесе де М-Ж. Көпеев өз ойын осы мақсатта айтып жүрді. Сол үшін де патша өкіметі М-Ж. Көпеевті қуғынға алды. М-Ж. Көпеевтің бұл кезеңін Ә. Қоңыратбаев: «Мәшһүр-Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп, тартылмауы оны басып шығарған Қазандағы Хусайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы, ақынның қамалушылар тізіміне ұшырап, 1910–1912 жылдары ел ішінде бұғып жүруі осыдан» – дейді. Ж. Шалгумбаева бұл туралы: «Что касается книги М-Ж. Копеева «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», то «усматривая в ней признаки уголовного преступления по 6 п. 129 ст. Уголовного Уложения, выясненные переводами проф. Катанова, Комитет постановил наложить на нее арест с привлечением автора к судебной ответственности по указанным статьям уголовного закона» (ЦГАРТ, ф. 420, оп. 1, д. 234, л. 19.). Арест на книгу Копеева был утвержден Казанской судебной палатой в ноябре 1913 г. Какие же признаки уголовного преступления были обнаружены в этой книге? В отзыве, составленном Н. Ф. Катановым, написано: «В переведенных мною местах, взятых со страниц 3-7, 14–17, говорится: о дурном характере прежде всего собственной казахской администрации, смотревшей на народ, как на свою доходную статью, о русских переселенцах, дурно обращавшихся с казахами, и о благотворительном свойстве Манефеса 1905 г., осушившего слезы несчастных» (Там же, д. 237, л. 75.)). Как видно из сказанного, автор справедливо указывает на причины, породившие социальную несправедливость по отношению к казахам, главными из которых Копеев считает колонизаторскую, грабительскую политику царизма в крае и потребительское отношение к всему народу

феодално-байской верхушки, предавшей интересы простых казахов и сомкнувшейся в деле грабежа народа с царизмом. Все эти мысли и суждения отражены в книге «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» («Что мы видели на своем веку, прожив долгую жизнь») (Казань: тип. Шараф, 1907. 6000 экз., издание наследников Ш. Хусаинова). Были также запрещены и арестованы два издания книги «Хал-ахуал» (Положение и состояние). Первое издание вышло в 1907 г. И было напечатано в типографии Б. Л. Домбровского тиражом в 3000 экз. Этот сборник, как и все другие книги Машхур-Жусуп Копеева, затрагивает острые социальные проблемы жизни казахского общества начало XX в. В декабре 1912 г. Казанский временный комитет по делам печати обратился к Казанскому губернатору с просьбой наложить арест на книгу «Хал-ахуал», отпечатанную в Центральной типографии тиражом 3000 экз., и привлечь к судебной ответственности издателей наследника Ш. Хусаинова по 3 п. 1034 ст. Уголовного Уложения. Арест на книгу М-Ж. Копеева был осуществлен Казанскими полицмейстером, а в январе 1913 г. Прокурор Казанского окружного суда увел комитет в том, что арест на книгу «Хал-ахуал» утвержден в распорядительном заседании Казанского окружного суда» – дейді. М-Ж. Көпеевтің кітабының патша өкіметіне қарсы зиянды мазмұны туралы жеткізген Н. Ф. Катанов кім? Николай Федорович Катанов ұлты – хакас. Ол 1876 жылы Аскиздегі училищені, 1884 жылы Красноярскідегі гимназияны алтын медальмен бітірген. Сібір мен Қытай Түркістан (қазіргі Синьцзян өлкесі) саяхат жасайды. Бұл саяхат 4 жылға (1889–1892) созылады. Экспедиция кезінде Тува (урянкай, сойон мен сойоттар), тоғалар (қарғастар), хакастар (белгір, качин, қойбол, сағай) арасында болып, Жетісу қазақтары мен Құлжа, Шәуешек, Үрімші, Хами, Тұрпан маңындағы ұйғырлар тілін жан-жақты зерттейді, құнды тілдік материал жинайды. «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған С. Н. Сүтжанов осы пікірге тоқталады. Бұл туралы жазылғанмен, жалпы М-Ж. Көпеевтің саяси бейнесін аша түсетіндігінде күмән жоқ. Жалпы, М-Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» деген шығармасын оқып, саяси баға беру үшін Мұстафа Шоқай, Мұқаметжан Тынышбаев, М. Сердалин, Б. Қаратаев, сол сияқты «Алаштың ақиқатын кім айтады?» т. б. еңбектерге сүйенуге тура келеді, М-Ж. Көпеевтің айтар ойы да бір-бірімен сабақтас, толықтырар деп ойлаймыз. Бұған дейін, М-Ж. Көпеевтің шығармашылығын бір қырынан қарап келгеніміз де расты. М-Ж. Көпеевтің өмірінде Мұса Шорман қандай ықпал етсе, Мұстафа Шоқай да діни-мұсылмандық

ой-арманының оянуына әсер етті. Мұстафа Шоқай да қазақ елін бұғаудан босатып, Түркістан автономды республикасын құру идеясымен болды. Мұстафа Шоқай қазақ елінің, одан қала берді күллі Түркістан халқының рухани әкесіне айналды. І мемлекеттік Думада да М. Шоқай ел мүддесінен шыға білді. М-Ж. Көпеев осындай халық арасындағы беделді адамдармен қарым-қатынаста болды. Саяси санасының өсіп-өнуіне қазақтың зиялылары көмектесті. М-Ж. Көпеевтің бағыты діни-мұсылмандық дәстүр еді.

1905–1908 жылдары қазақ ортасында сондай күшті болмаса да екі саяси ағым қалыптасқан сияқты: бірі – ұлттық діни партия, екіншісі батыстың ықпалы бар мұсылмандық татар және орыстық оппозициялық партиясы халық бостандық партиясы. М-Ж. Көпеев жүрек әмірімен біріншісін қалап алды, басқадай болуы мүмкін емес еді. Бұлардың кейбірі өздерінің саяси көзқарасы, ой-пікірлері айқындалып, шамасы бірі – М. Шоқай, екіншісі – Ә. Бөкейханов бастаған бағытты қолдаған сияқты, қалай дегенмен олардың мақсаттары бір мүдде де, кейбір ортақ ойларда көзқарастары әр түрлі болған сыңайлы. Сөйтіп, қазақ интеллигенциясының өзі пікір қайшылығы жағынан әртарап та болған сияқты. Айталық, Қоқан автономиясы құрылғанда оның тұңғыш президенті Мұхаметжан Тынышпаев, кейіннен Мұстафа Шоқай болды. Ал, Орынборда «Алаш» көсемі Ә. Бөкейханов бастаған үкімет құрылды. Олардың бәрінің түптеп келгенде бір мақсаты – азат елді көру еді. М-Ж. Көпеевтің ой арманы діни-мұсылмандық өкіметті көру болды. Оның Бұхара, Ташкент, Түркістан қалаларына барып, кейіннен Ресей қалаларын аралағанда барлық ойға түйгені қазақ халқын осы тозақтан қалай алып шығуға болады. Ақын жүрегі шерлі, барлық күш жігерін, білімін өлең жазуға арнады. Бір сәт тыныштық тапқандай болды. Бұдан соң да, М-Ж. Көпеевтің мұсылмандық бірігу идеясы бар өлеңдері Кеңес дәуірінің дәуірлеп тұрған кезінде де ұзақ уақыт жарыққа шығуына мүмкіндік болмады. Дихан Әбілев: «... төрт жыл жүріп жиһанкез боп оралады» – дейді. Олай болса ақын, 1910 жылы қайтып елге оралады. Енді бір деректе Д. Әбілев М-Ж. Көпеевті «Осы сапарынан 1915 жылы ғана оралады» – депті. Ал, мына бір деректе М-Ж. Көпеев жөнінде: «Ақынның соңғы жылдар ішінде үндемеуін оның жігерінің жасып, үмітінің тозып, 1907–1912 жылдары күшейген қуғыннан қорғалақтап қалғанынан деп біліу керек» – дейді. М-Ж. Көпеевтің 1907 жылдан, 1915 жылға дейін бой тасалап жүргенін деректер жоққа шығармайды. Патшаның құрығы ұзын, ел ішіндегі тыңшылары да М-Ж. Көпеевті күні-түні басқан ізін аңдып қоймады. Төрт жыл бойы М-Ж. Көпеевтің үстінен қозғалған қылмыстық

іс жабылмады, үнемі ақынды іздеуде болды. Патша үкіметінің жандайшаптары М-Ж. Көпеевтің елге келуін күтті. Дегенмен, ақынның ұзақ уақыт жоқ болуынан үміттенген патша жандармериясы уақытша М-Ж. Көпеевтен қол үзді. 1915 жылы өмірлік серігі дүниеден озған соң амал жоқ оралуға тура келді. Қайтып келген соң 1915 жылдары Далба елінде Баянауыл М-Ж. Көпеев мектеп-медресе ашып, бала оқытты. «Сол жылы сол елде әйелі Рабиға Шілікбай кызы қайтыс болды» – деп жазды естіген-көрген жандар.

«Содан 1915 жылы Бәзіл-Поштай ұрпағы Шегебай қажының кызы яғни Мәшекеңнің бәйбішесі Рапық (Рабиға) Айдабол Қарақозы жерінде дүние салады. Содан бастап Мәшекең өле-өлгенше жылы орнын суытпай осы үлкен баласы Шәрәпиден мен келіні Ақ-Зейнептің қолында болады» – дейді. 1910 жылы Жаман-Аула баурайын мекендейтін Үш – Ата Қозған Тіңейдің Ысқақ дегеннің кызы Ақ-Зейнеп пен Мәшекеңнің үлкен баласы Шәрәпиден шаңырақ көтеріп үй болады. Екібастұз қаласының тұрғыны Жұқаш Кәрібайұлы былай еске алады: «Шегебай қажының үш кызы болыпты. Олардың есімдері: Батика, Батима және Рабиға кейін Рәпіш атанып кетіпті. Мәшекең Қарақозы ішінен қазіргі Жаяу Мұса атындағы шаруашылық біздің елге келгенде Шегебай қажы Рабиганы Мәшһүрге қалыңсыз берген. Сол Рабиғадан Шарапиден, Мұхаметәмен, Пазыл және Әмина, Батима деген екі қыз туады. Мен Мәшекеңнің Мұхаметәменнен басқа балаларының бәрін де көрдім. Өкінішке орай Мұхаметәменді көруге құдай жазбады. Ол сол кездегі қазақтың ең мықты, оқыған азаматтарының бірі болыпты».

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс М-Ж. Көпеевтің өміріне де елеулі ізін қалдырды. Қазақ халқының тағдыры, Баян елінің жай-күйі М-Ж. Көпеевті бей-жай қалдыра алмады. 19 бен 31 жастағы қазақтың жігіттері әскерге алынып, қағазға ілініп жатқаны ақынның жүрегін ауыртты. Бұл кездегі дүрбеленді ақынның аталас туысы, Күліктен тарайтын Ж. Аймауытов «Қартқожа» романында өте жақсы сипаттап жазды. Сол романның бір кейіпкері Мәшһүр Жүсіптің ортаншы ұлы Әмен екендігін айтуға тиістіміз. 1916 жылғы көтерілістің басы қасында болған, ұйымдастырушылардың бірі – 28 жастағы ақын, сері, өжет Мұхамедәмін (Әмен) еді. М-Ж. Көпеевтің ортаншы ұлы Әменнің қазақ әдебиетіндегі айшықты орны әлі анықталмады. Профессор Қ. Пазылұлы Мәшекеңнің кіші ұлы Пазылдың ұлы, ақынның бел нөмересі – «1916 жылы солдатқа алынғанда (Әменді) айтып отыр – Мәшекеңнің әділдігі сонша, «Бұл елге нәубат», – деп баласына ара түспеген. Сонда Әмен әкесіне өкпелеп хат жазған» – дейді. Д. Әбілев осы ойға жалғас: « – Молда атама Мәшһүр – Жүсіпті келіндері үлкеннің жолын сыйлап

атасының атын атамай, кейде екі келіні «Әтиім» дейді екен: Ақзейнеп (Шәрәпиденнің әйелі), Ұмынтай Пазылдың әйелі 1935 жылы дүние салды – да сын шығарған ортаншым Әмінді айтады – еді ғой ол, – деді Зейнеп шешей Зейнеп Шәрәпиденнің әйелі – Әменді «Ортаншым» дейді екен. Жұрт аузынын естіуім бар болса да, мына кісі де соны айтар ма екен? – деп – Не сын, не деген екен Әмен аға? – дедім.

Зейнеп шешей іркілместен, ойланбастан:

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам,
Әкенің ең жақсы жездедей деп,

Соны айтқан бұрынғы да әулие адам! – деген екен деді.

– Бұны неге айтқан?

1916 жыл патшаның қазақтан майданға жігіттер алу туралы жарлығында дала жүрегін дір еткізді. «Кім үшін соғысқа барамыз? Не үшін соғысамыз? Неге текке қырыламыз?» – деп Баянаулының он болыс елінің еті тірі, жау-жүрек азаматтары ұрандасып Алабас тауына көтеріледі. Көтерілісті Башардан батыр басқарды. Әмен сол көтерілістің жанған өрттей жалынды ерлерінің бірі болды.

– Шіркін-ай, арамызда Мәшекең болса, батасын берсе қандай күдіретті ғаскер болар едік! – дегенді сондағы екінің бірі айтатын бопты. – Жөн сөз? – Арамызда бір күн ғана болып, батасын беріп кетсе жетіп жатыр ғой, – десіпті жігіттер. Әмен де осындай ойда болыпты. Ал Мәшекең ше? Мәшекең, бұл көтерілісті мағыналы деп те мағынысыз деп те таразылайды. Мағыналысы – патшаның жиһангерлік соғысы үшін әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру едік болар еді. Ал Мағынасыз не? Патшаның сан алуан соғыс құралдары сайлы, қару жаракты да қаһарлы әскерлеріне қарсы сығысар қазақта сойыл-шоқпардан басқа, қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Соғысқа – босқа қырылу – міне Мәшекең, осындай екі алуан ой толқуында болады. Ал, сыртында «Дала уалаяты» газетінде басылған 1905 жылғы «Қанды жексенбі» өлеңі, «Сарыарқа кімдікі?» толғаныстары туралы патша жандарымдары Мәшһүрді тұтқындап, соттатып жібермек болғанда, Мәшекең лажсыздықтан «жиһанкездігін» қайтадан бастап, төрт-бес жыл бойы Орта Азия жақта қашып жүрген.

Сол тұста:

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қоқан барған,
Ойы бар барсам деген одан да әрман.

Түлеген аққу құстың қанатындай,

Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған-ды... – шығарған еді.

Ал мына көтеріліс тұсында патша әкімдерінің қанды көзі Мәшһүрде болатыны сөзсіз. Сондықтан Мәшекең 16-жылғы Баянауылдағы көтеріліске «Бейтарап» қалыс адам бейнесінде отыруын мақұл көреді».

1917 жылғы ақпан төңкерісі М-Ж. Көпеевтің үмітін оятты, ел-ішіне бақыт, құт береке әкеледі деп сенім білдірді. Өкінішке орай, қаңтар төңкерісі М-Ж. Көпеевтің үмітін тас талқан етті. Қызылдардың ел ішіне салған ойрандары ақынның жанын ауыртты. М-Ж. Көпеев те Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулат т. б. «Алаш» өкілдері сияқты ала-құйын күй кешті. Қызыл өкімет күш ала бастады. 1917–1921 жылдар М-Ж. Көпеевтің өміріне елжүлі із қалдырды. 1916 жылғы ел ішіндегі дүрбелеңнен асу мен атудан мезі болған ақын расында өз дегеніне болмаған қазақ жастарына көңілі толмады. 1916 жылғы көтерілісті патша өкіметінің қарулы әскері басып-жанышты. Көп адам сұраусыз атылып кетті. М-Ж. Көпеев бұл сойқанның болатынын білді. Әйтпесе, 1916 жылғы көтеріліс жасағандарға батасын беріп, өзі жолға салушы еді. Ел обалына қалғысы келмеді. Оттай жанып тұрған ұлы Әменнің де тағдыры қатты ойландырды. Көптеген қазақ жастарының жасықсыздан-жазықсыз өлімі ақынның жүрегіне өшпестей жара салды. Енді тұтасып жатқан қазақ елі екіге бөлініп алып соғысуды шығарды. Бұның бәрі – М-Ж. Көпеев үшін тағылық іс болып көрінді. Өзі де соққының неше түрін көрді. 1921 жылы сүйікті ұлдарының бірі Әмен /Мұхаметәмен/ қайтыс болды. «Әмендей бола алмасам да сізге хабарласып, еңбегіңізді, атыңызды ел көзіне түсіргендей ниетім бар» – дейді Ж.Аймауытов. Осы сөздің өзінде үлкен мән бар еді. Әменнің 1916 жылғы көтерілістегі шынайы бейнесін З. Ақышев былай суреттейді: «1916 жылы кара жұмысқа қазақ жастарын алу туралы патша жарлығы шыққаны белгілі. Оған бүкіл қазақ даласында қарсылық жасалды. Сондай көтерілістің бірі – Баянауыл маңында болған. Көтерілістің орталығы Алабас тауының баурында, қазіргі Сәтбаев совхозына таяу жерде болды. Көтерілістің басшысы Бәшерден Бейсенұлы деген азамат. Батыр, елге беделді, аттыға жол, жаяулыға сөз бермейтін шешен адам болыпты. Жүкең (Жүсіпбек Аймауытов) «Қартқожа» романында бұл кісіге Дәрмен деген ат беріпті. Дәрменнің көмекшілерінің бірі – Әмен. Бәшердендер, Әмендер Мәшекенді халыққа беделді, халық мұның сөзін тыңдайды деп Алабасқа шақыртады. Мәшекең бармайды. Оның жауабы-қолдарында шыбыртқы, қамшы, тал құрықшадан басқа қару жоқ, әуре болмандар, мылтық асынған он солдат келсе бәрінді қырып кетеді деп жауап қайырады».

М-Ж. Көпеевтің ғылыми ғұмырнамасына тікелей қатысты болған соң, ортаншы ұлы Әмен туралы толығырақ мәлімет бере кетейік.

Әмен азан шақырып қойған аты (Мұхаметәмен) 1888 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келген. М-Ж. Көпеевтің «Бір ұлым бар өзімнен өте туған, бір ұлым бар өзіме жете туған, бір ұлым бар өзімнен кете туған» – дегендегі өте туған ұлым деп осы Әменді айтады екен. Әмен үлкен ақын болған. Әсіресе, 1916 жылғы ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі шығармалары, халықтың ауыр тағдырына құрылған. «Оның әсіресе, 1916 жылғы халық наразылығы жөнінде жазғандарының ішінде жоғары идеялы өлеңдері баршылық» – дейді Қ. Мұхаметқанов пен Қ. Жүсіпов. Әмен жөнінде М-Ж. Көпеевтің шөбересі Н. Қ. Жүсіпов: «Ұл еді қарсы туған көк дауылға» деген мақаласында жазды. Д. Әбілев Әмен «...1924 жылы қаза тапқан» – деп жазыпты. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Онда Әмен 33 жасында қайтыс болса, туған жылы 1891 жыл болады.

Ал, Мәшһүр Жүсіп:

Қан түсті 63-те аяғыма,

Оқ тиіп түзде жүрген саяғыма,

Көп сөйлеп, ақыл-естің жоқтығынан,

Кетіпшің тағы түсіп баяғыма – дейді.

Демек, М-Ж. Көпеев 63 жастамын дейді. Есептесек бұл – 1921 жыл. Әмен, 1888 жылы туған, 33 жасында дүниеден қайтқан болып шығады. Бұны М-Ж. Көпеевтің:

Күнәсіз жас сәбидің орнын беріп,

Түсірді жұрт көзіне отыз үште, – деген жоқтау өлеңі куә бола алады. Ақын, Әменнің өте ақылды, батыр ұл болғандығын айрықша атап өтеді. Тағы бірде: «1921 жылы 18 июньде Ташкент қаласында мұғалімдік етіп жүрген Әмен деген баласы 34 жасында қаза табады» – деп, Әменнің жасын жаңылыс жазады. Бірақ, Әмен 1921 жылы 34-те емес, 33 жаста еді. Бұған М-Ж. Көпеевтің жоғарыдағы өлеңі дәлел бола алады. 1922 жылы М-Ж. Көпеев Ташкентте қайтыс болған баласы Әменге дұға оқып қайту үшін жолға шығады. «Жолдай Қоянды жәрменкесіне қатыстық. Онда арнайы шақырылған болатын, бірақ кімдер шақырылғаны есімде жоқ, жобасы әрі өкілін көтерсін деген болулары керек. Одан әрі Қарқаралыны басып өтіп Семей бардық. Сол кездегі шыт-шытырман жағдайларға байланысты одан әрі жүруге мүмкіндік болмады. «Өлі Арыстанымды іздеймін деп тірі боздағымнан айрылармын» деп айтқаны әлі есімде. Өйткені үлкен баласы Шәрәпиден де бізбен бірге еді» – деп хатты аяқтайды. Хатты жазып отырған, М-Ж. Көпеевтің қасында атқосшы болып барған Кеңенің Қанафиясы деген адам. 1982 жылы Мәшекеннің ұрпақтарына хат жолдағанда жазғаны. Бұдан әрі хатта: «Мәшһүр-Жүсіптің Тобықты-

Найман еліне екінші сапары екен. Ал, жас кезіндегі сапарында Абайдың жан досы, замандас-құрдасы Нүсіпхан жайлы «Нүсіпхан» атты дастан жазған екен» – деп, көптеген мәліметтер береді. «Нүсіпхан» деген деректі поэмасы «Түсіпхан» болып «Жұлдыз» журналында беймәлім автордан жарияланды. Оны да біз Мәшекеңдікі екенін дәлелдер едік, қолымызда дерек бар» – дейді ақының немересі. Абай мен Құнанбай бейнесін ашып, өзінің жырына да арқау еткен де М-Ж. Көпеев. Осы дұдамалдың өзі-ақ М-Ж. Көпеевтің қандай адам болғанын айғақтайды. Біз бұл турасында «М-Ж. Көпеев шығармасындағы Абай бейнесі» деген зерттеуімізде айттық. Сондықтан да ішін-ара оқырманға түсінікті болу үшін тоқталып кеткенді жөн көрдік. «Нүсіпхан» поэмасына кеңінен ғылыми түсінік жазып, талдаған ақын шөбересі ф.ғ.к. Гүлназ Қуандыққызы Жүсіпова. Сөйтіп, М-Ж. Көпеев қайтыс болған ұлы Әменге бара алмай орта жолдан кері қайтады. 1920 жылдардың соңына таман Мәшһүр бұрынғы «Сарыбұлақ», кейінгі «Ескелдіге» келіп, балаларына қыстауын салдыра бастайды. 1929 жылы бастаған қыстауын 1930 жылы аяқтайды. Осы жылдың жазында зират үйін де салдыруды қолға алады дейді бір естелікте.

Жұқақш Кәрібайұлы: «Мәшекеңнің ауылы Ескелді де болды. Біздің ауыл сол Ескелдіден 15–20 шақырымдай жерде Құмкөлде еді. Екі ауыл араласып-құраласып тұрдық. Бұл 1924–1925 жылдар болатын. Атам анда-санда Ескелдіге арнайы барып Мәшекеңнің шашын алып беріп тұрады» – деп жазды. «1927 жылдың жазы еді. Өткен қыс Мәшһүр Ақшиде қыстап шыққан. Ағайынды Әмірхан, Қазыхан болмай алдырған еді Мәшһүрді» – дейді С. Көпеев мақаласында «... Қыстаққа Мәшһүр «Иесі келді» деп жаңа атау берді. Кейіннен келе-келе бұл жер «Ескелді» атанып кетті» – дейді. М-Ж. Көпеев 1927 жылдан 1931 жылға дейін өмірінің ақырына дейін осы жерде мекендейді. Шегебай қажының үш қызы: Батика, Батима, Рабиға болады. Рабиға (Рәпіш) Мәшһүр-Жүсіптің әйелі. Рабиғадан: Шәрәпиден, Мұхаметәмен, Пазыл, және Әмина, Батима деген екі қыз туады. Пазыл 1924 жылы Ақкелін, Далба-Қарақозы елінде мұғалім болып істейді. Мағзұмның қызы Ұмсынтайға үйленеді. 1924–1935 жылға дейін тату-тәтті үлгілі болып тұрады. 1935 жылы Ұмсынтай дүние салады. Ол Поштайдың Мұқашының зиратына жерленеді. Жастарға тәрбие болсын, айта кетсек артық болмас, Мәшһүрдің екі келіні яғни Ақзейнеп пен Ұмсынтай атасының атын ешқашан ауыздарына алмаған. «Әтиім» деп беттерін жасырып жүретұғын, үйге алдымен кіріп, артымен шегіншектеп шығатын еді. Атаның жүрген жерін баспайтын, қасиетінен қорқатын. Содан 1935 жылдан

1939 жылға дейін Пазан салт басты болды. 1939 жылы тамыз айында Балқаштан Жұпайдың Қалиі немере қарындасы Тәштің қызы Нұриланы алды. Нұриланың туған жылы 1919 жыл, шешесінің аты Төлеу. Пазан осы Нұриламамен 1940 жылы қосылады, Пазан екінші рет шаңырақ көтереді. Екеуінің арасынан Қуандық Пазылұлы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің, филология кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор 1941 жылы туды. Пазыл жөнінде бірауыз сөз. «Пазыл 1932 жылы аш адамдарға көп көмектескен. Өзі ауылдық кеңестің төрағасы, әрі қамбашы болған. Өзі қазынаның тұқымына тиіспейді, бірақ ашығып отырған елді аяп: «Сай-сайдың арасына от жағып, қазанға қайнатып тосып отырындар» дейді екен де, қайнап жатқан суға бидай сеуіп кетеді екен. Және әрбір қаптан шақтап-шақтап береді. Кейіннен сол аштықтың басы-қасында жүргендер» сотталды ғой. «Бұлар өздері аштықты әдейі ұйымдастырды» деп бөлені төмендегілерге жаппақ болғанда көпшілік аман алып қалған» дейді. Міне, ол кісінің 51 жасында көрген 1941 жылы туған тұңғыш баласымын. Бәйбішесінен бала болмаған соң біздің шешейді қыздай алған. Менен кейін 2-іні, 2 қарындасым бар» дейді ақынның бел немересі Қ. П. Жүсіпов өзінің берген сұбхатында. 3. Ақышевтің мақаласында: «Мәшһүрдің үш ұлы, бір қызы болған. Қызын жоғарыда айтылған Қаске қарияға берген екен. Ұлының үлкені Шарафи, органшысы Әмен, ең кішісі Фазыл (Пазыл) Қуандықтың әкесі. Шарафи үлкен ақын адам еді. Әмен арапша, парсыша оның үстіне орысша оқып, жақсы білім алған адам екен. Мәшһүрдің ең кіші баласы Фазыл Совет өкіметінің алғашқы жылдырында ауылда мектеп ашып, қызыл мұғалім болды. Мұғалімдік стажы 30 жылға толғанда Пазекеннің омырауына «Ленин ордені» тағылды. Сондай адамнан ұрпақ бар ма екен деп білгісі келгендер болуы мүмкін. Бар Шарафиден балалары сол өздерінің туып-өскен жерінде қызметкер, жұмыскер. Фазылдың бір баласы сол арада механизатор. Кішісі Қуандық Фазылұлы Мәшһүр-Жүсіп Семей пединститутының доценті, филология ғылымының кандидаты» – дейді. Мақала 1984 жылы жазылғандықтан көп нәрсе өзгерді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің өмірінің соңғы 1928–1931 жылдары расында да отты дүрбелеңге толы болды. Ірі байларды тәркілеу, ашаршылық бәрі – қос-қабат келді. Ел ішінде сыйлы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қайда барса, халық құрмет пен қарсы алатын болған. Мысалы, 1928 жылы Жәмидің үйінде қонаққа келіп Жәми байды (Жәми-Қабыш) дейді екен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев екеуі түнімен сырласады, 3–4 күн қонған ақын Баянға жүріп кетеді. Мәшекеңнің ат басын тірейтін үйлері: қасапшы Шолтай, Сүбек ұста,

Сағынай ұста, Мысықбайдың Қасымы, Қожабектің Оспаны, Малғазы Ораз. Жағалбайлы Солтан т. б. кейін бір орыс досының үйінде монша жақтырып түсетін әдеті болған. Сонда Мәшекен келді дегенді естіп, халық көп жиналатын, Мәшекен не килы әңгіме-дүкен құрып, кисса, өлең айтып, ел риза болып, Мәшекенді жібермейтін деп еске алады Төлеубай немересі. С. Ш. Көпеев те осы ойды айтады Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің өзі: «Ойға бардым, қырға бардым. Бұхар бардым, Ташкент бардым, бірақ, Төлеубай бабамнан артық әруақты ел таба алмадым. Осы Еламан елін, жерін құт тұт» – деген екен. 1930 жылдың жазында зират үйін де салдыруды қолға алады. Рухани ұстазы Қожа Ахмет Яссауи тірі кезінде өзінің көрін қаздырып, жатып алған екен дейді. М-Ж. Көпеев те көзінің тірі уақытында көрін қаздыра бастайды.

Д. Әбілев: «Біз барғанда Мәшекен болашақ мавзолей-зиратының астыңғы қабатынан лайықталатын бөлме-өзі жататын орнын қазып жатқандардың қасында тұр екен. – Қазындар! Терең қазындар. Мәшһүр қашып кете алмайтындай етіп терең қазындар! – деп сылқ-сылқ күледі де, – және кең қазындар. Он-он бес адам сыятындай кең болсын. Кірпіштері берік қалансын – деді.

Тірлігінде ұры-қарылардың, озбыр, қиянатшыл, аю мінез әкімдердің қара халыққа жасаған қиянатын қызыл тілмен қылыштаған Мәшһүрдің шатағы аз боп па? Тірімде тістері батпаған сол сойқандар мен көз жұмғанын өш алуға үстімнен арыз жаудырып, мұңкір-нәңкірге тергеттімдей қоймас. Сонда менің мұндағы дұрыстығымды қорғайтын бірнеше періштелер келер. Кең қазындар, – деп Мәшекен сылқ-сылқ күлді. Қазушылар да күлді» – дейді [25, 118]. Көзі көргендердің айтуынша, «Әуелі жатар орнын даярлатады. Үлкен келіні Зейнептің Дұсжан деген інісіне қаздырып, өзі үнемі басында отырады. Енін, ұзындығын, биіктігін, екі жарым кез етіп, алдырады да, ол біткен соң көңілі әлде – бірденеге дауаламағандай тағы да біраз тереңдеу керектігін айтады. Күндегі әдетінше, ертеңгілік тағы да басына келіп отырады да дұға етеді. Бұл кез Дұсжан бірыңғай қиыршық тас жер үйіндісінің астынан тұтасқан бір ақ күлгін түсті тастың белгі бере бастағанын байқайды. Сөйтеді де: – Молдеке, мына жердің тасының түсі өзгере бастады, әрі тұтас жатқанға ұқсайды, енді не істейін, бөлектеп уақтайын ба? – деп жоғары қарайды. – Жок. Дұсжан. Менің де күткенім сол болса керек. Сындырмай тұтас ал да, жоғарыға шығар, – деп тағы дұға оқиды. Биіктігі бір жарым, ені бір кезге таяу, қалыңдығы 20–30 сантиметр бұл тасты аты-жөнін жазып, басына белгі етіп қойғызған екен тірісінде. Сол тастың қалыңдығы әлі сақтаулы. Ал, зират-үйін екі бөлмелі етіп салдырған. – Мен

өлгеннен кейін қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адам көзі көреді, серт етем. Тек жаздың ыстық айлары ақыретімді айырбастап отырындар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерін жететін болады-деп үлкен баласы Шәрәпиденге шырақшылық өсиет етеді. Көпейұлы Жүсіпке құдай рахмет айдасын – деп сақ-сақ күледі екен де маған келіп бата жасамақ түгілі әркімнің басына «тұрымтай тұсында» заман болады. Мен көрмеймін, сендер көресіндер, көресіздер, көнесіндер, – дейді екен. Бұл қазақ елінің 1923 жылғы дүрбелең болып басталып, 1931–1932 жылғы адам қырғынымен аштықпен аяқталған кез еді ғой. 1952 жылы көрін ақтарып, үйін талқандап бұзып тастағанға дейін Мәшһүрдің мүрдесі бұзылмады. Оны көзбен көрген адамдар көп болды. 1946 жылы Сәбит Мұқанов та зират басына барып, ішіне түскен еді. Мен де 1950 жылдың жазында ішіне түсіп денесін сипаған едім. Мәшһүр дүние салып кеткеннен кейін де үнемі «үкімет назарында» болды. Оның мүрдесінің бұзылмай сақталып жатуы «шет елмен байланысты» барға жатқызып, үлкен баласы Шәрәпиден дүние салған (1936) болатын» – дейді [26]. Мұндай, шындық ел ішінде өте көп айтылады. Ақынның үлкен ұлы Шәрәпиденнің баласы Сүйіндіктің айтуынан алынған көптеген деректермен сәйкес келеді. Д. Әбілев те: «Бөлменің батыс іргесін ала бір жарым метрге жуық биік нар ағаш төсек үстінде, үстіне ақ жабылған Мәшекен қайран жарықтық, Мәшекен жақсы бір түс көріп ұйықтап жатқанға ұқсайды. Пішіні, кескін-келбеті тірі күндегісіндей сымбатты. Жүзі не көп үніліп, едәуір тұрып қалған екен» – дейді. Мәшһүр-Жүсіптің өлімі де ешкімге ұқсамайтын ақ өлім. Шәрәпи ағаның айтқаны еске түсірсек: «– Мәшекеннің қалай қайтыс болғаны халыққа аңыз боп кетті. Бірақ, мен өз аузыңнан естігім келеді. Шәрәпи аға!» – деп өтіндім – дейді Д. Әбілев. – Халық өсіріп те, өшіріп те айтып жүрген жоқ. Расы сол. Сол күн таңертеңгі шәйді осы бөлмеде, осы үстелде іштік. Молда атам күндегісіндей нақыл сөздерін, ақыл сөздерін айтып отырды да: Жүректің қазынасын қазған Мәшһүр, өксітпей, шашпай-төкпей жазған Мәшһүр, – деп жіберді. Сөйтеді де, бітімі құран бітімдес, қалыңдығы құраннан екі есе қалың жаңағы «Қарамес» қолжазба кітабының екі-үш жерден беттерін ашты, көзін жүгіртті. Көзінде де, жүзінде де ыстық сыйластық, ыстық қимастық бар. Енді орнына апарып қой, – деді. Айтқанын істедім. Қайтып кеп орныма отыра бергенімде:

– Есінде болсын, Шәрәпи ... Менен кейін менің сөздерімді елеп-ескеріп кітап қып шығарамыз деушілер болса, арап-қарыптарымен теріліп шығарылатын болсын! Аллаһу әкбар! – деді. Көңіліме ештеңе алғам жоқ. Зейнеп үстел үстіндегілерді жинап, үстін сүртіп бола

бергенде босаға жақта тұрған шәйнек пен шілапшынға көз жүгіртті де: «Мен таһарат алайын, сен анда бара тұр, қарағым» – деді молда атам. Зейнеп шығып кетті. Мен қолына су құйып тұрдым. Іш дәрет алды. Жуынды, сүргінді. Төсегіне кеп отырды да: – Мен енді дем алам. Сен бара бер. Шаруанды істе. Малыңа қара! Біраз уақыттан кейін кел! Ұйықтап кетсем оятпа! – деп күлді. Бәрін айтқанынша істедім. Бір кезде... Айтқан уақытында есікті ақырын ашып кірсем, төсегінде шалқасынан ұйықтап жатыр. Үлкен ақ орамалын кеудесіне көлденең салыпты. Қасына жақындап «Молда ата» деймін. Үн жоқ. Мәңгі ұйқыға кетіпті. Молда атамның ақтық демінің бітуінің шыны осылай. Халық та осы шындықты ғажап көреді, – деді Шәрәпи аға» –деп жалғастырады [25, 123, 119]. Осы деректің шындығына күмән жоқтығын, ақынның немересі Қуандық Пазылұлы: «Біздіңше, бейітін қаздырған жер тегін емес, неге десеңіз, 1–2 жыл бұрын Германиядан келген бір топ адам Сейіт Көпеев деген ағамызға айтыпты: «Мына жер космостан сәуле тіке түсетін жер екен» – депті. Демек, о кісінің денесінің шірімей сақталуы содан болуы да ...

Бала кезден есімде 1947–1948 жылдар болар бейіт ауыз үйден, төр үйден тұратын. Төр үйінің есігі қылуәттің қақпағындай. Қақпақты көтеріп ашып, сатымен түсетін. Қараңғы. Екі қария дәретін алып түсіп, денесіне ақ жабады. Мен баламын. Алдын-ала жағып, дайындап қойған шамды маған «алып бер» дейді. Апарып берем. Бала болсам да құлағымда мына сөз қалып қойыпты. Уәли деген ауылдық кенестің төрағасы бар еді, сол қарын тұсын саусағымен басып көр, балпылдап, жұмсақ жатыр» деседі өзгелер. Тек бақайының тырнақтары түсіп қалған екен» – дейді [27]. 1952 жылы Мәшһүрдің өзі айтқандай «мәңкір-нәңкірлер» зиратын бұзып, ұрпақтарын қуғынға салды. Мәшекеннің 21 жыл бұзылмай жатқан денесін ақыры жерге көмкізді. Бірақ, М-Ж. Көпеевтің аруағы оларды жібермеді. 1994 жылы Қ. Пазылұлымен Мәшекен аулына жол түсе қалып барған едік, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің басына барып құран оқытқыздық. Сонда, бір-екі қариялармен әңгімелескенде зиратты бұзғандар оңбады, шетінен бейнәт көрді деп еді. Бұл турасында деректер бар болғанымен ұзаққа созылып кететін болғандықтан кейінгіге қалдырдық. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «өте туған» ұлы Әмен жөнінде айтылғанмен, оның нақты бейнесі ашылмай қалды. Бұл ақының ғұмырлық өмірбаянына қиянат жасағанмен бірдей. Сондықтан да, бар жадығаттармен толықтыра кетуді мақсат еттік. Ақын Өтебай Тұрманжанов «Қазақстан пионері» газетінің 1958 жылғы 24 сәуіріндегі «Жас сұңқар» мақаласында: «... жиналысты ана тілі мұғалімі Әмен Жүсіпов дейтін ағамыз ашты.

(Бұл белгілі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің баласы). Ол сонда – Біздің мектебімізге комсомолдар ұясын құруға Ғани Мұратбаев жолдас келіп отыр. Сөз Мұратбаев жолдасқа беріледі, – деп жазған еді. Журналист-жазушы Жүсіпбек Арыстанов еңбегінде «Комсомол шежіресі осылай басталады», «Социалистік Қазақстан», 1958 жылы. 17 август: «Күн сайын комсомол жиналыстарында комитеттерде паранжі салтанатпен ашылды, қалыңмалға қатты соққы берілді, көп қыздар құтқарылып, ұйымға оқуға тартылды – деп жазылған.

Бай-феодалдар, ишан-молдалар бұған оңай көне қойған жоқ. Еріксіз күндікте жүрген қыздарды босатқаны үшін оқытушы комсомолец Әмен Жүсіпов Ташкентте қаза тапты» – делінген. Сондай-ақ жазушы Жайық Бектұров жазғанында («Керекулік делегат, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеті, 1972 жыл, 26 декабрь) мынандай мәлімет бар: «Әмен Жүсіпов 1920 жылы Орынборда тұңғыш Советтер съезіне Керекуден делегат болып қатысып, аз уақыт болса да, белсенді совет қызметкері болған» – дейді. М-Ж. Көпеевтің жиені Жолмұрат Жүсіповтың жазбасында: «Әмен арапша, парсыша, түрікше, орысша, қазақша орта сауатты мұғалім еді», – делінген [28, 108-110].

«Әмен 1888 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1918 жылдан бастап Әмен жаз айларында қысқы мұғалімдік курстан өтіп, ал қыста мектепте оқытушы болып, Семей мен Павлодар қаласында кезек тұрып жүргенде, 1920 жылдың жазында Орынбор қаласына шақыртылып алынады. Орынбордан Ташкентке барып, мұғалім боп қызметке кіріседі. 1921 жылы Ташкенттегі № 14 мектеп-интернатқа мұғалім болып жүрген жерінде сүймегеніне зорлықпен ұзатылған қызға ара түсем деп, өшіккен дұшпанның пышағынан қаза табады. Ал баспасөз бетінде ақынның өлген жылын жаңсақ көрсетудің де куәсі боламыз. Мәселен, Дихан Әбілев Әменді 1924 жылы тап жауларының қолынан қаза тапты дейді («Қазақ әдебиеті» газеті, 1983 жыл, 26 август). Осы қате дерек Қ. Тұңғышбаевтың «Туған әдебиет жанашыры» мақаласында да қайталанатын» [«Қазақстан мектебі», № 11, 1985, 74 б.]. Әменнің өмірі, қалай өлгені т. б. туралы құнды деректер Жолмұрат Жүсіповтың қолжазбасында баршылық: «Совет өкіметі келмеген уақыттарда бір ауқатты адамға әйелдікке ықтиярсыз сатылып кеткен екен. Совет өкіметі орнаған соң, жалпы әйелдер теңдігі, бостандығы, правосы берілген соң, әлгі әйел № 14 интернат мұғалімдеріне, Әменге келіп, мән-жайын айтып, сүймегенінен айрылу, босану жолын сұрайды. Әмен ерекше турашыл, әділетшіл еді. Ол осы әйелдің арызын, өтініштерін жазып беріп, әйелдер правосын қорғайтын заң орындарына бергізеді. Заң орындары іс-қағазды тексеріп, әйелге бостандық береді.

Мұнан кейін әйелдің бұрынғы күйеуі Әменге қас болып, андып жүріп қапысын тауып жарып өлтіреді. Әмен өкімет тәрбиесіне толық кездесе алмай, мақсатына жете алмай, жүрегіндегі асыл сөздерін, жақсы пікірлерін көпшілікке көрсете алмай кетті. Ол сол уақытта Ташкентте шыққан «Ақ жол» газетіне бірнеше мақала, өлеңдер беріп тұрады». «Әмен 1916 жылғы июнь жарлығы тұсында майдан жұмысына алынып, сол дүрбеленнің ішінде болған адам. Сол жылдарда көрген-білгені туралы біраз шығармалар жазған».

«...Сондай-ақ белгілі жазушы Зейтін Ақышев («Қазақстан мұғалімі», 1983 жыл, 16 сентабрь) Әмен ақынның 1920 жылдары Коммунистік партияға мүше болып, мемлекеттік жұмыстарға қатысқаны туралы айтылады». «Әменнің Ташкенттегі қазасын Ж. Аймауытов хат арқылы естірткенде М-Ж. Көпеевтің денсаулығына, жалпы көңіл-күйіне қатты әсер еткен. М-Ж. Көпеев:

Жасынан бұрылмаған беті ыққа,
Ұл еді қарсы туған атқан оққа,
Құдайға ризамын хат-хат шүкір,

Толық боп жарап кеткен құрбандыққа – деп, ұлының қазақ халқының бас бостандығы үшін күресіп, ерлерше қасқайып оққа ұшқанын айта отырып, ақын жүрегі бір жағы сүйікті ұлынан айрылғанын да қатты нала қылады. Әменнің «Ащы бар тоймайтұғын татсадағы», «Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай», «Қолыма хат жазғалы алдым қалам» деген өлеңдерін жариялаған» курсивпен берілмей жазылғандар біраз өңдеуге түскен.

«...Жоғарыда аталған мақаласында Жайық Бектұров: «Әмен Мәшһүр – Жүсіп Көпеев дүниеден қайтқаннан кейін өзінің қызмет істеп, еңбегін сіңіріп келе жатқан № 14 қазақ мектебі, ондағы жастар клубы, бау-бақшасы, тағы әлденедей ұйымдары марқұм Әмен Жүсіпұлының атында болмақшы» – деп, жазған. З. Ақышев та Әмен туралы мынандай дерек келтіреді: «Кенес үкіметі орнағаннан кейін Әмендер, тағы басқа зиялы азаматтар Ташкентте мектеп-интернат ашып, соған төңкерістегі қалған жетім балаларды жинап, тәрбиелуді қолға алған екен. Бір күні Әмен жақындағы ауылдардың бірінен он төрт жасар жетім қызды алып келеді. Сөйтсе оны бір байшікеш тоқалдыққа алмақ болып жүрсе керек. Ол кісі жинап келіп, қызды қайырындар, әйтпесе ұлыққа айтамын деп қоқан-лоққы жасайды. Әмендер оны қуып тастайды. Ақырында жанағы қу бір алаяқтарға ақша беріп, інірде үйіне қайтып келе жатқан Әменді пышақтап өлтіреді. Мұны маған жазушы Өтебай Тұрманжанов марқұм айтып еді. Әменнің жерленуінде болдым, қабірін де білемін деп еді. Ол өзі сол интернатта тәрбиеленген екен» – дейді.

Ал, болған оқиға негізінен шындыққа жақыны Жолмұрат Жүсіпұлының қолжазбасында жазғандары. Ақын Д. Әбілев те Әмен жөнінде Шәрәпиденнен естігенін былай қағазға түсірген екен: «Өмір бойы желдей есіп, дариядай тасып, теңіздей толқып-толысып отыратын Молда атамның Ташкентте істеп жүрген Әменнің қайтыс болған хабарын естігендегі күйзелісі, күйініші бүкіл ел-жұрт көңілін күйзелтті. «Ақжол» деген газетте, айналып кетейін, Жүсіпбек Аймауытовтың көңіл айтуы азырақ тоқтау – сабыр ойлатқандай болды. Бірақ, Мола атам:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,

Оқ тиіп шетте жүрген Саяғыма – деп аһ ұрды. Отырып қалды. Бір балам бар өзімнен асып туған! – дейтін баласы Әменнің қазасы молда жанын қатты күйзелтті. Келесі жылы жазында Түркістан арқылы Ташкентке барып, Әменнің зиратына белгі орнатпақ, дұға оқымақ болып қасына Бәзілдің Рахымын, Айманның Шеризданын алып, көкбиришкеге қос түйе жектіріп жүріп кеткен еді. Қарқаралыдан әрі жүріске жарамайтынын сезіп елге қайта оралады. Құдайға адалы, бір әке, бір шешеден туғанымызбен Әменнің жаратылысы Фазыл екеуімізден мүлде бөлек еді. – Мен де білем, Әмен ағаны-дедім.

– Қалай?

– Он бесінші жыл шығар, – деймін, Қызылтау еліне бала оқытады екен. Үйлеріне келіп Қызылтауға қайтып бара жатқан жолында біздікіне түсіп, ат шалдырып, шай ішті, ет жеді өзіне арнап асқан сол отырыста төргі бөлмемізге қалтасынан қағаз алып «Хазіретке» деген өлең шығарып, біздің Әбекене Әбіл ақсақал Диханның әкесі оқыды. Содан есімде қалғаны:

Молдалар!

Құдай болса, әділ төрем.

Халыққа – жәннат, сендерге – дозақ берем, – дегені ғана. Ақ сұр бетіне білінер-білінбес қорасан дағы бар, отты жүз, күрең көз, өте ширақ, өжет мінізінен еркін отырады екен. Жаңағы «Хазіретке» деген өлеңін біздің Әбекене беріп кетті». Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің Күлікке Өтепберліден барып қосылатын туысы Жүсіпбек Аймауытов өзінің тетелес (Жүсіпбек Аймауытовтың туған жылы даулы, қараңыз – автор). Әменнің бірер жас үлкен болуы, не түйдей құрдас болуы да мүмкін. Өйткені Керекудегі екі кластық алты жылдық орыс мектебінде бірге оқыған. Бұл 1907 жыл деп көрсетеді.

Әмен 1888 жылы туған олай болса, Жүсіпбек те 1888 жылы туған болып шығады. Бұл әлі де болса анықтауды қажет қылады. Шәрәпиденнің Дихан Әбілевке: Жүсіпбектің «Ақжол» газетіне көңіл

айтуы Мәшекенді аздап сергіткендей болды дегенді. Осы орайда, С. Дәуітов: «М. Көпеевтің әрі туысы, әрі жерлесі жазушы Ж. Аймауытов «Ақ жол» газетінің бетінде (26 июнь, 1921 ж.) ерекше күйініп былай деп жазады: – «Ақ жолдың» 71 номеріндегі «Қапаста қалған Әмен Жүсіпұлы деген қазынаманы оқығанда жүрегім су ете түсті, Көзіме жас, көкірегіме қан толып, не болғанымды білмедім. «Әмен, Әмен» – кешегі өзіміздің оттай жайнап, жігері қайнап, жауыздықпен арпалысып жүрген Әмен бе?!» Бауырым, досым, таянышым, рас сенсің бе?! Көзімді мұнар басқаны ма?! Сөнген екен шырақ, ой жалған-ай, жас өмір-ай! Неге аяулы жан болдың? Қызық-қызметінді аз күн көрсетіп едің, неге тезінен жоқ болдың? Басынан асқан пайдасы жоқ, көп жауыздың бірі болсаң, өкінішің не, арман не? Жоқ, сен күйдірерлік жас едің. Сен елеулі жан едің. Сенің өміріңді, кім екеніңді жазбасқа болмайды...» Осылай дейді де ол ары қарай оның қай тумаға жататынын, кімнің баласы екенін, қалай оқып, білім алғанын, бүгінде сол білгенінен өзге жұртқа нұр шашып жүргенін тебірене толғайды. Хатының соңында: «...Қазақтың кем, қор әйеліне теңдік әперем деп өлетін жігіт аз. Әйел теңдігі үшін бірінші құрбан болған жігіт – Әмен. Қазақ халқы жоғалмай (әйел құл болып өтсе де) жасайтын болса, әйелдер. Әменің атын алтын жазумен жазып, бойтұмар қылып сақтап, маңдайшасына іліп қоюға міндетті. Қош бауырым! Жолдасым! Қартайғанда жұбаныш, қайғырғанда қуаныш қылатын қарт әкең Мәшһүрдің, әпекеннің қабырғасын сөксең амал не? Мәшһүр, Шәрәпиден ағайлар! Әмен сіздерге – бала, туысқан, маған серік, дос еді. Қатты батты, айтып болмас, қайтып келмес іс болды. Қазаға берік бол, бәлеге сабырдан басқа айтар сөз қалмады. Қуаныш көрісудің орнына газет бетінде жыласып көрісу кез болды, уақыт солай, қайтеміз. Қайғыларына ортақпын, – депті» [29, 251]. Тағы да бір деректе: «Ташкенттегі ортаншы баласы Әмен опат болып, оны Жүсіпбек Аймауытовтың жазған хаты арқылы білгенде: «Ауруыңды жеңілдететін де, жоғыңды да жоқтайтын ағайын ғой. Келіп, менің қайғымды бөлісіндер» деп, ең алдымен сол төрт адасын шақыртып алдырған екен» – дейді. Төрт адасы Мәшекеннің төрт досы: Оның бірі – Машарап ұста да қалған үшеуі Елеман ұрпақтары – Жүсіптер болса керек. Мәшекен өзін қосып: «төрт Жүсіп, бір Машарап» деп күліп отырады екен [30].

Қуандық Пазылұлы Мәшекеннің кенже ұлының ұлы. 1941 жылы туған дегенбіз. 1959 жылы туған өңірде Баян қазақ орта мектебін бітірді. Содан соң Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында оқуға түсті. 1964 жылы бұл жоғарғы оқу орнын тәмәмдады. Бұдан кейін Қазақ бұрынғы КСРО Ғылым

Академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында дәріс алады. Қазіргі ҚР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты». 1969 жылы көрнекті ғалым-академик Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен «Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1967 жылы республикалық баспасөзде алғашқы ғылыми-сын мақалалары жарық көрді. Олар: «Қазақстан мектебі», «Жұлдыз» журналы 1967 жылы № 12 санында басылған «М. Әуезовтің колхоз тақырыбындағы әңгімелері», «Прозадағы тартыс туралы ойлар» атты еңбектері. Содан бері ғалым тарапынан көптеген құнды мақалалар, зерттеулер туыпты. 1968 жылы Қазақ ССР жоғары және арнаулы орта білім Министрлігі жолдамасымен Семей қаласындағы Н. К. Крупская атындағы педагогика институтында аға оқытушы болып қызметке орналасады. Қазіргі Ш. Құдайбердиев атындағы «Семей» мемлекеттік университеті. Бірнеше жыл қатарынан «Қазақ әдебиеті» кафедрасының, доценті және кафедра меңгерушісі (1973–1978) болды. 1974 жылы «Жұлдыз» журналында № 7 санында: «Қара кемпір» повесі жарияланды. Іле-шала ірілі-ұсақты кітаптары баспадан басылып шыға бастады. «Бір әйелдің өмірі» «Жазушы» баспасы, 1975, «Армандастар» 1989, «Қыздар, жігіттер» (1981) «Однокурсники» «Жалын» баспасында басылып, 1989 тәрізді кітаптары оқырман жүрегіне баурап алды. «Ұл мен қыз» пьесасы 1992 жылы көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Мысалы сол кезде: «Сын и дочь», по которой поставлен спектакль на сцене областного музыкального драматического театра имени Абая. Автор постановки – заслуженный деятель искусства нашей республики Е. Обаев. Это первая театральная премьера первого драматургического произведения нашего земляка» – деп жазды. 1979 жылы Қ. П. Жүсіпов бұрынғы КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне өтті. Қазіргі Қазақстан Жазушылар Одағы. Қ. П. Жүсіповтың 50 жылдығына арналған «Бес белес» деген мақала жазылды. 1994 жылы ҚР.ҰҒА. М. О. Әуезов атындағы «Әдебиет және Өнер институтында» ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған кеңесінде «Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 1996 жылы ҚР Министрлер кабинеті жанындағы жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен «профессор» деген ғылыми атағын алды.

1991 жылы Қазақстан жоғары білім Министрлігінің шешімімен «Қазақстанның ағарту үздігі» белгісіне ие болды. Қ. Пазылұлының: «Өлең сөздің патшасы» (1991), «Қазақ лирикасындағы стиль және

бейнелілік» (монография, 1999), «Көркем сөздің құдіреті» 2000 жылы ғылыми еңбектері студенттер мен, ғалымдардың сүйікті оқулығына айналды. Жуық арада үш аспиранты Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында диссертацияларын қорғап шықты. С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің төрт аспирантына жетекшілік етеді. Мұның сыртында қаншама жарық көрген: шағын әңгімелері, повестері, газет, журнал бетіндегі ғылыми, көркем мақалалары жазылмай отыр. Қ. П. Жүсіпов туралы шәкірттері, сыншылар, жай ғана оқырмандар кезінде баспасөз бетінде өздерінің оқыған, білген жайттары, сөйтіп, М-Ж. Көпеевтің салған сара жолы, ұрпақ сабақтастығына айналды. «Әкеңнің баласы болма, халықтың баласы бол» – деген ұлылардың қағидасы осылай жүзеге асуда. Қ. П. Жүсіповтің өз балалары да үшеуі ф. ғ. к., екеуі т.ғ.к., тағы басқа келіндері де ғылымның даңғыл сұрлеуіне түскен абзал жандар.

С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің сол кезеңдегі ректоры Ерлан Мұхтарұлы Арынның тікелей басшылығының арқасында М-Ж. Көпеевтің 8 томдық шығармалар жинағы баспадан шықты. М-Ж. Көпеевтің мол мұрасын игеруде: 2001 жылы «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» (Республикалық ғылыми конференция) материалдары жарық көрді. 2001 жылы «Мәшһүр Жүсіп оқулары» Халықаралық ғылыми-тәжірибешілік конференцияның материалдарының жинағы шықты. Онда шет елдің, Қазақстан республикасының ғалымдары өздерін толғандырып жүрген ойларын ортаға салды. М-Ж. Көпеев жөніндегі қысқаша ғұмырнама осындай. Дегенмен, жыл өткен сайын М-Ж. Көпеевтің жарқын тұлғасы одан сайын жан сарайын аша түсері белгілі. Демек, М-Ж. Көпеевтің өміріне қатысты тың дереккөздер табыла берері сөзсіз. Соны көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа шашпай, төкпей жеткізу біздің басты міндетіміз.

2 Мәшһүр-Жүсіп шежіресі

(Осы деректі берген Мәнән ұлы Иманғали ақсақал
Ә. Қ. Пазылов, Баянауыл ауданы «Жаңа жол» ауылы)

Бала кезінен шығыс ғалымдарының шығармаларымен сусындаған Мәшһүр-Жүсіп Көпеев рухани және мәдени бұлақтардың құнарлы беттерін бойына сіңіріп, көкірегіңізге сәуле берерлік, өсиет сөздері, қыруар қанатты ойлары және көріпкел, әулиелігімен бүкіл мұсылман

баласына есімі танымал жан. Мәшһүр-Жүсіптің ғасырлар қойнауынан нәр алған шығармалары, уақыт сазымен үндескен өлең жолдары, еңселі оқиғалардың куәсі боларлық қолжазбалары, философиялық, ағартушылық көзқарастары қыр астындағы жаңа, ілгері мәдениетке қол созып тұрғандай. Жаңа өмірдің тыныс лебінің арқасында дархан даланың ақылгөйі Мәшһүр-Жүсіптің бүгінгі таңдағы алар орны ерекше. Оны уақыт төрелігі дәлелдеп отыр.

Ендігі тұста Мәшһүр-Жүсіптің ата-тегін тарату төңірегінде сөз өрбіткім келеді. Ол үшін Мәшһүр-Жүсіптің дуалы аузынан шыққан аталы сөздерді жаңғыртуға тырысқан, асыл тұяқтың сынығы Көпеев Сүйіндік Шарафиденұлының ел аузынан жинақтаған және атамыздың шежірелік деректеріне көз жүгірткен абзал. Себебі Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ: “Мені елден шежіре жинап, басқалардың аталарын мұрнынан тізіп, өзін неге жазбаған демесін”.

Қарақожа бабамнан Арғын туып,
Дәулетке сондай толған айналасы.
Онан соң Мейрамсопы бабам өткен,
Қуандық, Сүйіндік, Бөгендік, Шегендікпен.
Бес бала Мейрамсопыдан туған екен,
Қаракесек анасы басқа тектен.
Сүйіндіктен тарайды бір-бір сонап,
Мәжік пенен Сұғыныш, Ер Шоманақ.
Бір халқым Малай, Жәдігер жатыр өрде,
Туыпты Құлболдыны құдай қалап.
Құлболды сол бабамыз әулие өткен,
Айдабол, Күлік, Тұлпар онан біткен.
Жанболды Құлболдыны көп ренжіткен,
Және үлкен ағасы екен бұрын жеткен,—деп ата-тегі туралы мәлімет бере келе, Күлік – кыргызша жүйрік делінген туа беретұғын ел,— деп тек өзінің ата-тегін таратып қана қоймай, ұшы қиыры жоқ ұлан даладай ұлағат аларлық үлкен шежіре жинақтады.

Күліктің ең үлкені – Тілеуімбет
Қайратты, қайсар екен, қайтпаған б.
Бір өзінен он алты ұл туып-өсіп,
Соғысып көп қалмақпен болыпты мерт.

Демек, Сүйіндіктен – Құлболды, одан – Күлік, ол Күліктің бәйбішесінен туған үлкені – Тілеуімбет. Ол кісі өте қисық адам болса керек. “Өзі жұтап, жұрттан қашып шұбырып келе жатқан қазақтың көшіне жол-жөнекей қалмақ оқтай ұшырап, алты баласымен Наурыз қашып құтылып, он алты бала ат арқасында соңынан шұбырып

жүрген соң, Тілеуімбет қашпай соғысып, қалып, басы отағасының өзі болып, бықбырт тауыпты”. “Мәшһүр-Жүсіп қазақ шежіресі”. Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс деген үш баласы болған. Бізге керегі – Ақжігіт. Ал Бесім болса, қартайып өлген, зираты Ұлытауда. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің төмендегі дерегін келтіре кеткен жөн болар: «Мен, өз атым Жүсіп, қырық тоғыз жаста отырмын. Әкем аты Көпей, жылы барыс еді. Жетпіс үш жасында барыс жылы өліп, Баянаулаға қойылды. Оның әкесі Сермұхаммед жетпістен асып өліп, Қызылтауға қойылды. Оның әкесі Ақжігіт қырық тоғыз жасында өліп, Көкшетау бауырында Шортанқарағай, Қыздың қарасуы деген жерге қойылды. Оның әкесі Бесім қартайып өліп, Ұлытауда бес саланың өре басына қойылды. Бұрынғы заманда Ұлытаудың теріскей жағына ағатұғын сайларды «Бесімнің бес саласы» деуші еді. Тірі күнінде қоныс қылғаны үшін». Міне, Бесім сол саланың бойында жерленген екен” (Сүйіндік Көпеев). Ақжігіт бабамыз Көкшетау – Торғай аралығында мекен етті. Ол өте шыншыл және батыр адам болған. Ақжігіттің ортаншы баласы – Сермұхамед. Серілігімен есімі танымал болған. Оның зираты Қызылтауда. Сермұхамедтен 6 бала тарайды. Соның біреуі – Көпжасар. Көпжасар қораш, уақтау туғандығынан Көпей атанып кеткен. Мәшһүр-Жүсіп “Жүрек сыры” деген өлеңінде:

“Әкем Көпей жетпіс үш жасында өткен.

Өлең-жырға жас күнде бізді үйреткен.

Табиғатты өзі өстіп тамашалап,

Андарды аулап, серілік қызмет еткен, – деп жырға қосады.

Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабында «Мен, өз атым Жүсіп, қырық тоғыз жаста отырмын. Әкем аты Көпей, жылы барыс еді. Жетпіс үш жасында барыс жылы өліп, Баянаулаға қойылды» деген болатын.

Бәйтерек әке жан-жағына жапырақ жаймай тұра ма екен? Көпейден дархан даланың ақылгөйі – Мәшһүр-Жүсіп дүниеге келеді.

Көпей бабамыз Тоқа елінің Танаш деген байдың керуен басшысы болыпты. Көп жылдар қызмет атқарып, Баянауылға қайтып барып, өз өмірін бастау үшін туған жеріне оралуға рұқсат сұрайды. Танаш бай Көпейді қимай, біразға дейін жібергісі келмейді:

– Үйлендірейін, мал берейін, – деп, қалуын өтінеді.

– Жоқ, ер-туған жеріңе, – деп өз ойының өзгермейтінін баяндайды.

Көпей бабамызды қатты сыйлаған. Соңында Танаш бай өзінің Ұлбала деген жалғыз қызын қосып, алдына біраз мал беріп шығарып салады.

Мәшһүр-Жүсіптің бес жасынан өнерге бейім болуына, кейін өмір құбылысының сан қырлы болмысын өзінше шешуге тырысуына әке-

шешесінің қосқан үлесі зор. Сүйіндік Көпеев жазбаларына сүйенер болсақ, Ұлбаланың зираты “Торайғыр” ауылына қарасты “Шорабай”, – деген жерде. Көпей (Көпжасар), Баянауылдағы Хамариден қазірет жерленген зиратта, Қасен деген жастай қайтыс болған інім де сонда жерленген.

Халық өмірінің энциклопедиясына айналған шежіре туралы Мәшһүр-Жүсіп былай дейді: “Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. Оқуға сенген – ұмытшақ деп, оқуды керек қылмаған. Жазуға сенген – жаңылшақ деп, жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жад болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған”. Сөз соңында Баянауыл ауданының қадірлі ақсақалы Төлепберген Алдабереновтың 2002 жылы жазып берген «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің өз бәйбішесі туралы жазғаны» деген деректі келтіре кетуді жөн көрдім.

«...Әкем – Көпей, Танаш байдың керуенін Ташкент, Самарқан, Бұхар, Шәріпке енді бір шеті Қызылжар, Омбы, Орынборға бастап апарушы керуен басы болып қызмет қылыпты. Танаш байға: “Еліме қайтамын, Баянауыл, Қызылтауға кетемін”, – деп рұқсат сұрағанда, бай қызметіне риза болып, Ұлбала деген қызын беріпті. Сол Ұлбаладан осыны жазып отырған Мәшһүр-Жүсіп туған. Жоғарыда айтқан менімен бөле Тұрсынбай бидің баласы Бәйтенсал өз заманында сегіз серімен жолдас болған. Зираты Құсайын Желтауында жатыр. Құттыбай баласы Жапар ақын үшеуі екі жүз жігітпен, батыс Бөкей ордасында болған Исатай, Махамбет көтерілісіне көмекке баруға аттанды. Бұлар барғанда, Исатай қазаға ұшырап, Махамбет қуғын көріп, жан сауғалап кеткен екен. Қайырадан екі жүз жігіттермен елге қайтқан көрінеді. Ал өзім көрген сал-серіден дәл Бәйтен салдан асқан ешкімді көре алмадым. Өз шешем Ұлбаланың зираты Шорабайда. Қайын жұртымнан хабардар етейін. Баяғыда үлкендер қатын алма, қайын ал дейді екен. Қайын жұртым – Айдабол, онан соң Жанқозы, Төлебай батыр қасиетті керемет адамдар екен.

Өзім ғылым соңында жиһаз болып жүргендіктен, елдегі мал-жанға, үйге бәйбішем иелік етті. Осының өзін біле-білген адамға үлкен ерлік дер едім. Көлденең ұры-қарыға отағасының жоқтығын білгізбей, басындырмай амал қылған адам еді. Бәйбішемнің зираты Далбадағы Айдоста. Ол жерге медресе салдырып, біраз уақыт бала оқыттым. Осы адамдардың қазір жарық дүниеде біреуі де жоқ. Құдай рахмет айлсын деп отырмын. Орындарын Алла тағала бейіштен бұйыртсын.

Өз кіндігімнен үш балам бар. Мұхамед-Шарапиден, ортаншысы балам – Мұхаммед-Әмен. Тәшкенде бір қыз балаға араша түсем деп, бұзық жандардың қолынан қаза болды. “Құдай рахмет айласын” кіші балам – Мұхаммед – Фазыл. Мұхамед – Шарапиден екеуі өзіммен бірге, немеремнің алды Төлөубай биыл он бірден он екіге қарайды. Өзім болсам, жасым жетпіске таяп қалды”, – деп аяқтаған екен.

3 Мәшһүр Жүсіптің әкесі хәм Көпей туралы

(Қ. Пазылов Баянауыл ауданы «Жаңа жол» ауылы)

Мәшһүр-Жүсіптің әкесінің аты Көпжасар. Руы-Күлік, оның ішінде Тілеумбеттің Бесім деген немересінен тарайды. Бесімнің Ақжігіт деген баласынан – Құлмағамбет, Досмағамбет, Сермағамбет, Ақмағамбет, Ермағамбет зираты Қызылтауда, Ізмағамбет, Айтмағамбет, Тәшмағамбет. Ал Сермағамбеттен-Санжасар (Шаншар), Мыңжасар, Жүзжасар, Мағырап, Көпжасар (Көпей). Бір әкеден бес ағайынды туып, ішіндегі кіші қорашы әрі кенжесі болғандықтан ауыл ақсақалдары: «көпеш», «көпей», «кенже қозы» – деп атап кететіндіктен, кейін «Көпжасар» аты ұмытылып, «Көпей» – деп аталып кеткен. Мәшһүр-Жүсіптің өзі де: «Көпжасар қораш, уақтау туғандығынан Көпей атанып кеткен...» – деп жазады. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп «... жылы барыс еді. Жетпіс үш жасында барыс жылы өліп, Баянаулаға қойылды», – деп, Көпжасардың туған жылы мен қайтқан жылы туралы азды болса да мағлұмат беріп өтеді. Көпжасар 1806 дүниеге келіп 1878 жылы өмірден озды.

Көпжасардың әкесі Сермұхаммедтің ата қонысы – Қызылтау. Сермұхаммед білімді адам болған. Дегенмен де жан-дүниесі мен сана-сезімінің қаншалықты көш алды болғанымен де, етегінен тартқан кедейшілік көп нәрседен бас тартуына итермеледі. Дәулетті, малды болмаса да ақылы мен мінезінің және инабаттылығының арқасында өз ортасында құрметті бола білді. «Байлық мұрат емес, жарлылық ұят емес» деген халықтың даналы сөзін жүрегінде берік ұстаған Сермұхаммед жасы ұлғайған шағынды «абыз» атанады.

Оның Санжасар (Шаншар) деген баласы жастайынан ән айтуға әуестеніп, көпшіл болғанымен де құрбы-құрдастары кедейлігін айтып, бетіне баса бергендіктен, көп уақытын әкесінің қасында өткізетін. Сондықтан да Көпжасар жоқтықтың дәмін татпаса да, үзенгілес ауылдастары тәрізді білім де ала алмады. Дегенмен де 18 жасына дейін әке-шешесінің қасында болып, шаруашылықтың қыр-сырын

танып, имандылықты жүрегіне түйіп өседі. Көп ұзамай білімді аңсаған жас Көпжасар Қызылжар қаласына аттанады. Оның осы сапары туралы Жолмұрат Жүсіпұлы: «...Онда барған соң: «Оқу оқын!» – деп, медресеге кіріп, молданың алдына біраз уақыт отырғаннан кейін, ауырып қалып, 4–5 ай ауырып жатып жазылады. Үйден алған аз қаражаты жолда жүру мен ауырып жатқанда ұстаумен таусылып біткен соң, қайтадан қаражат тауып алу үшін, сол қалада тұратын Ахмет және Жәудір деген ноғайға қарамалайлыққа жұмыскер болып тұрады.» деп жазады.

Бала кезінен қара жұмыстың шетін көрген Көпжасар Ахмет пен Жәудірдің айтқанын екі етпей орындап, кейін атқосшы болады. Ноғайдың саудагерлері Бұхар, Ташкен, Түркістанға да алып кетіп жүретін болады. Көпжасар ноғай саудагерлерінің қарамағында 22 жыл жұмыс істеді. Әрине аз уақыт емес. Дегенмен де көпті көріп, көп жүргендіктен ел-жұртқа танымал болып, бірнеше тілді меңгереді. Ақырында ноғайлардың сеніміне кіріп, кей уақыттарда керуенді өзі бақаратын қалға жетеді. Бұл туралы Мәшһүр-Жүсіп: «Өр Қуандықта, қарсын-Керней, Әлтеке-Сарымда, Тамада жалғыз қара саудагер болып, Көпей саудагер атаныпты. Сонда сауда қылып жүргенде, орнығып көп жататұғын жерлері: Алтайда-Игілік байда; Төреде-қоңырқұлжада; Тоқада-Телғозы, Байғозы, Қарақозыда; Нұра бойында-Елеу (Ілеу) мырзада; Мәмбетте-Өзден, Саздана; Әлтеке-Сарымда-Жанғұттыда; Тамада-Ханкелдіде. Қайда атақты, еркелі жанды-жақты жерде жатып...», – деп мағлұмат береді. Орыс-қазақ, сауда қатынастарының кеңеюі, Ресейдің Қазақстанмен және Орта Азия халықтарымен әр түрлі сипаттағы байланыстары бүкіл Орталық Азияда халықаралық жағдайға әсер етті. Қазақстанның екі ірі мемлекет аралығындағы стратегиялық орны болашақта керуен саудасына қолайлы жағдай жасайтыны сөзсіз еді.

Сондай бір кезекті алыс сапарында Көпжасардың басынан өткен оқиғаның бірін Жолмұрат Жүсіпұлы төмендегідей баяндайды:

«Ол уақыттарда Бұхар, Ташкен, Қоқан Россияға бағынбаған, қарамаған күні. Орысқа қараған қазақ пен сарт жауласып тұрған кезі. Ташкен, Түркістан арасында сарттың «ақжалауы» [әскері – Е. Қ.] керуенді, бұларды қамайды. Заманында мақал болған: «Ақ жалау барда малым бар деме, Өзірейіл барда жаным бар деме!» – деген. Ол уақытта қазақ пен сарттың өштігі сондай: қолға түссе, бірін-бірі өлтіру, талап алу. Сонда «ақжалаудың» қосынын айтқаны:

– Араларында қазақ бар ма? «Осында қазақ Көпей деген саудагер бар!» – дейді. Қазақ Алтай Алдажұман Елікбайдың жүгі бар!» – дейді.

Соны тауып бер, өзін өлтіреміз, жүгін талаймыз! – деп. Ноғайлар да мұндай қыларын біліп, Ташкеннен бері қарай шығарда Көпейге әйел киімін кигізіп, басына ақ жаулық салдырып, Ташкент шаһарының патша балаларына салдыратын шашты басына орнатып, түйенің үстіне отырғызып алған екен. Сонда Ақжалаудың қосынын шындап тінткендігі сондай, түйенің үстінде отырғанда, киімнің сыртынан былқ еткен соң және жаулықтан шашы бұрқырап көрініп тұрған соң, әйел екен деп, сонда тоқтапты. Құдай сақтап, астын ашып қарамапты. Ноғайды айбалтаның сыртымен бірнеше рет нұқып-нұқып жіберіп, қылышты тамағына таяп-таяп:

– Бауыздаймын. «Осында қазақ Көпей саудагер бар!» – дейді. Соны сен білесің, айт шынындды, тауып бер жылдам!– деп. Өлтіруге көнді, айтпады:

– Бар болса, өзің тауып ала бер! – деп.

Айтпаған себебі неге десеңіз, қазақ Көпей саудагер табылса, керуен таланса, ноғайлардың мал-мүлкі бірге таланады. Және де қимайтын қиын жолдас болғандықтан, сонан аман құтылып,....» [5, 299 б.].

Осы сапарынан оралған соң Көпжасар біраз уақыт көңілсіз жүрді. Себебі ауылдастарынан әке-шешесі мен бір ағасының қаза болғанын естиді. Жасы болса 40-тан асты. «Туған жерге туынды тік» деген халық қағидасына мойын бұрған Көпжасар еліне қайтуды райлайды. Ақыры ноғай саудагерлерінен рұқсат сұрап жолға дайындалады. Олар Көпжасарға бауыр басып қалғандықтан басында небір сылтаулар айтып қарсы болады. Бірақ бір айқанынан қайтпайтын Көпжасарды көндіре алмаған соң, келісімін береді.

Әрі досы, әрі ақылшысы, сенімді адамы болғандықтан Ахмет пен Жәудір қимастықпен қоштасады. Кетерінде еңбек ақысына ақша мен мал береді.

Жол-жөнөкей Қоңырқұлжа төренің үйіне соғып, біраз күн болады. Төре:

– Осында Алтай-Мұрат: Танаш, Қанай деген менің балдыздарым бар. Саған лайық сол Танаштың бір қызы бар, – деп болмай, өзі айттырады. Бірақ Қанай:

– Елсіз-Жұртсыз бір қаңғып жүрген Күлікке қыз береді деген не? Былшылдақ,-деп қарсы болады. Дегеніне көнбеген соң Қоңырқұлжа төре Қанайды шақырып алып:

– Ол өзі қарашадай бала болса да, көп баланың ішінде құран оқыған дауысына құлағым сүйсінуші еді. Бір малды көп берген қара қазаққа қор болады-ау деп ойлаушы едім. Бір дін қуған, оқудың

қасиетін білетұғын жанға Құдай кез келтірді. Былшылдама, көп май жеме, бағын байламай, баланы беріңдер! – деп бұйырады. [6, 299 б.] Үлкеннің сөзін жерге тастамай, Танаш 13-ке енді толған Ұлбала деген қызын өз қолынан береді.

Еліне оралған Көпжасар кіші тірім бай атанады. Мәшһүр-Жүсіп: «Бай жігіт болдым!» – деп, жер-су алмақшы болып, Қаракесек, Сүйіндік арасынан Желтау, Шоқпардың маңайынан Күйеушоқының басында бір жаз жайлап жатып, үй-қора салып, пішен шаптырып, егін -жай қылмақшы болып, су ағызып, бір жаз ойына алғанын істеп, қолдағы сауда малынан жігі бөлек 100 сиыр, 400 қойды Қараөткел базарына ай-дап барып, арзан бағаға сатуға көзі қимай, қайтадан келіп, қарға салыпты», – деп жазады.

1858 жылы Көпжасардың 42 ал Ұлбала Танашқызының 18 жасында Қызылтауда, Ашамай тастың түбінде Адам-Жүсіп дүниеге келеді. Оның кіндігін Босқынбайдың Қисық деген бәйбішесі кесіп, Ізден абыз:

«– Бұл шырағым күндердің қожасы жұма күні туды. Атамыз Адам ата жаралған күн Мұның аты – Адам-Жүсіп болсын! – депті» [7, 299 б.].

1861 жылы Сарыарқада, оның ішінде Баянаула, Қызылтауда қыс қатты, жыл ауыр болып, ел жұтап қалады. Әрине осы кезде Көпжасардың да жағдайы мез болмаса керек. Себебі Жолмұрат Жүсіпұлы: «малдары жұтап қалып, қолында бір ат, бір сиырдан басқа мал қалмайды» [8, 300 б.], - деп жазады. Сондықтан да отбасының қамы мен баласының болашағын ойлаған Көпжасар жазда Баянаулаға көшіп барады. Онда Захар Гришков деген орыстың үйін сатып алады. Бірақ ол үйді бұзып, мешітке жақын қайта салуды қолға алғандықтан, құрылыс жұмысы 2 немесе 3 жылға созылуы мүмкін еді. Себебі «Дегенмен қолда сома (сумма) жоқ, күш аз: бір ат, бір сиырдан басқа малы жоқ. Жұмыс істеп, қайрат қылып, күш көрсететін бала дейтін бар азамат баласы Мәшһүрдің үш жастағы күні.... Үй бітпеген соң, қалаға қыстай алмай, қаланың жел жағында бес шақырым Қызылағаш, Бұзаутас деген жерді қыстайтын, руы Қаржас ішінде Сатылған деген таптан: Асубай, Жұмабай, Садырбай, Сегізбай,– деген жатақтармен 2–3 жыл бірге қыстап отырады» [9, 300 б.] Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өзі де:

«Бейнет беру жағына құдай мырза» дей келе:

«Тауық жылы салам деп бастаған үй,

Кемдікпен шатырсыз боп сол жыл бітті», – деп жазады [10, 117 б.]. Көпжасардың ендігі арманы Адам-жүсіпті оқыту болды. Сондықтан

да оның бұдан арғы тіршілігі мен әкелік парызының орындалуын Адам-Жүсіптің балалық шағына көз жүгіртіп көре аламыз. Бірақ бұл басқа зерттеу жұмысының өзекті тақырыбы болмақ.

4 Мәшһүр-Жүсіп және 1916 жылғы дүрбелен

(Ә. Қ. Пазылов, Баянауыл ауданы «жаңа жол» ауданы)

XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап қазақ халқының жағдайы ауырлай түсті. Әсіресе 1914 жылдың 1 тамызында Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуы ауыр соққы болып тиді. Кез келген соғысқа көп мөлшерде шикізатты өнімдерінің және азық-түлік, мал, әскерге азаматтар сонымен бірге көптеген материалдық игіліктердің қажет екені анық. Соғыс басталсымен-ақ бүкіл ауыртпалық қазақ халқының иығына түсті. Себебі:

- "Өз еріктерімен қаржы жинау";
- Мемлекеттік заемдарды зорлап жаздыру;
- Соғыс салығы түріндегі барлығы 10-ға жуық түрлі салықтар мен баж салығын төлеу міндеттелді. Жергілікті халық төлейтін салықтар көлемі 3-4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есеге дейін көбейді;
- Соғыс жүктерін (астықты) теміржол станцияларына жеткізу үшін олардың көлік күштерін зорлықпен пайдаланды.
- Жоғарыда көрсетілген жағыдайлармен бірге халық күнделікті тұтынатын заттар үздіксіз қымбаттай берді.

Соғыс Ресейдің отарлау саясатын тездетті. Бұл уақытта қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының басым бөлігіне иелік ете отырып, халықты рухани жағынан да қараңғы қылуға ұмтылды. Ұлттық және әлеуметтік езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтарға байланысты халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық пен аш-жалаңаштықтың етек жаюы – міне, осының бәрі халықтың басым көпшілігі тарапынан жаппай наразылық туғызды.

Соғыс Ресей империясында пісіп-жетіліп келе жатқан жалпыға бірдей дағдарыс үрдісін тездетті. Қазақстанның, Орта Азияның барлық дерлік аймақтарын қамтыған көтеріліс соның нақты көріністерінің бірі болды.

Қаладағы еңбекшілердің, өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың жағдайы күрт нашарлап кетті. Халықтың соғысқа наразылығын, үкіметтің Қазақстанның барлық облыстарына "төтенше соғыс жағдайын" енгізуі де күшейтіп жіберді. 1915 жылдың маусым айында Екібастұз бен Қарағанды көмір кендерінің, Қырғыз тау-кен

казу өнеркәсібі акционерлік қоғамының, Спасск зауытының қазақ жұмысшылары ереуіл жасады.

1916 жылдың жазында жұмысшы қозғалысы Риддер рудниктерін, Ембі мұнай кәсіпшіліктерін, Екібастұз, Байқоңыр көмір кендерін, Орынбор, Ташкент темір жолдарын қамтыды. Мұндай жаппай наразылықтардың нәтижесінің бірі 1916 жылғы көтеріліс болды.

Көтерілістің шығу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар еді. Яғни: жылы отарлық езгінің соғыс кезінде барынша күшеюі; жылы жерді тартып алу; жылы орыстандыру саясаты және т.б.

Ал ең бастысы патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы армияның қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды (қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салуға, окоптар қазуға, т.с.с.) "реквизициялау туралы" жарлығы негізінде жүзеге асырылды. Осы жарлық бойынша Түркістан өлкесінен алынатын 200 мың адам жеке облыстарға мына түрде бөлінген. Сырдария облысына – 60 мың, Самарқан облысына – 32 мың 407, Ферғана – мың 830. Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жаппай наразылық тудырды. Әлихан Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, "қалың елдің дариядай толқуы" басталды.

Аталмыш көтеріліс туралы: Тұрар Рысқұловтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Әлихан Бөкейхановтың, Санжар Асфендияровтың, Мұхамеджан Тынышбаевтың, Темірбек Жүргеновтің, Сейітқали Мендешевтің, Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Ермұқан Бекмахановтың, Манаш Қозыбаевтың, Кенес Нұрпейісовтің, Мәмбет Қойгелдиевтің, Талас Омарбековтің еңбектері, сондай-ақ, ұжымдық зерттеулері мен құжаттар жарыққа шықты.

Шілденің басында қазақ даласында көп кешікпей қарулы көтеріліске айналған стихиялық бас көтерулер басталды. Ол біртіндеп ұйымдасқан сипат алды: Торғай мен Жетісуда оның танылған жетекшілері А. Иманов, Ә. Жангелдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, Ә. Саурықов басшылық еткен ірі ошақтары пайда болды.

Қазақ қоғамында патша жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бір мәнді болған жоқ: бай-феодалдардың бір бөлігі, жергілікті әкімшіліктің кейбір шенеуніктері патша жарлығын қолдап, оны орындауға шақырды. Қазақ интеллигенциясының радикалды өкілдері (Тоқаш Бокин, Жанабай Ниязбеков, Әубәкір Жүнісов, Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Мендешев, Бәймен Алманов, Әліби Жангелдин,

т. б.) жарлыққа қарсы шығып, оны орындауға қарсыластық көрсетуге шақырса, "Қазақ" газеті төңірегіндегі либерал-демократияшыл зиялылардың жетекшілері (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т. б.) күші басым үкіметке қарсы шығудың халықты қырғынға ұшыратарын ескертіп, сабыр сақтауға шақырды. Ал патша әкімшілігінен тыл жұмысына адам алуда асықпауды өтініп, әуелі дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасады. Себебі олар көтеріліске шыққан халықты патша өкіметі аяусыз жазалайтынын ескерткен болатын. Әрине бұл қазақ зиялыларының көрегендігі болса керек. Себебі әр жерде жеке-жеке болып бас көтергенше бірігіп, амал қылған әлде қайда тиімді еді. Дегенмен де халық зиялы қауымды емес көтеріліс басшыларын көп қолдады.

Патшаның жарлығы бұқара халықтың сана сезіміне серпіліс әкелді. Себебі қазақтың патша өкіметіне деген ойы өзгерді. П. Николайдың антында тұрмағаны байқалды. 1822 жылғы "Сібір қазақтары туралы Жарлығында" көрсетілген "қазақтан солдат алынбайды, қазақ адамдарына жалпы әскери міндет, борышы болмайды" деген құжатта белгіленген уәденің орындалмауы Ақ патшаға деген көзқарастың жалындауына әкеліп соқты. Қошқе Кеменгерұлы "Бұрын қазақ "ақ патшашыл" еді, "патша жасырын намаз оқиды" деп, дін пердесін жауып, өздеріне жақындатып қоюшы еді. 25 июнь жарлығы шыққан соң қалың қазақ патшаны тұқымымен қарғап-сілеп, мүлде безді" деп жазады.

Әлихан Бөкейханов 1926 жылы Мәскеудегі Кеңес Одағы халықтарының орталық баспасында көтерілістің 10 жылдығына орай жарияланған "1916–1926 (25 июнь)" атты еңбегінде былай деп жазды: "Түстігінде Хантөңірден Арқада Тобылға дейін, батыста Астраханнан шығыста Алтайға дейін үйінен өрт шыққандай алаштың ұлы қозғалды. Ерлері ұйқы да жоқ, дамыл да көрмей қала барып, дала барып тоқым кеппей жортады. Текеде (Орал), Қостанайда, Атбасарда, Қарқаралыда ел болыстарын сабайды, жарады, өлтіреді. Патшаның жарлығын болыстардан көреді: елді орысқа жердей сатқан сендер дейді. Қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрікпен, тәжіктер бас көтереді".

Қара жұмысқа алынатындардың тізімдерін тікелей жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімшіліктердің басқа да қызметкерлерін жазалаумен басталғаны ақиқат.

Өйткені тізім жасаудағы бұрмалаушылық әуел бастан жаппай паракорлық пен қиянат жасаушылықты туғызған болатын. Әкімшілік жүйесі ол кезде қазақтарда тууы туралы куәліктердің болмағандығын пайдаланып, тізімге жас шамасына қарамастан, кедейлерді енгізіп,

ауқатты әулеттерден пара алып, олардың өкілдерін шақырудан босатты. Оның үстіне патшалық өкімет орындары өлке тұрғындарының кейбір әлеуметтік топтарының өкілдерін (болыс басқарушыларын, жергілікті халықтан шыққан төменгі шенді полицейлерді, имамдар мен молдаларды, дворян және құрметті азамат құқықтары барларды, т.с.с.) майданның қара жұмыстарына шақырмайтын болды. Осының барлығы халықтың басым көпшілігінің ашу-ызасын туғызды. Көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, жасалған тізімдерді өртеді, жекелеген болыс бастықтарын өлтірді.

Қазақстанның әр аймағында стихиялық түрде басталған патша жарлығына қарсы әрекеттер бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласты. Нәтижесінде көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды, дегенмен де оның ірі ошақтары алдымен Жетісуда, одан кейін Торғай-Ырғыз өңірінде қалыптасты. Көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттыққа қол жеткізу болды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күшін ұлттық шаруалардың қалың тобы, және жұмысшы тобының өкілдері құрады. Сонымен бірге оның ұлт-азаттық сипатта өрістеуіне оған қазақ халқының басқа әлеуметтік топтарының – байлар мен ауқаттылардың және патшаның билік жүйесіндегі төменгі баспалдағының (туземная администрация дейтін), сондай-ақ солшыл қазақ зиялыларының жекелеген өкілдерінің қатысуы әсер етті.

Көтерілістің аса ірі ошақтары Жетісу, Торғай болды. Жетісу облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында жаппай қарқын алды. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланды. Патша өкіметі мұнда ірі әскери күштерді жібере бастады. Қыркүйек, қазан айының басында жетісулық көтерілісшілер шегініп, Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды.

Торғай көтерілісі (басшылары А. Иманов, Ә. Жангелдин) 50 мыңдай адам қамтыған ірі қозғалыс болды. А. Иманов көтерілісшілерді ондыққа, елулікке, жүздікке, мыңдыққа бөлді. Арнайы мергендер бөлімшесі құрылды. А. Иманов бас сардарбасы болды. Оның жанында әскери кеңес жұмыс істеді.

1916 ж. 25 маусымдағы жарлығы халық наразылығын тудырған соң, Патша өкіметі кідірмей Түркістан өлкесінің соғыс жағдайында екені жарияланғаны туралы екінші – қосымша бұйрық шығарылды («Туркестанские ведомости» газетінің 57-ші нөмірінде басылған). Сол кезде темір жолдарда бұратана елдердің адамдарына билет сатпау (тұрғын елдің наразылығы білінуі себепті), бұратана елдердің адамдарының орыстың офицеріне, түрмелеріне бас июге міндетті екендігі туралы бұйрықтар да шығарылды.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында маңызды орын алды. Ол отарлауға және империалистік саясатқа қарсы өрбіді.

Нарманбет «Сарыарқа сайран жерім-ай» деген өлеңінде:

Сарыарқа сайран жерім-ай,
Салқын да самал белім-ай.
Сарыарқаны өрт алды,
Мезгілінен ерте алды,
Көктар, алауы қуармай,
Көк ала түтін қаптады, – деп патшаға лағынет айтады.

Ішкен асым батпады,
Жүрегімді дерт алды.
Мал садақа, жан пида,
Бала сұрап ер алды,
Боздақтарым сандалды.

Өрт алған дала, төгілген қан, сандалған жұрт – бәрі ақын өлеңінен шыншылдықпен көрініс табады.

1916 жылғы көтерілістің бір жалғасы Баянауыл өңіріне қарасты "Алабас-Далба көтерілісі" болса керек. Оның жетекшісі Бәшерден Бейсенұлы. Баянауылда өткен көтеріліс және Бәшерден төңірегінде көп айтылмайды. Тек Мәшһүр-Жүсіп: "Қаратомарда отырған да бейсеннің Бәшердені Ақбел асуындағы шатқалда қол жинап жатыр" деп елдің атқа мінер жігіт-желеңі солай қарай ағылды. Бұл Ақбел асуы – киелі жер. Кешегі Ақтабан шұбырынды заманынан қалған ізге шөп өспейді, әлі сайрап жатыр. Абылай хан Арқаға келгенде Олжабай батыр осы Ақбел асуында ғаскерінің бас аяғын жиып, қалмақты шапты. Қала берді орысқа қарсы Кенесары көтерілгенде Қаржас Ақмырза он сегіз мың жылқы біткен Азанбайдың Сейтені мен Тайжаны жасақ жинап, "Кенесары ханға көмек беремін" деп аттанған жері осы Ақбел асуы болатын. Енді балдағы алтын наркескен Бәшерден батырға тиді. Ол: "Елден солдатқа адам бермеймін. Болыс пен старшындар жасаған тізімнің көзін жоғалтсын, ел арасына әскер шығарса, Баянда, Шалқардағы каза-орыстың тұқымын түздай қыламын", деп, жиында елге сөз айтқан. Өзі үш мыңдай адамды дайындаған көрінеді", – деп жазады. Демек Баянауылдағы көтерілістің ауқымы әр жерде орын алған тәрізді. Мәшһүр-Жүсіптің "Еліңе пайдасы тиген ерлерді айтпасаң, ертең өсетін бозбала бордай үгіліп, өз жерінде өгей бала болады да" деген сөзі бүгінгі күні тарихшылардың ұраны болмақ. Жаяу Мұсаның "Қаулауда" деген өлеңінде "Наурызбай екінші атын

сен Бәшерден" деп жазады. Ал Мәшһүр-Жүсіп жазбаларына үңілер болсақ Бәшерденнің руы Айдабол, оның ішінде Жанғозы – Мамыт.

1916 жылы әскерге шақыру саясатына наразы, бір топ Баянаула жастары да көтеріліске шыққаны мәлім. Оның ішінде Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы Мұхамед Әменде бар. Бұл кезде Мұхамед Әмен 28 жаста болатын. Профессор Қ. Жүсіпов «1916 жылы солдатқа алынғанда (Әменді айтып отыр) Мәшекеңнің әділдігі сонша, «Бұл – елге нәубат» деп баласына ара түспеген. Сонда Әмен әкесіне өкпелеп хат жазған» – дейді. Мәселенің мән-жайын ашу мақсатында Мәшһүр-Жүсіптің Мұхамед Шәрәпиден деген баласының бәйбішесі Ақзейнеп әжеміздің естелігін және Д. Әбілевтің мақаласын келтіре кеткенді жөн көрдім. «Мұхамед Әмен (Әтиім):

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,
Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам,
Әкенің ең жақсы жездедей деп,
Соны айтқан бұрынғыда әулие адам!, – деген екен.

Бұны неге айтқан? 1916 жыл патшаның қазақтан майданға жігіттер алу туралы жарлығында дала жүрегін дір еткізді. «Кім үшін соғысқа барамыз? Не үшін соғысамыз? Неге текке қырыламыз?» – деп Баянаулының он болыс елінің еті тірі, жау-жүрек азаматтары ұрандасып Алабас тауына көтеріледі. Көтерілісті Бәшерден батыр басқарды. Әмен сол көтерілістің жанған өрттей жалынды ерлерінің бірі болды.

– Шіркін-ай, арамызда Мәшекең болса, батасын берсе қандай күдіретті әскер болар едік! – дегенді сондағы екінші бірі айтатын бопты.

– Жөн сөз? – Арамызда бір күн ғана болып, батасын беріп кетсе жетіп жатыр ғой, – десіпті жігіттер.

Әмен де осындай ойда болыпты. Ал Мәшекең ше? Мәшекең, бұл көтерілісті мағыналы деп деп те мағынасыз деп те таразылайды. Мағыналысы – патшаның жиһангерлік соғысы үшін әділетсіз жарлығына қарсы көтерілмей отыру едік болар еді. Ал мағынасыз не? Патшаның сан алуан соғыс құралдары сайлы, қару жаракты да қаһарлы әскерлеріне қарсы соғысар қазақта сойыл-шоқпардан басқа, қоян ататын бірлі-жарым мылтықтан басқа не бар? Сондықтан Мәшекең 16-жылғы Баянауылдағы көтеріліске «Бейтарап» қалыс адам бейнесінде отыруын мақұл көреді». Көтерілісті Баянауылдың ақсақалдары да қолдамаған. Себебі көтеріліске қатысқан қазақ ауылдарының патша өкіметінің жазалау әскерінен опық жейтінін алдын-ала сезсе керек. Тіпті Мұхамед Әменнің өзі Бәшерденнің:

– Мәшһүрге барамын, – деген сөзіне, – аға, әкеме бармай-ақ қойыңыз, ол кісі батасын бермейді, жауабына "аузынан от шашқан қаруы бар әскерге сойылмен қайрат қылмайсыңдар, қойдай қылып қырып тастайды", – деп айтады десе керек.

Әменнің 1916 жылғы көтерілістегі шынайы бейнесін З. Ақышев былай суреттейді: «1916 жылы қара жұмысқа қазақ жастарын алу туралы патша жарлығы шықаны белгілі. Оған бүкіл қазақ даласында қарсылық жасалды. Сондай көтерілістің бірі – Баянауыл маңында болған. Көтерілістің орталығы Алабас тауының баурында, қазіргі Сәтбаев совхозына таяу жерде болды. Көтерілістің басшысы Бәшерден Бейсенұлы деген азамат. Батыр, елге беделді, аттыға жол, жаяулыға сөз бермейтін шешен адам болыпты. Жүкең (Жүсіпбек Аймауытов) «Қартқожа» романында бұл кісіге Дәрмен деген ат беріпті. Дәрменнің көмекшілерінің бірі – Әмен...». Ал оның жалынды ақын екенін Қ. Мұхаметқанов пен Қ. Жүсіпов: «Оның әсіресе, 1916 жылғы халық наразылығы жөнінде жазғандарының ішінде жоғары идеялы өлеңдері баршылық» – деп танытады.

Бәшерден Мәшһүр-Жүсіпке келіп:

– Жасым елуге келгенде жанымды шүберекке түйіп, ел үшін басымды оққа байлап, қол жиып қосын аттандырғалы отырмын, ақсақалдар "әумин" деген батасын қимайды. Сіз ақыл қоссаңыз...

Сонда Мәшһүр-Жүсіп:

– Мен бата беріп, тәмам боздақтың обалына қала алмаймын, айтқанымды ақылына сиғыз, – деп кері қайтарса керек. Айтқанындай сол күзде Бәшерден әскері қаруланған патша жәндеттеріне қарсы тұра алмай, шетінен қырылған.

Дегенмен де Мәшһүр-Жүсіптің көтерілісшілерге оң қабақ танытпауы заманның өзге қырынан келгендігін ескеретінін аңғару қиын емес. Себебі ол:

Қаракесек Бекболаттың Заманы

Қасқыр деген Заман еді,

Жамандық пен бұзықты

Басқа ұр деген Заман еді.

Айдабол Тайкелтірдің Заманы

Түлкі деген Заман еді,

Ойын мен мәжіліс

Күлкі деген Заман еді.

Қаракесек Алшынбайдың Заманы

Қарсақ деген Заман еді,

Біреудің бір нәрсесін алдап

Алсақ деген Заман еді.

Шүршіттің темір қақпаны,

Мұжықтың кендір арқаны

Жетпіс жылда бір шірір деп еді, – деп осы уақытта айса керек.

Иә, 1986 жылғы жастардың толқуы мұжықтың кендір арқанын шірітіп қана қойған жоқ, тас-талқанын шығарды емес пе? Демек 1916 жылы «Жетпіс жылда бір шірір» дегені 1986 жылғы уақиғаны меңзеп тұрғандай емес пе?. Бұл ойын Мәшһүр-Жүсіп халыққа да айтқан. Бірақ жалындап тұрған жас буын тыңдамады. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің көтеріліске араласпауын, ел обалына қалғысы келмеді деп түсінген жөн болар. Сонымен бірге қарапайым халықтың патша әскеріне қарсы тұрар қауқары да болған жоқ. Себебі:

1) бұл көтеріліс стихиялы түрде болды;

2) саяси партиялардың мүшелері ат салыспағандықтан ұлттық-буржуазиялық қозғалысқа ұласпады;

3) Рұсқыловтың пікірінше: «көтеріліс алғашқысында, жаңа жерлерді басып алу мақсатында патша жәндеттерінің арнайы ұйымдастырылған саясаты бойынша жүзеге асырылды»;

4) Қазақстан жерінде орын алған қарсылықтың барлығын дерлік көтеріліс деп қарастыруға болмайды;

5) В. Маликовтың пікірінше: «Игнорирование восстания, обусловленное недооценкой революционных возможностей аула и крестьянских масс как резерва и союзника пролетариата ».

Көтерілісті басу үшін патша үкіметі аянбады. Бір ғана Жетісудағы көтерілісті басу үшін патша үкіметі 8750 найзалы мылтығы бар 95 рота, 3900 қылышкері бар 24 казак-орыс жүздігін, 16 зеңбірек және 47 пулемет жіберді. Облыста ондаған қазақ ауылдары мен қырғыз ауылдары жойылып, бейбіт тұрғындар аяусыз қырғынға ұшырады. Өкімет органдары қудалаған 300 мың қазақтар мен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға босып кетуге мәжбүр болды.

Генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот үкімдерімен Түркістан өлкесінде өлім жазасына – 347 адам, қаторгалық жұмыстарға – 168, түрмеде тұтқындауға – 129 адам кесілді.

Ал 1908 жылдары Мәшһүр-Жүсіп: «Ақиқат жолында жалындап, Алланың жазуымен емес, адамның қолынан қаза болғандардың ғасыр соңында жұлдызы жанар», – деген екен. Демек, өткен ғасырдың кейінгі 10–15 жылының, қазақ халқының маңдайына жазылған тәуелсіздік пен ақтандақтар уақытын ескертіп тұр. Үлкен ойдан, ұшқыр қиялдан, асқан даналықтан туған жанға саялы әр сөздері Мәшһүр-Жүсіптің әулиелігімен бірге көркем сөздің хас шебері екенін аңғартып-ақ тұр.

Көтеріліс күшпен басылған соң, отарлау саясаты жалғасын қайта тапты. Введенский И. өз еңбегінде: «С 1907 г. в связи с ростом переселения начинается скупка частных земель в Западной Сибири со спекулятивными целями. Капиталисты-предприниматели, скупая землю крупными участками по 10–20 рублей за десятину, продавали ее затем крестьянам по ценам, в несколько раз превышающим названную. К 1912 г. средние цены на частную землю достигли в Акмолинской области 75–77 рублей за десятину, в Тобольской – от 35 до 100 рублей», – деп қазақ жерлерінің саудаға түскенін жазады.

Дегенмен де 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол түптеп келгенде 1917 жылғы ақпанда Ресей империясында монархиялық билік жүйесінің құлауын жағыдай туғызды.

5 Мәшһүр-Жүсіп және 1905 жылғы патша манифесі

(Ә. Қ. Пазылов, «Мәшһүр-Жүсіп» мұражайының ғылыми қызметкері)

XX ғасырдың басы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің шарықтау кезеңі болып табылады. Себебі саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени тұрғыда отаршылдық езгінің күшеюіне байланысты Бүкілресейлік ереуілдің әсерімен Қазақстан қалаларында Шалқарда, Қостанайда, Верныйда, Оралда т.б. жерлерде демонстрациялар мен бой көрсетулер "Патша самодержавиясы жойылсын", "Бостандық жасасын" деген ұрандармен өтті. Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени мәселелерге тікелей байланысты болды. Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ: "Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді,".

Ел ішінде революцияның күшті өрлеуінен қорыққан патша үкіметі 1905 жылы қазанның 17-де манифест жариялауға мәжбүр болды. Онда:

– Бірінші: патша азаматтық бостандықты сыйлайтынын жария етті. Демек, жеке бас еркіндігі, діни және сөз еркіндігі мен ұйымдар құру бостандығы берілді;

– Екінші: Сайлаушыларға екіндік берілді. Ендігі тұста еңбекшілер мен қала интеллигенциясы Думаға сайлауға немесе сайлануға мүкіндік берілді;

– Үшінші: Дума заң құқығына ие болды. Думаның мақұлдауынсыз бірде – бір заң қабылданбайтын болды.

1905 жылғы қанды жексенбіден кейін патшалық билік уақытша болса да, елде демократиялық еркіндікті кеңейту, бұқараның пікірін білу, халыққа еркін пікір білдіру құқың беруге әрекет ете бастады. Қазақ жұртының қоғамдық-саяси өміріне зор сілкініс туды, тәуелсіздік, еркіндік үшін күрес жаңа сипат алды. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларына жаңа мазмұн, жаңа түр әкелгені анық. Халық бостандығын аңсаған ақын көтерілісті қуана қарсы алды, үн қосты. Демократиялық жаңғырулардың арқасында көптеген мәселелердің шешімін табуға болады деп сенген ақын, сол кездегі толқынға белсене араласып, өзінің отты жырларын арнады. Қошқе Кемеңгерұлы "... қазақтың оқыған азаматтарының бірсыпырасы жазушы болса да, іске татыр маңызды сөздер, әлеумет мәселесі Әлихан Бөкейханов пен Жүсіп Көпеевтің қаламынан-ақ шыққаны көрінеді" деп жазған еді. Дегенмен де бұл ұлт зиялыларының тұңғыш рет саяси партия құру әрекетін қолға алып, бірігіп жұмыс істеулеріне жол ашқаны ақиқат. Сонымен бірге манифест болашағы тықырыққа тірелген дін мен жер мәселесінің шаңырағын көтерді. Бірақ қазақ зиялыларының бірнеше партияға бөлініп, бір-біріне қарсы шығуы елдің берекесін қашырды. Әрине қай партияны алмасаңыз да мақсаты бостандыққа қол жеткізу. Ал қазақ халқының әлеуметтік және рухани бет алысы бұлыңғыр болатын. Сондықтан да партиялар мен қазақ басылымдарының болашағы өміршең болмады.

1905 жылы 17 қазанда жарияланған патша манифесін Ресейдің аса ірі помещиктері мен буржуазиясы ұлы саяси төңкеріс деп есептеді. Манифесті жүзеге асыруға және патша тәжін қорғап қалуға "Октябристер партиясы" құрылды. Олар 1905 жылдың 10 қарашасында өз бағдарламаларын қабылап, абсалюттік монархия мен Ресейдің біртұтастығын сақтауды мақсат тұтатынын аңғартты. Ал Большевиктер партиясы манифесті патша үкіметінің халықты алдамақшы болған айла-шарғысы деп қабылдады.

Қалай дегенмен де революциялық өрлеуді басу үшін және еңбекші халықтың наразылығынан қаймыққан патша үкіметі арнаны басқа жаққа бұрып, зиялы қауымға жеңілдіктер бере отырып, отарлау саясатын жүргізе беруді көздеді. Ғалым ағамыз Мәмбет Қойгелдиев "...наразылықты тежеу, елді, жалпы, қамтыған энтузиазмды басқа арнаға бұру арқылы патшалық билік жаңа әдіс-айлаға көше бастады", – деп нақты бағасын берген болатын.

Мәшһүр-Жүсіпте:

«Қолында хүкіметі тұрған күнде,

Жіберсін біздің жаққа не ғып қиып?!»

Білгіштер ұлпаттасып арыз айтып,
Шығарған манифесті басын жиып.
Қылғаны хакімдердің бізге зорлық,

Низамға тура келмес ісі сиып», – деп сенімсіздік білдіреді. Алғашқысында қолдаған мен де бұл манифестің көз алдау екенін түсінген Мәшһүр-Жүсіп дін мен жерге және азаматтың басына ерік беріп, бүкіл жұртқа манифест шашып жатыр,- дей келе:

“Хакімдер залымия басып жатыр”, – деп жазады. Ол патша үкіметінің қанша тырысқанымен де, кейбір жандардың, халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуына кедергі жасайтынын сезген де болар.

Мәшһүр-Жүсіптің пайымдауынша халық еркіндікке тек біліммен ғана жетпек. Ол ауылдар мен қалаларда мектептер салуды және балаларжы жаппай оқытуды ұсынды.

“Біздің сахаралық көшпелі халық әңгімеден құлағы алыс болса да, хат-хабарларды білімді даналар алып оқып, жәтһад-әбин құлақ қойып тыңдаған жанға естіртеді. Ноғай бауырларымыздың ғарайып-ғажайыптан жазған мектептерін оқып тұрамыз. Өзіміздің тілде мұсылман жазуы илан шықса, орысша тіл мен орысша хат илан жазылып шықса, оны да оқитұғын өнерпаздар бар. Бірақ қауым көпке өзінің мұсылманшасы тыйыш, перевод іздемейді. Бірақ переводқа сеніп тұрғанша, біздің қазақ халқы әрбір ғылым болса да, жалқау тартпай, біле беруге лайықлы дүр. Біз-дағы өзіміздің шамамызша, бұ қазақтың шаруа халін басқа халықтарға баян етуге мұнасиб”, деп қазақ арасындағы мұсылманша оқу Бұхара, Қазан жағындағы мұсылманша оқудың үлгісі, тәртібі бойынша мектеп (бастауыш оқу), медресе орта дәрежелі оқу болып аталатынын жеткізеді. Халықтың басым көпшілігі хат танымайтын. Әсіресе қыз балалар. Оқытқанның өзінде де көбінесе діни сабақтарға көп көңіл бөлініп, ана тілі, дүнияни ғылымдар – есеп, география, тарих қамтылмайтын. Білімнің жоқтығынан төрт түліктен ішіп-жеп, өсіріп, мініп, сатып, бағып-қағып көшпенді тіршілік кешті. Болашақтан көп үміт күткен Мәшһүр-Жүсіп: “Мархабат, патшамыздан, кендік болды-ау”, – деп, қазақ өлкесінде қалыптасқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсарарына сенім білдіріп, бірігуге шақырды. Мәшһүр-Жүсіп:

Ходқа алып тексермейді қазақ сөзін,

Жіберер келемеждеп оның өзін.

Сөтке, жұма, ай, жылда – бір жауап жоқ,

Сүзілтіп жүргенменен екі көзін – деп Патша өкіметінің зұлым саясатын, халқына жасап отырған көренеу зорлық-зомбылығын.

қорлығын жаза келе, халықтың сөзімен ешкімнің сааспай жатқанын ашына жырлайды. Осы келеңсіздіктерден қазақ арылып болмайынша, оларға өнер, білімнің ауылы алыс болмақ дегенді айтады.

Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының басым бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, халықты рухани езгіге де түсірді: оны тілінен, дінінен, ділінен айыру бағытында жымьсықлықпен ойластырған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Мәшһүр-Жүсіп: “Біздің жер мархабаттан қашық жатыр, Хайласы хакімдердің асып жатыр, – дей келе елдің мұны патшаның құлағына жетпей жатқанын алға тартады. “Халықтың бірлігін құртып отырғандар ішімімізде жүр”, – деп, Мәшһүр Жүсіп: “Біздің қазақ бұл Россияға қараған соң болыс деген, ауылнай деген шықты, сонда ауыл бастап сайлағанда заманындағы қариялар айтады екен «болыс болдым дегенше, орыс болдым десеңші, ауылнай болдым дегенше ауылды айналған ит болдым десеңші» дейді екен. Сонан соң бұл болыстық ауылнайлық сайлаумен болатын болды. Ауыл сайлаушылармен болатұғын болды. Ақыры не болатұғынын құдай білді”, – десе, енді бірде:

Манифест император берілген соң,

Қуаттап әркім дінін алған-дағы.

Патшаның қол астында: поляк, еврей,

Сарт, ноғай, орыс, қазақ, армян-дағы, – деп Мәшһүр-Жүсіп патша манифесті шаш ал десе бас алатын жан алғыштардың тонау, күштеу әрекеттерін біраз болса да тежегеніне қуанышпен карап, басқа ұлттардың таңы атқанын қуанышпен жырға қосады.

XX ғасырдың 1905–06 жылдары Қазақстанның әрбір өңірінде облыстық, уездік переселен мекемелері ашыла бастады.

“Ата менен бабадан қалған жерге,

Мұжық кеп тіл білмейтін бидай шашты”– демекші қазақтың жарамды жерлерін алып, ішкі Ресейден келген қоныс аударушыларға беру ісімен айналысты. Яғни бұл кезде қазақтың жарамды жерлерден біржола айрылып қалу қаупі туды. Қарсы болған қазақтарды атып тастау немесе жазалау осы кезде кең өріс алды. Мәшһүр-Жүсіп бұл туралы “Өлуі мұсылманның құнсыз болды”, – деп жазады. “Күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу, солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадимде Дешті-қыпшақ аталған қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан тоқсан екі рулы ел тарайды. Сонан бері неше жұрт келіп, неше жұрт кетіп, Сарыарқадағы жер аты – бөрі қазақтың ата-бабасының қойған аттары”, – деп Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаның тарихына шолу жасай отыра, бұл жерлердің ата-бабамыздың ұрпағына қалдырған аманаты

екенін ескертеді. Аманатқа қиянат жасау күнә болса, ендеше ол жерлерді игеріп, неге қызығын көрмеске.

1905 жылғы Ресейдегі орыс революциясынан кейін патша өкіметі қара халықтың белгілі бір өкілдерін "сенімсіз адамдар", – деп есептеп, қазақ даласына қоныс аударады. Бұл Қазақстанның әрбір өңірінде орналасқан облыстық және уездік переселен мекемелерінің жұмысы болатын. Міне, осындай ішкі Ресейден келген қоныс аударушылар, немесе "босқындар" Баянауыл аймағына да жетіп, қазір "Южный", "Алексеевка" деп аталатын жерлерге қоныстана бастайды. "Алексеевканың" бұрынғы атауы «Қаратал». Қазақ ауылдары жаңа қоныстанушыларға қарсы наразылық білдіріп, ел ішінде іріткі туа бастайды. Кейбіреулер: "Орыстар шошқа асырайды, ол харам, орыстармен араласқан адам діннен безеді» дегенді желеу етіп, ұлт өшпенділігін күшейте түсуге тырысады. Әрине, бұл арандатушылыққа ерушілер де болмай қалған жоқ. Қақтығыстар жиілеп, ел ішінің дүрбелең жағдайларға да көшкен кездері болады.

Осы жайды естіген Мәшһүр-Жүсіп жанына Әбәйділде деген адамды ертіп (ол кісі "Шідерті" өзені бойындағы "Ажы" деген жерден екен де орыстармен көрші болып тұрған), сол кезде орыс қоныстанушыларының қалың шоғырланған жері "Қаратал" (Алексеевка) поселкесіне келеді. Олармен ұзақты күн әңгімелесіп, өзара түсінісіп аттанады. Сонымен бірге орыстардан қолдан пісірген бір қап ақ бөлке нан, темірден жасалған әр түрлі керекті бұйымдар сұрап алып, "Қаражар" деген жерде тұратын Біләл деген молланың үйіне келіп түседі. Ал Біләл болса, жергілікті мұсылман қауымының сеніміне ие болған ықпалды дін өкілі болса керек. Жоғарыда сөз болған уағыз-қағидалардың да сол Біләл молланың ісі екенін естіп біледі. Мәшһүр-Жүсіп келе:

– Сен орыстар мен қазақ, қауымы араласпасын деген қағиданы қайдан алдың? Ондай сөзді оқыған кітабың болса, айтшы маған, – деп дүрсе қоя береді. Оған Біләл жауап бере алмайды. Сонда Мәшһүр-Жүсіп сөзін әрі жалғастырып:

– Бар өнер – орыста. Егін егіп, астық алады. Ол – нан. Олар завод ұстайды, темір қорытып, одан неше түрлі керекті заттар жасайды. Қант-шай өндіреді. Былғары, мата, т. б. толып жатқан заттар – солардың жасаған дүниелері. Қане, соның бәрі саған керекті жоқ болса, жемеші мына ақ бөлкені! Үстіне киіп отырған үлде мен бүлдені лақтырып тастай ғой. Өлгенде сені ақ матамен емес, жүн-жұрқаға, тері-терсекке орап қоя салу керек пе? – деп шүкшиған үстіне шүкшия түседі. Әбден берекесі кеткен Біләл "астафыралла" деп күмілжумен болады. Ал

Мәшһүр-Жүсіп болса сол жиынға қатысып отырған адамдарға (жұма намазына жиналған адамдар болса керек):

– Көмектесіңдер орыс көршілеріне, құнарлы жер беріп, егін ектіріңдер. Өздерін де үйреніңдер. Ол үшін балаларыңды апарып қосыңдар, олардың жанына. Әрі тіл үйренеді, әрі өнер үйренеді. Ескінің баласы тозады, жаңаның баласы озады. "Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала" деген. Міне, жәрмеңке дәл қастарыңда тұр. Көлік беріндер жалға, – деп, т. б. өсиет сөздерін айтып, аттанып кеткен әлгі ауылдан.

Қазақстанның барлық қалаларын 17 қазандағы манифестке арналған саяси шерулер, митингілер мен жиналыстар толқыны жайлады. Перовскідегі, Оралдағы, Қарқаралыдағы, Павлодардағы және басқалардағы манифестациялар неғұрлым ірі болды. Оларды орыстар арасынан да, қазақтар арасынан да шыққан жергілікті зиялылар ұйымдастырды. Бұл күндері Оралда Б. Қаратаев пен Ж. Сейдалиев, Қарқаралыда А. Байтұрсынов және Ж. Ақбаев, т. б. ерекше белсенділік көрсетті.

6 Мәшһүр Жүсіп және Иманғали Мәнәулы тағылымы

(Ә. Қ. Пазылов Мәшһүр-Жүсіп мұражайының ғылыми қызметкері Баянауыл ауданы)

Мәнәнов Иманғали ақсақал – жүрегі жайсаң, нар тұлға. Берекелі, беделді және инабатты Иманғали ақсақалдың өмірден озғанына биыл 16 жыл толды. Бірақ Именің туралы ел жадында сақталған әңгімелер көп те, оның тікелей ғұмырнамасына байланысты деректер мардымсыз.

И. Мәнәнов 1903 жылы жоғарғы Қызылшілікте дүниеге келген (Қазіргі Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылы). Жас кезінен алғыр, зейінді болса керек. Шамамен 1917 жылы Мәшһүр-Жүсіп Мәнәновтар отбасына ат басын тіреп, қонақ болып кетеді. Сонда Иманғалидің әкесі:

– Баламды сіздің қарамағыңызға берсем деп едім, – дегенде, Мәшһүр-Жүсіп:

– Жүзі жылы, көңілі ашық екен, шәкірт болуға әбден жарайды, – деп жауап береді.

Сол күннен бастап Иманғали Мәшһүр-Жүсіптің шәкірті әрі ат қосшысы болады. Баянауыл ауданына қарасты «Жаяу Мұса» ауылының сыртындағы «Айдос» деген жерде, кейін «Жаңажол» ауылына қарасты «Ескелді» деген жерде Иманғали ұстазынан дәріс алып, ертелі-кеш бірге болады. Сондықтан да Иманғали зерек әрі қабілетті шәкірт болып жетілді.

Иманғали Мәненұлы артынан Мәшһүр-Жүсіп төңірегінде мол естеліктер мен аңыз-әңгімелер қалдырды. Өрнектеп, өріп өрбіте отырып Мәшһүр-Жүсіп мұрасын шеберлікпен көшіріп, ой-тереңімен, ақыл-кемелімен жеткізеді.

1930 жылдардан бастап Баянауыл ауданына қарасты «Мұрынтал», Қарағанды облысына қарасты «Бұқар жырау», т. б. елді мекендерде Иманғали Мәненұлы ұзақ жылдар мұғалімдік қызмет атқарады. Сонымен бірге 1941–1946 жылдар аралығында Ұлы отан соғысына қатысады. Кеңес Үкіметі тарапынан қысым көрген Иманғали 1947 жылдан 1971 жылға дейін Қарағанды облысына барып, кейін Омбыда болып қайтқаны мәлім. Кеңес үкіметінің қиямет жылдарында шындық, дін, ұлт тақырыптары жабық күйінде қалып, еліміздің еңсесі көтерілмей тұрған кез болатын. Ескіше хат таныған, арапша еркін жазған және құран оқып Мәшһүр-Жүсіптің діни еңбектерін уағыздаған Иманғалиді партия жиналыстарында талқылап, аудан мен ауылдық әкімшілік ескертулер мен сұраулардың көбеюі, оның тасалауына мәжбүрлейді.

Иманғали туралы естеліктер жинау барысында 2003 жылы Жаңажол – Екібастұз – Павлодар, 2004 жылы Баянауыл – Торайғыр – Майқайың бағыттарына экспедицияға шығып, арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Торайғыр аулының тұрғындары жерлестерінің өмірі мен тыныс-тіршілігіне байланысты әңгімелерін баяндап, Икекеннің Мәшһүр-Жүсіп еңбектерін жазуы, жинақтауы, уағыздауы мен шәкірт тәрбиелеуі әр қайсысы өз алдарына жеке төбе екенін аңғартқандай болды. Иманғалидің балаларының қолынан, әзірше ешқайда жарық көрмеген әкелерінің фотосуретін алған болатынмын. Ол фотосурет Е. Қасен, Е. Кейкі дайындаған «Көне көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы» кітабында алғаш жарық көрген болатын. Бүгінгі күні ол фотосурет Мақсат Алпысбесұлының қолында. Бізде тек көшірмесі ғана қалды. Осы сапарымызда Иманғалидің көршілерімен танысып, көзімен көрген үзеңгілес жандардың әңгімелерін тындап қайттық. Иманғалимен 30 жылдан аса көрші болған Әмірханов Мұратхан 1937 жылы туған. Руы-Уақ, зейнеткер: «Икекенмен кездесіп, әңгімелесуге асығатынбыз. Себебі жүздескен Мәшһүр ата туралы әңгімелерді көп айтатын. Ол әңгімені айтып қана қоймай Мәшһүр атаның жырларын жатқа оқып беретін», – деп сыр шерткен еді.

Иманғалидің өміріндегі асыл қазынасы – Мәшһүр-Жүсіп мұралары болса, дәулеті 3 ұлы мен 2 қызы болды. Ал мақсат-мүддесі – халқының игілігіне, асыл мұраларға қалтықсыз қызмет

ету. Иманғалидің бәйбішесінің Қапия Аманбекқызы болатын. Ол өте қарапайым, әдемі, көпшіл жан еді. Руы – Малғозы.

Мәшһүр-Жүсіптің көп томдық шығармалар жинағының I-томында: «...Фазыл мен Жолмұратқа қарағанда Иманғалидің арабша жазу үлгісі біршама қиындау екенін, әрі онда жекелеген өшкен, көмескі тартқан жолдар да жиі ұшырасатынын, сондай-ақ тікелей қолжазбадан емес, ауысша айтқандардан қағазға түсіруге негізделгендіктен де, шығармада біраз сөздердің түсіп қалуы, орын ауысуы т.б. мүмкін ...», – деп ескертілгенімен де Мәшһүр-Жүсіптің 13 томдық шығармалар жинағына енгізілген еңбектердің көпшілігі Мұхаммед Шарафиден, Мұхаммед Әмен, Мұхамед Фазыл және шәкірттері болған Иманғали Мәненұлы, Қасенғали Жүсіпұлы т. б. жандардың көшірмелері негізінде салыстырылып, толықтырылып беріліп отырғаны мәлім.

1993 жылы көз жұмған Иманғали Мәненұлының ізбасарлары бүгінде ел арасында. Олар Баянауылдық Төлепберген Алдабергенов (1932 жылы туған. Руы-Қозған) ақсақал мен Алтынбек Құрманов. 1987 жылы Иманғали Мәненұлымен кездесіп, кейін шәкірті болған Төлепберген ақсақал, ұрпағына айтары көп ұлағатты жан. Ол «... Иманғали әңгіме айтқанда кейіпкерлерінің ата-тегін, аттарын, туыстарын бірге айтып, жан-жақты қамтып отыратын. Мен Мәшһүр-Жүсіптің діни дастандарын алып, аударып апарып беретінмін», – деп ұстазының азаматтық бейнесін аша түскендей. Тереңнен тарта сөйлеген Төлепберген ақсақал жан тәнімен беріле Иманғалидің әр ісін сүйінішпен есіне алып, тебіреңе толғайды.

Ал Иманғалидің аталас туысы Құрманұлы Жұмат 1939 жылы туған. Баянауылдың Жамбақы тауларында орналасқан «Қоңыр әулие» тас үңгірінің шырақшысы ақсақал: «Иманғали атамыз Мәшһүр-Жүсіптің еңбектерін және ел аузынан естіген әңгімелері айтқанда, ауыл болып тындайтынбыз. Жарықтық әңгіме айтпас бұрын «Малдарынды жайлап, жұмыстарынды ыңғайлап алыңдар», – деп ескертіп отыратын. Біздің қазіргі айтып жүргеніміз соның жұрнағы ғана ғой...», – деп, Ескелдіде Мәшһүр-Жүсіп кесенесінде уағыз айтып, баршамызды тамсандырған болатын. Ал Жұмат ақсақалдың ұлы Алтынбек Құрманов: «...жаратылысынан адам баласына дауыс көтеріп сөйлемеген, ғайбат сөйлемейтін, мінезі біртоға адам болатын», – деп ерекше тебіреңе отырып баяндап берген еді.

Иманғалимен бірге Мәшһүр-Жүсіптің қасында Ақыш Мақашұлы Туған жылы мен қайтқан жылы белгісіз. Қотыр Қызылтауда жерленген. Руы – Мамыт деген шәкірті болған. Ол Иманғалидан біршама үлкен болса керек. Иманғали Қарағанды облысына бой тасалап кеткенде

Мәшһүр-Жүсіптің қолжазбалары осы Ақыштың қолында қалған болатын. Жұмат ақсақалдың айтуына қарағанда, шамамен 1969–1970 жылдар аралығында Ақыш Мәшһүр-Жүсіптің қолжазбалары сақталған бір әбдірені толығымен Иманғалиға қайтарып береді. Дегенмен де Кеңес үкіметінің қамшысынан сақтанған Иманғали сандықты «Семізбұғыдағы» Бағай деген адамның үйіне апарып, кейін өзі алып, Төлепберген Алдабергеновті шәкірт қылады. Көңіле түскен Иманғали Төлепбергенді мактап, Мәшһүр-Жүсіп мұраларын соған ғана сеніп тапсыратынын жеткізеді. Иманғалидің қабіріне түскен Жұмат ақсақал: «Мәшһүр-Жүсіп мұралары Иманғали болмаса бүгінгі ұрпаққа жетпес еді. Бұл арада Төлепбергеннің де еңбегін айта кеткен жөн болар. Ол мені де намазға үйреткен», – деп сөзін тәмәмдаған еді.

Иманғали Мәненұлының жазбаларын ұлт санасымен жаңғырған, Мәшһүр-Жүсіптің қаламынан шыққан туындылар деп қабылдап, имандылық пен ақиқатың мұрасы, ұлттық рухымыздың биігі деп санаған дұрыс. Иманғали Мәненұлы ерте есейіп, дүниетанымы мен қоғамдық ой пікірлері, көзқарасы Мәшһүр-Жүсіптің қасында жүргеннен бастап қалыптаса бастағаны ақиқат. Иманғалидің білімдарлығы мен әнімешілдігі жұртшылыққа кеңінен танылған. Мәшһүр-Жүсіптің шәкірті болған ол екі ғасырдың және тарих пен болашақтың арасын жалғастырушы болды. Иманғалиға Мәшһүр-Жүсіптің жыр-дастандары мен өмірі қатты әсер еткенінін, шәкірттің ұстазының жолымен жүруінен аңғарамыз. Мәшһүр-Жүсіптің өмірбаяны мен еңбектері төңірегінде зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен де, ақынның шәкірттері туралы мәселенің ақсап тұрғаны мәлім. Осы тұрғыдан алғанда бұл мақала күрделі әрі алғашқы болмақ. Бұл болашақтағы күрделі зерттеулерге жол ашатын игі қадамдар. Иманғали тек өз заманының тұлғасы ғана емес, ол бүгінгіміз мен болашағымыздың көкжиегі болмақ.

7 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы туралы

(А. А. Қайырбекова С. Торайғыров ат. ПМУ Е. Бекмаханов ат. ФПО ғылыми қызметкері)

Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1858–1931) – қазақ әдебиетінің ірі өкілі, халық ауыз әдебиетін жинаушы. Бұқар жырау шығармаларын бүгінгі ұрпақтарға бірден-бір жеткізуші, этнограф, тарихшы-шежіреші.

«Дала уалаятының газеті» – 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде

шығып тұрған ресми газет. Оның жарыққа шығуы 1882 жылы құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген, Дала генерал-губернаторлығының құрылуымен байланысты болды. Газеттің басты мақсаты жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру болған. Қазақшасының редакторлары – Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин. Газеттің бейресми бөлімінде Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов туралы деректер басылған. А. Құнанбаев, М-Ж. Көпеев, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов, А. Құрманбаев, О. Әлжанов, С. Шорманов, М. Жанайдаров, Қ. Жапанов, Б. Сыртанов, Ж. Ақбаев, Ж. Айманов, Ә. Айтбакин, т. б. өткен ғасыр соңындағы қазақ өмірін терең білетін адамдардың шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрған. Оларда бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірі бейнеленіп, әлеуметтік жағдайы, экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі, т. б. туралы мол мәліметтер берілген. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Нәрік батыр», «Еңлік – Кебек», «Бозжігіт»), Алдаркөсе, Жиренше шешен, Қожанасыр аңыздары, Шығыс сюжеттері («Мың бір түн», «Шаһнаме», «Фархат – Шырын»), мақал-мәтелдер, жұмбақтар, орыстың белгілі ақын, жазушыларының кейбір шығармаларынан аудармалар жарияланған. «Дала уалаяты» газеті аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейіннен жексенбі сайын шығып тұрған. Таралымының аздығына қарамастан, газет Қазақстанның қазіргі территориясына түгел дерлік тараған. «Дала уалаятының» түпнұсқадан түсірген фото-көшірмелері Қазақстанның Орталық ғылыми кітапханасының сирек кітаптар бөлімінде сақтаулы. Сол фотокөшірмелер негізінде Ү. Субханбердинаның құрастыруымен «Дала уалаятының» материалдар жинағы 150 баспа табақтан тұратын 4 кітап болып басылып шықты. 1989–92 жылдары шыққан алғашқы үш кітапта кезінде газет бетінде жарияланған әдеби нұсқалар жинағы: ертегілер, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, әдеби аудармалар, өсиет сөздер, көркем шығармалар, т. б. хронологиялық ретімен басылса, 1994 жылы шыққан төртінші кітапқа газет бетінде әр жылдары басылған адам, қоғам, табиғат туралы мақалалар жиналып басылған. Мәшһүр Жүсіп ел аузынан жинаған сөздерін 1880–1895 жылдары «Дала уалаятына» жіберіп тұрады. Сонымен бірге басқа мәселелер жайында да мақалалар жазып тұрған. «Дала уалаяты» кітаптарының алғашқы томында Мәшһүр Жүсіптің 1888–1894 жылдардағы тұңғыш қазақ газеті – «Дала уалаяты» беттеріндегі материалдары қамтылған. Газеттің жарыққа шыққан уақытының өзінде-ақ Мәшһүр туралы екі мақала жарық көрген. Атап айтсақ, олар

Толыбайұлы Мұхаметқали, 1890 жылы жазса, екіншісі 1892 жылы Мәтен Ботбаевтың өлең түрінде берілген ақын туралы пікірін айтуға болады. Ақынның жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік, халық мұрасын қастерлеушілік еңбегін бағалаған.

Қазақтың тарихшы, этнографы Әлкей Марғұланның ақын жайлы біраз деректері өмірінен мағлұматтар береді: «Мәшһүр жігіт болған күннен Жаһанкез, Саяқ аталып, ел аралап, жер-суды тануды өзіне мақсат көрген. «Үш жүздің баласында бармаған жерім жоқ», – дейді.

1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесе әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері жағынан көп мағлұмат алады. Тарих оқу туралы Әбілғазы Баһадүрдың «Шежіресі өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жердегі ақын-жыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін жазып алып отырады. Атақты ақын Қоңырат Майлықожамен кездесіп, тарих жайында пікір алысады.

Мәшһүрдің жазып қалдырған әдебиет мұралары өте бай, бұл жағынан ең күрделі ақынның бірі деуге болады. Мәшһүр Жүсіп көбінесе ел тұрмысын жырлайтын, кедей табының мұңын жоқтаған, демократтық-бұқара ақыны болады. Мәшһүрдің қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады», – деп келтіреді.

Бұл қазақ әдебиетіндегі және тарихындағы ірі тұлғаларды атап-санамаламағандағы есімдерді көрсету мақала мақсаты еді.

Сондай-ақ, ақын жөнінде пікір білдірген мына есімдердің өте көптігін және олардың кімдер екені көпшілікке таныс болғандығын ескере отырып, келесі біз атаған ғалымдарды теріп жаздық, себебі, ізденіс кезінде кішігірім мәліметтің өзі басқа бір табысқа жетелеп, көп көмегін тигізеді анық.

Дүйсенбаев Ысқақ Тәкімұлы – ғалым, филология ғылымының докторы, ол ақын шығармашылығына көп көңіл бөлген, әсіресе оның жинаған фольклор үлгілеріне ерекше назар аударған. Зерттеуші Ы. Дүйсенбаев Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» еңбегіне сәтті талдау жасаған.

Мұқанов Сәбит Мұқанұлы – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА академигі болды. С. Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974) деген жарық көрген еңбегі қазақ халқының мәдениеті, өнері, тілі, материалдық тұрмысы, көрші халықтармен қарым-қатынасы т. б. жайындағы еңбегі көп жылдық зерттеу жұмысының нәтижесі. Осы еңбегінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің

қазақ шежіресіне қосқан үлесі жайлы сөз етеді: «Мәшһүр шежіресінің өзге шежірелерден бір өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың өз тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп жазған шежіре оқуға өте қызықты. Мәшһүр «Орта жүздің аталары алты кожа» дей тұра, неге олай аталуын мына төмендегідей баяндайды: «қазақтың бір баласы Жан Арыстың үйіне мейман болып тәшкенттік алты кожа келе қалады. Олардың «әдейі іздеп келдік» дегеніне Жан Арыс қуанып, зор құрмет көрсетеді. Соған риза болған қожалар «алты ұлың болсын» деп бата береді де, артынан алты ұлын көрген Жан Арыс бәріне де: «Қара, Ақтамберді, Дара, Момын, Ысмайыл, Қосым» деп ат қояды, бертін келе Қарадан – Арғын, Ақтамбердіден – Қыпшақ, Дарадан – Қоңырат, Момыннан – Найман, Ысмайылдан – Керей, Қосымнан – Уақ туады» деп баяндайды» – деп ақын еңбегінің қазақ шежіресін термелегендегі ерекшелігін атап көрсетеді.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы – Қазақстан ҒА-ның академигі, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы болған.

1931 жылдың желтоқсан айының аяғында Ғ. Мүсірепов бас редактор ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларын алуға Ескелдіге Дихан Әбілеві тапсырмалап іс-сапарға жібереді. Осыдан кейін екі қолжазба яғни, ақын туралы алғашқы мәлімет Қазақстан Республикасының Орталық кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорына келіп түскен. Мұны тікелей Ғ. Мүсіреповтің еңбегі, көрегендігі десек болады.

Қорытынды

Ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қолжазбалары, жиналған мұралары 30 томға жуық болады. Осынша мол мұраны игеру мақсатында Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы құрылды. Орталықта Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы туралы 20 бума көлемінде түрлі деректер, жадығаттар жинақталған. Осы әр жылдары шыққан материалдардың ішінен А. Қ. Тұрышевтің, Ә. Қ. Пазыловтың, А. А. Қайырбекованың мақалаларын іріктеп «Мәшһүр тағылымы» 4-томын баспаға ұсынып отырмыз. Бұл материалдарда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі, шығармашылығы, патша өкіметі кезіндегі және кеңестер дәуіріндегі қилы өмір кезеңі сөз болады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858 жылы ережеп айында дүниеге келген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы пен Шәкәрім Құдайбердіұлы туған жылдары мен өмірден озған жылдары бір, құрдас адамдар. Мәшһүр – Жүсіп Абайдан үйреніп, тағылым алып, кеңестер ақындарымен шығармашылығын аяқтаған адам. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің шығармаларында Абай Құнанбаевты ерекше атап оның өскен ортасын, ата тегі туралы жақсы пікірде болған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жарыққа шыққан 11-томында ислам мәдениеті (шығыс мәдениеті), орыс мәдениеті, еуропа мәдениеті кеңінен сөз болады.

М-Ж. Көпейұлы Ш. Уәлиханов, Ә. Диваевтан кейінгі ауыз әдебиетін жинаған фольклорист деп білеміз. М-Ж. Көпейұлы Рашиддинді, Әбілғазыны оқып, өзінің мол еңбегінде пайдалана білген. Сол секілді Пушкин, Лермонтов, Белинский туралы жазғандары да кездеседі. Міне, осы орайда жиналған мәліметтерден М-Ж. Көпейұлы білгір, ғұлама дана адам болғанына көзіміз әбден жете түседі. «Мәшһүр тағылымы» кітабында аты айтып тұрғандай Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығын зерттеудегі бастама ретінде қабылдаймыз. Өйткені, бұған дейін Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қадау-қадау әр жерде, әр жылы жарияланған материалдар жинақталып берілген жоқ. Сондықтан да осы олқылықты толтыру мақсатында қолдарыңыздағы жинақты шығарып отырмыз. Демек, «Мәшһүр тағылымы» өзінің заңды жалғасын бұдан кейінде таба береді деген сөз.

«Мәшһүр тағылымы» мәшһүртанушыларға, бакалаврлар мен магистранттарға, өзінің ұлттық мәдени мұрасына деген қызығушылық танытқан студенттерге және қалың оқырманға қажетті құнды еңбек болады деп есептейміз. Сарғайған деректер мен парақтарды ақтарған сайын, М-Ж. Көпейұлының әулие дана бейнесі жылдар өткен сайын сомдалып, анандайдан мен мұндалап айқындала түсетіні кімге болса

да түсінікті жайт. Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық лабораториясы осы мәліметтер негізінде ашыла түскеніне көзіміз жетті.

Қорыта айтқанда, Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүр тағылымы» жинағында «Дала уәлаяты» газетінде, «Айқап» журналында жарияланған алғашқы шығармалары енген жоқ. Оның да өзіндік себебі бар. Біз тек М-Ж. Көпейұлы туралы жазған, айтқан мәліметтерді осы томға жариялауға мақсат еттік.

Сол секілді кейбір материалдарда М-Ж. Көпейұлына қатысты жанама деректер, орта айтылып келеді де бір-екі жерінде Мәшһүр-Жүсіп туралы ғана айтылып өтеді. Біз мұндай материалдарды енгізген жоқпыз. Болашақта осы материалдардан ақын жөніндегі жеке мәліметті алып, бір жүйеге салып үзінді ретінде жинақтап берсек деген ойдамыз.

Сонымен, құрметті оқырман! Қолдарыңыздағы «Мәшһүр тағылымы» мәшһүртану бағытындағы тағы бір жаңа белестің басталғанын білдірсе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – 581 б.
2. Мұқанов. С. Халық мұрасы. – Алматы : Қазақстан, 1974. – 22 б.
3. Программа. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (Октябрь алдындағы дәуір) – Алматы : 1968. – 10 б.
4. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушысы. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1958. – 57 б.
5. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы : Мектеп, 1976. – 63 б.
6. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 248 б.
7. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 249 б.
8. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. – 293 б.
9. «Семей таңы» газеті. (Бұрынғы Семей облысы) № 239 (16139) – 1989.
10. «Жұлдыз» журналы. № 3. 1984. – 174 б.
11. Қалижан У. Мәшһүр Жүсіп. – Алматы : Атамұра 1998. – 3 б.
12. Сүтжанов. С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар : 2001. – 9 б.
13. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990. – 4 б.

14. Көпеев С. Ш. «Мәшһүр Жүсіп өмірі» – Павлодар : Эко – 2000. – 132 б.
15. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990. – 109, 114, 145, 158 б.
16. Көпеев С. Мәшһүрдің атақоныс таңдауы. // «Сарыарқа самалы» газеті, Павлодар облысы. 1994. – № 42 (12232). – 16 сәуір.
17. С. Дәуітов. Алғы сөзі. // «Қазақ әдебиеті» газеті. 1988. – № 40 (2062). – 30 қыркүйек.
18. Көпеев С. Ш. Мәшһүр-Жүсіп өмірі. – Павлодар : Эко – 2000. – 10 б.
19. С. Көпеев Көпей зираты қамқорлыққа алынса. // «Сарыарқа самалы». – 1994. – № 33 (12223). – 26 наурыз.
20. Жүсіпов Н. Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. Павлодар : Кереку – 1999. – 14 б.
21. Көпеев С. Төлөубайдың айтқанынан жазып алған. // «Сарыарқа самалы» газеті. – 1994. – № 33 (12223). – 26 наурыз.
22. Жүсіпов. Н. Қ. Мәшһүр-Жүсіп және фольклор. – Павлодар : Кереку – 1999. – 14-15 б.
23. Қазақ ССР тарихы. Алматы : Қазақ мемлекет баспасы. – 1957. – 529 б.
24. Аққұлұлы С., Қамзабекұлы Д. I Мемлекеттік дума және оған мүше болған қазақтар. // «Ана тілі». – 4 ақпан.
25. «Жұлдыз» журналы. – 1992. – 118, 119, 123 б.
26. «Отарқа» газеті. Екібастұз қалалық-қоғамдық саяси апталығы. – 1998. – № 31 (3286), № 32 (3287). 31 шілде. – 7 б.
27. «Ана тілі» газеті. – 2000. – № 11 (506) – 18 мамыр.
28. Әмен Мәшһүр-Жүсіпұлы Көпеевтің туғанына 100 жыл толуына байланысты // «Жалын». – 1989. – № 1, – 108-109 б.
29. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. – Алматы : Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1990. – 251 б.
30. «Сарыарқа самалы» газеті, 1992. – № 57 (11939). – 16 мамыр.
31. Жүсіпов Қ. «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы» // «Білім және еңбек». 1984. – № 8.
32. Мәшһүр-Жүсіп қазынасынан. // «Мәдениет және тұрмыс». 1984. – № 12.
33. Жүсіп Қ., Мұхаметханов Қ. Мол мұраның иесі. // «Семей таңы». – 1989. – № 210. – 3 қараша.
34. Дихан Әбілев. «Мәшһүр Жүсіп». // «Жұлдыз». – 1992. – № 12 – 121 б.
35. С. Көпеев. «Осындай әңгіме бар». // «Сарыарқа самалы». 1992. – № 57 (11939). 16 мамыр,
36. «Әмен ақын» // «Семей таңы» – 1988. – 20 қараша.

МАЗМҰНЫ

- Алғы сөз 3
- 1 Мәшһүр-Жүсіптің ғылыми ғұмырнамасы 4
- 2 Мәшһүр Жүсіп шежіресі 41
- 3 Мәшһүр Жүсіптің әкесі хәм Көпей туралы 45
- 4 Мәшһүр Жүсіп және 1916 жылғы дүрбелең 49
- 5 Мәшһүр Жүсіп және 1905 жылғы патша манифесі 57
- 6 Мәшһүр Жүсіп және Иманғали Мәненұлы тағылымы 62
- 7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы 66
- Қорытынды 69
- Әдебиеттер 71



МЭШҲҮР - ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ



МЭШҲҮР - ЖҮСІП ТАҒЫЛЫМЫ





J. S. Berdigojina
MASHKHUR JUSUP KOPEIULY
Farewell to poetry
Selected poems

Technical editor B.V. Nurgozhina
Correctors: A.R. Omarova
Desktop publishing: A. Yelemeskyzy

Signed for print 13.08.2013.
Font Times.
Paper size 5,7×42^{1/4}. Offset paper.
Conventional printed sheets 21,5. Edition 500 copies.
Order №2090.

«Kereku» Publishing House
Pavlodar State University named after S. Toraigyrov
140008, Pavlodar, 64, Lomov street.

